

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы  
Национальная академия образования имени И. Алтынсарина



**ЕКІНШІ (Т2) ЖӘНЕ ҮШІНШІ (Т3) ТІЛДЕРДЕ  
ТІЛДІК ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ БОЙЫНША  
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ  
ПО КРИТЕРИАЛЬНОМУ ОЦЕНИВАНИЮ ЯЗЫКОВЫХ  
КОМПЕТЕНЦИЙ ПО ВТОРЫМ (Я2) И ТРЕТЬИМ (Я3) ЯЗЫКАМ**

Нұр-Сұлтан  
2020

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылған (2020 жылғы 16 қыргүйектегі, №7 хаттама)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 7 от 16 сентября 2020 года)

Екінші (Т2) және үшінші (Т3) тілдерде тілдік құзіреттілікті критериалды бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2020. – 276 б.

Методические рекомендации по критериальному оцениванию языковых компетенций по вторым (Я2) и третьим (Я3) языкам. – Нур-Султан: НАО имени И. Алтынсарина, 2020. – 276 с.

Бұл әдістемелік ұсынымдарда тілдік құзіреттілікті критериалды бағалау ұстанымдары мен тәсілдемелері, сонымен қатар білім алушылардың екінші (Т2) және үшінші (Т3) тілдер бойынша тілдік құзіреттіліктерді критериалды бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар ұсынылған.

Әдістемелік ұсынымдарда тілдік пәндер бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау бойынша қалыптастырушы және жиынтық бағалау тапсырма үлгілері, сонымен қатар қашықтан оқыту жағдайында критериалды бағалауды өткізу бойынша ұсыныстар берілген.

Әдістемелік ұсынымдар жалпы орта білім мектептері педагогтеріне, Білім басқармаларының қызметкерлері мен әдіскерлеріне арналған.

В этих методических рекомендациях представлены принципы и подходы критериального оценивания языковой компетентности, а также методические рекомендации по критериальному оцениванию языковых компетенций обучающихся по вторым (Т2) и третьим (Т3) языкам.

В методических рекомендациях даны образцы заданий формативного и суммативного оценивания, также рекомендации по проведению критериального оценивания в формате дистанционного обучения.

Методические рекомендации предназначены для учителей, замдиректоров школ, методистов и специалистов Управлений образования.

©Ы. Алтынсарин атындағы  
Ұлттық білім академиясы, 2020.  
©Национальная академия  
образования им. И. Алтынсарина, 2020

## Кіріспе

Бұл Әдістемелік ұсынымдар жалпы орта білім беретін мектептердің екінші және үшінші тілдерді, атап айтқанда қазақ тілі және орыс тілін екінші тіл ретінде және ағылшын тілін үшінші тіл ретінде оқытатын педагогтерге арналған.

Екінші тіл (Я2) - бұл: қазақ тілінде оқытпайтын сыныптарда қазақ тілі (Т2) және орыс тілінде оқытпайтын сыныптарда орыс тілі (Я2).

Үшінші тіл (Я3) – шет тілі. Қазақстан мектептерінде оларға ағылшын (Я3), неміс (Я3) және француз (Я3) тілдері жатады [1].

Әдістемелік ұсынымдарда тілдік құзыреттіліктерді критериалды бағалау ұстанымдары мен тәсілдері, қашықтықтан оқыту технологиясы туралы ақпарат, сонымен қатар қалыптастырушы бағалау, БЖБ,ТЖБ өткізу тапсырма үлгілері ұсынылған.

Әр сынып және пәндер бойынша сабақ беруде, оқыту үдерісінде критериалды бағалауды тиімді өткізуге арналған ұсыныстар аталған құжаттың үшінші және төртінші тарауларында қарастырылған.

Критериалды бағалау білім алушылардың белсенді оқу қызметін қалыптастырудың тиімді құралы болып табылады.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесіндегі критериалдық ұстаным педагогке, білім алушыларға, ата-аналарға нақты тілдік пәндер бойынша оқу үдерісі қалай жүріп жатқаны жайлы, білім алушылардың оқу материалын қандай деңгейде меңгергені және оны күнделікті өмірде, тілдік ситуацияларда қалай қолданып жатқаны туралы ақпарат береді.

Мемлекеттік міндетті жалпыға білім беру стандартында критериалды бағалауды пайдалану білім алушыларда оқу материалын саналы меңгеруді қалыптастырады, өзінің білімі мен дағдыларына, өзіне деген сенімділік береді, сонымен қатар зерттеу жүргізе білуі және болып жатқандарды бағалай алуы, талдау, жинақтау тәсілдерін қолдану арқылы оқу материалын саналы және жүелі меңгеруге жол ашады.

Критериалды бағалау - критерийлерге негізделген белгілі бір параметрді (білім, дағды, біліктілік, құзыреттілік) бағалаудың тәсілі, яғни тапсырманың орындалу барысын бақылау немесе ұсынылған нәтижені талдау арқылы анықтауға болатын осы параметрдің көрінісінің объективті көрсеткіштері.

Сабақтарда бағалау критерийлері нақты және өлшенетін болуы тиіс. Әрбір дұрыс орындалатын іс-әрекет бағалануы керек, дегенмен білім алушылар оқу үдерісінде қол жеткізе алмаған мақсаттар нәтижесі бойынша кері байланыс, өзара бағалау немесе өзін-өзі бағалау бойынша нақты өлшемдермен таныс болуы керек[2].

Критериалды бағалау жүйесін жоспарлау, өткізу барысында бағалауға арналған тапсырмаларды жан жақты қарастыру, бағалаудың тиімді құралдары мен әдіс-тәсілдерін қолдануды көрсетеді. Бағалаудың мақсат-міндеттері, нысандары, ұстанымдары, әдіс-тәсілдері мен формалары, бағалау құралдары оқыту үдерісінің барлық қатысушыларына (оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар

мен мектеп әкімшілігі) түсінікті болуы тиіс.

Қазіргі уақытта тілдік құзыреттілік толыққанды сөйлеу әрекеттерін жүзеге асыру үшін қажетті білім мен дағдылардың жиынтығы ретінде қарастырылады. Тілдік құзыреттілік сөйлемдерді құру және қабылдау, сонымен қатар тілді сөйлесу мен байланысу үшін қолданатын белгілі лингвистикалық білім жиынтығы ретінде танылды.

Заманауи әдіскерлер құзыреттілік ұғымы ретінде шет тілдеріне оқыту үдерісі барысында қалыптасатын білім, дағды мен машықтардың жиынтығын қарастырады, оларды меңгеру нәтижесінде тұлғаның өзінің дамуына қызмет етуін белгілейді. Құзыреттіліктің бұл түсінігі келесіні қоса қамтиды:

1) меңгеруге қажетті білім;

2) іс-әрекеттік әдіске сәйкес қалыптасатын дағдылар мен машықтар.

Әдістемелік ұсынымда мұғалімдерге көмек ретінде оқушылардың оқу жетістігін бағалау үшін сөйлеу әрекетінің төрт дағдысын бағалауға арналған тапсырма түрлері және қалыптастырушы бағалауды, жиынтық бағалауды жоспарлау және ұйымдастыру бойынша ұсыныстар берілген.

# 1 ТІЛДІК ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРДІҢ НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАРЫ

## 1.1. Критериалды бағалауға қатысты терминдер мен анықтамалар

Бұл әдістемелік ұсынымдамалар екінші (Т2) және үшінші (Т3) тілдерде тілдік құзіреттілікті критериалды бағалауға арналған болғандықтан, ең біріншіден, критериалды бағалауға қатысты терминдер мен олардың анықтамаларын ұсынуды жөн көрдік.

Критериалды бағалауға қатысты келесі терминдер мен олардың анықтамалары қолданылды:

**Бағалау** – білім алушылардың оқуда нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелермен әзірленген өлшемшарттар негізінде салыстыру процесі;

**Бағалау өлшемшарттары** – білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүргізуге негіз болатын белгі;

Білім алушылардың үлгерімін **ағымдық бақылау** - бұл жалпы білім беретін оқу бағдарламасына сәйкес ағымдағы сабақ барысында мұғалім жүргізетін білім алушылардың білімдерін жүйелі тексеру;

**Әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар** – оқушылардың қабілеттерін есепке алатын дифференциаланған білім беруді ұйымдастыру үшін қолданылатын әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар

**Бағалау критерийі** – білім алушының оқу жетістігінің деңгейін анықтайтын белгі немесе өлшем

**Балл қою критерийлері** – оқушының (жиынтық бағалауда) жұмысты қаншалықты дұрыс орындағанын бағалайтын тұжырым

**Дескрипторлар** – тапсырма бойынша орындаған жұмыс деңгейінің немесе сапасының сипаттамасы.

**Жиынтық бағалау** – білім алу кезеңдері мен сатылары аяқталғанда болатын бағалау, белгілі мерзім бойынша оқушының дайындық деңгейінің көрсеткіші болып табылады, бағалаудың бірыңғай критерийлерінің негізінде жүзеге асады.

**Кері байланыс** – нақты іс-әрекет жасау туралы хабарлау және түсініктеме алу үдерісі, мақсатқа қол жеткізудегі белгілі іс-әрекет пен оқиғаға дұрыс баға беру негізіндегі жауап түрі.

**Критериалды бағалау** – оқушылардың оқу жетістіктерін білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес, ұжым ішінде өңделген, оқушыға, ата-анаға және мұғалімге түсінікті, нақты анықталған критерийлерге негізделген үдеріс.

**Формативті бағалау** – сыныпта күнделікті жұмыс барысында жүргізілетін бағалау түрі, білім алушылар үлгерімінің ағымдағы көрсеткіші болып табылады, оқыту барысында білім алушылар мен мұғалім арасындағы жедел өзара байланысты, оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және білім беру процесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

**Жиынтық бағалау** – белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы), сондай-ақ оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді (ортақ тақырыптарды) оқып аяқтағаннан кейін өткізілетін бағалау түрі;

**Модерация** – бағалаудың объективтілігін және айқындығын қамтамасыз ету үшін балдарды қоюды стандарттау мақсатында тоқсандық жиынтық бағалау бойынша білім алушылардың жұмысын талқылау процесі;

**Оқытудан күтілетін нәтижелер** – оқыту процесі аяқталғанда білім алушының нені біліп, түсініп, көрсете алатынын сипаттайтын құзыреттіліктер жиынтығы;

**Мұғалім портфолиосы** - кәсіптік қызметіндегі мұғалімнің дайындық және белсенділік деңгейін, оқыту мен бағалау практикасын белгілейтін және жинақтайтын әдіс.

**Нәтижелерді тіркейтін электронды журнал** – бөлім/ортақ тақырып бойынша бағалаудың және тоқсандық жиынтық бағалаудың нәтижелері тіркеліп, тоқсандық, жылдық және қорытынды бағаны автоматты түрде санап шығаратын электронды құжат түрі.

**Оқу жетістіктерінің деңгейлері** – білім алушылардың оқу жетістіктерінің маңыздылығы, шамасы мен дамуы дәрежесі.

**Оқу мақсаты** – оқу бағдарламасына сәйкес пәннің оқыту курсы барысындағы білу, түсіну және дағды жетістігі бойынша күтілетін нәтижелерінен құралған тұжырым.

**Оқушы портфолиосы** – оқушының пәндер мен бағалаудың әр түрлері бойынша оқу жетістіктерінің жеке белгілеу, жинақтау формасы.

**Ортақ тақырып** – пәнде көрсетілген оқу мақсаттарына жету үшін әртүрлі пән салаларынан білім мен біліктіліктің біріктірілген құралы ретінде қолданылатын білім мазмұнының біркелкі құрамдас бөлігі.

**Рефлексия** – оқушылардың сабақ барысында берілген білімді қаншалықты жақсы игергені туралы қорытындылауы және ойлауы.

**Тапсырма** – оқушының құзыреттілік (пәндік, тілдік, сөйлеу) деңгейін анықтауға мүмкіндік тудыратын белгілі жағдай.

**Тест спецификациясы** – тоқсандық жиынтық бағалаудың мазмұны мен құрылымын анықтайтын құжат [3,4].

## 1.2. Тілдік құзіреттіліктің негізгі ұғымдары

Жеке тұлғаға бағытталған парадигмаға сәйкес, оқу ұйымдарында екінші және үшінші тілді оқытудың басты мақсаты – білім алушыларды жан-жақты дамыту. Осыған байланысты оқытудың нәтижесінде когнитивтік, әлеуметтік-ақпараттық, коммуникативтік, әлеуметтік негізгі құзыреттіліктердің қалыптасуы болып табылады. Қазақстандық қоғамның заманауи даму кезеңінде негізгі міндеттердің бірі көпұлтты және көпмәдениетті ортада белсенді және тиімді тіршілік әрекетін атқара білетін, басқа мәдениеттерді сыйлай әрі кең түсінігінің негізінде олармен бейбітшілік және келісімде өмір сүре алатын коммуникативті позитивті тұлғаны тәрбиелеу және қалыптастыру екені анық.

Тілдік құзіреттілік - коммуникативтік құзіреттіліктің негізгі компоненті ретінде қабылданады, себебі тілдік құзыреттіліксіз коммуникативтік құзыреттілік қалыптаса алмайды.

Тілдік құзіреттілік – білім алушылардың сөздер, олардың синтаксистік

құрылымдары мен синонимдік құралдарын әдеби тілдің нормаларына сай қолдана білу, соңында – табысты сөйлеу іс-әрекеті негізінде тіл байлығына ие болу. Аталған міндеттер дәстүрлі түрде оқу ұйымдарында жаңа лексикалық қабаттарды енгізу, фразеологиялық қорын молайту, білім алушылардың тілдерінің грамматикалық құрылымын құнарландыру арқылы шешіледі: келісімнің морфологиялық нормаларын қабылдау, сөйлемдердің түрлерін құру, тілді жаңа синонимдік құрылымдармен толықтыру.

Тілдік жүйе туралы білімді қабылдау білім алушылар үшін қарапайым мақсат қана емес. Тілдік құзыреттіліктің қалыптасуы барысында, білім алушының тұлға ретінде дамуы, оның сол үйреніп жүрген тілдің жүйесі туралы білімді қолдануы маңызды болып келеді. Яғни, лингвистикалық құзыреттіліктің шеңберіндегі оқу-тілдік дағдылар мен қабілеттерді қалыптастыру болжанады.

Шет тілдердің теориясы мен оқыту әдісінде тілдік құзыреттілікті дамыту мәселесімен, оның құрылымының талдауымен бірқатар ғылымдар айналысқан.

Лингвистердің көпшілігі келесі ортақ келісімге келді: тілдік құзыреттілік – тілдің белгілі іс-әрекеттік заңдылықтарының жүйесі. Сонымен қатар, сол заңдылықтарды қолдану дағдылары мен қабілеттерін меңгеру. Бұл дағдылар мен қабілеттерді меңгерудің басты мақсаты: жеке тұлғаның сөйлеу (ауызша, жазбаша) және ойлау белсенділігін табысты түрде іске асыру болып табылады. Тілдік құзыреттілік – осы жүйені меңгерудің нәтижесі. Білім берудегі құзыреттілік әдісінің көзқарасынан тілдік құзыреттілік – тұлғаның тілдік білім, дағды мен машықтарды қолдануға әзірлігі мен қабілеттілігі.

Тілдік құзыреттіліктің ортақ түсіндірмесі мен нақты ұғымы қалыптаспаған. Аталған термин Н. Хомскиймен XXғ. ортасында енгізген және «тілді қолдану» терминіне семантикалық қарсы ұғым ретінде қолданылған. Бұл терминдердің мағыналық айырмашылығы «сөйлеуші– тыңдаушының» тіл туралы білімімен жалпы адамның іс-әрекеті және коммуникациялық тәжірибеде тілді қолдануында қарастырылған. Н.Хомский өз зерттеуінде нақты тілдік тәжірибеден абстракцияланып, өзі «сөйлеуші–тыңдаушының» идеалды түріне екпін беретініне, яғни тілдің абстракт түрдегі тасымалдаушысына назар аударған. Нақты өмірдегі сөйлеу ерекшеліктері бар тасымалдаушыны лингвистикалық объект ретінде емес, керісінше, психологиялық, әлеуметтік, дидактикалық зерттеудің объектісі деп қарастырған.

Хомскийдің теориясы бойынша құзыретті сөйлеуші, немесе тыңдаушы сөйлемді моделдер бойынша түсініп және құрастыра алатын болуға міндетті, сонымен қатар екі сөйлемнің мағынасындағы ұқсастық пен айырмашылықты көруге тиіс. Н.Хомскийдің пікірінше тілдік құзыреттілік – бұл грамматикалық білімнің идеалдық түрі. 60-70жж. соңына қарай Н. Хомскийдің ізбасарлары «тілдік құзыреттілік» терминін «тілдік қабілеттілік» ретінде ұғынып, нақты тілді білу, тіл туралы білім, «тілдік белсенділік», яғни күнделікті жағдайдағы сөйлеу түрінде қабылдады.

Америкалық ғалым және этнолингвист Д.Хаймс, Н. Хомскийдің концепциясын «қолдану ережелері грамматикалық ережелерсіз пайдалы болмайды» деп сынайды. Д.Хаймс тілдік құзыреттілік ұғымын кеңейтіп, «коммуникативтік құзыреттілік» ұғымын енгізді. Ол бұл ұғымға қарым-қатынас

жағдаяттарды қолдану туралы білім мен тілдік дағдылардың қосындыларын сыйғыздырды.

А.В. Хуторскийдің пікірінше: құзыреттілік – ол оқытылатын тұлғаға білім алардың алдында қойылатын талап. Бұл құзыреттілік өз бойында белгілі бір шеңбердегі нәрселер мен үрдістерге қажет ететін тұлғаның бір-бірімен байланысты қасиеттерінің жиынтығы (білім, дағды, нақыштар мен іс-әрекеттік әдістері), сонымен қатар соларға бағытталған сапалы, әрі нәтижелі іс-әрекеттерді қамтиды. М.Н. Вятютневтің ойынша, тілдік құзыреттілік – шамалы мөлшердегі түйсік негізінде қабылданған ережелерді білу. Ережелерді, тілдік құрылымдарды құрудың негізіне алып, одан кейін оларды сөйлемдерге қайта құру дағдысы. Г.В. Колшанский бұл ұғымды «адамға және оның ойлауына тән адамның кезкелген тілдік жүйені бірыңғай логикалық-ойлау аппараттың негізінде қабылдау қабілеті мен жалпы материалдық әлемнің заңдылықтарын айқындауы» деп белгілейді.

Тұрақты өзгерістер, жаңа ашылымдар мен әзірлемелер, лингвистика-лық, әдістемелік, педагогикалық, ғылым салаларындағы зерттеулер шет тілдерді оқытуна әсер етеді. Оқытудың тек қана материалы емес, сонымен қоса мақсаттары мен міндеттері өзгерді. Тілдің негізгі аспектілерден (фонетика, лексика, грамматика) бар назары бірте-бірте сөйлесу негізіне, оның нәтижелеріне ауысты.

Осыған байланысты, «тілдік құзыреттілік» - деген термин кейбір өзгерістерге ұшырады. Термин лингвистикадан әлеуметтік лингвистика мен шет тілдерді оқыту әдістемесіне ауысып, қазіргі жағдайда жеке тұлғаның тілдік қабілеті түрінде түсіндіріледі.

Орыс тілін – шет тілі ретінде оқыту әдістемесі саласындағы танымал ғалым М.Н. Вятютневтің тілдік құзыреттіліктің сапалық және сандық құрамы туралы зерттеуі қызықты болып ұсынылады. Ғалымның пікірінше, оның құрамы «регистрлер» (тілдік бірліктер жиынтығы, оларды нақты жағдаяттарда қолдану ережелері) санына және адамның сөйлеу практикасындағы іс-әрекет жинағына байланысты. Ғалымның пайымдауынша, баршаға грамматика ортақ болғанымен, тілдік құзыреттілігі бірдей екі адам табылмайды.

Отандық зерттеуші А.О. Қасен, шет тілінде тілдік құзыреттіліктің қалыптасу тетігін қарастыра отырып, сөйлесу жағдаяттарды белсенді әдістерге назар аудара отырып, келесі факторларды айқындайды:

- проблемалық жағдаяттарды туғызу, яғни, проблемалық жағдаяттар негізінде білім және дағдыларды меңгеру үрдісімен басқару. Мұны жүзеге асыру үшін мақсатын анықтап, проблемалық-логикалық талдау жасап, материалдың құрылымдық зерттеуін жүргізу мен қоса танымдық міндеттерді анықтау;

- проблемалық міндеттерді шешу үшін жоғары оң мотивацияны бойына сіңіру.

Қазіргі уақытта тілдік құзыреттілік толыққанды сөйлеу әрекеттерді жүзеге асыру үшін қажетті білім мен дағдылардың жиынтығы ретінде қарастырылады. Тілдік құзыреттілік сөйлемдерді құру және қабылдау, сонымен қатар тілді сөйлесу мен байланысу үшін қолданатын белгілі лингвистикалық



білім жиынтығы ретінде танылды.

Заманауи әдіскерлер құзыреттілік ұғымы ретінде шет тілдеріне оқыту үдерісі барысында қалыптасатын білім, дағды мен машықтардың жиынтығын қарастырады, оларды меңгеру нәтижесінде тұлғаның өзінің дамуына қызмет етуін белгілейді. Құзыреттіліктің бұл түсінігі келесіні қоса қамтиды:

- 1) меңгеруге қажетті білім;
- 2) іс-әрекеттік әдіске сәйкес қалыптасатын дағдылар мен машықтар.

Заманауи лингводидактикада тілдік құзыреттілік ретінде білім алушының сөздер, оның түрлерін, синтаксистік құрылымдары тілдік нормаларға сай қолдану дағдылары мен қабілеттері, синонимдік құралдарды пайдалану болып табылады. Нәтижесінде, тіл байлығы мен табысты сөйлеу іс-әрекетін меңгеруі болып саналады.

Жоғарыда көрсетілгеннен келесі түйін жасауға болады: тілдік құзыреттілік – бұл күрделі көпқырлы ұғым. Оның негізінде әр түрлі салаларда зерттелетін тілдің нормаларына сай шеттілдік сөйлеу қызметін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін белгілі бір білім, дағды, машықтың жиынтығымен иеленуді түсіндіреді.

Егер 2001 жылғы Еуропа Кеңесінің монографиясына шолу жасасак, онда «тілдік құзыреттілік» термині сөздік бірліктерді білу және белгілі бір ережелерді игеру арқылы, сол сөздік бірліктерден анықталады.

Тілдік құзыреттілікте келесі компоненттер белгіленеді:

- лексикалық;
- грамматикалық;
- семантикалық;
- фонологиялық;
- орфографиялық;
- орфоэпиялық құзыреттер.

Лексикалық құзыреттілік ұғымында сөздің сөздік құрамы, лексикалық және грамматикалық элементтерді және сөйлеу барысында сол элементтерді қолдану қабілеті танылады. Білім алушыны белгіленген, ұйымдастырылған лексикалық бірліктермен әрекет етуге және оларды графикалық, фонетикалық түрлерін қабылдауға, басқа да лексикалық бірліктермен бірігу ережелерін меңгеруге бағыттау. Сонымен қатар, лексикалық құзыреттілік ұғымында лексикалық білім негізінде қалыптасқан дағды, машық және тұлғаның жеке тілдік, сөйлеу тәжірибесіне негізделген сөздің контексттік мағынасын анықтайтын оның екі тілдегі ұғымының көлемін салыстыра білу, сөз құрылымының мағынасын түсінумен сөздің ұлттық спецификасын ерекшелеуге бағыттай білу.

Лексикалық құзыреттілікке тән келесі машықтар:

- шет тілдік сөздің дыбыстық пішінін саналы түрде имитациялау;
- менталдық сөз қорынан арнайы сөздерді тез арада таба білу;
- сөзді когнитивті пішіннен жасанды емес тілдік түріне қайта құру;
- лексикалық және грамматикалық валенттіктің ережелерін ескере отырып, келесі сөзді болжау;
- пікірлердің туындау барысында, сөздік жұптар мен толық тақырыптық

қатарларды байланыстыру;

- лексикалық стратегиялардың түрлі аспектілерімен иелену;

- сөйлеу негізін ерекшелеу және төңірегінде лексикалық бірліктерді ұйымдастыру;

- мәтіндердегі мағыналық кезеңдерді ерекшелеу және соның төңірегінде лексикалық деңгейдегі бірліктерді ұйымдастыру;

- таныс емес сөздердің мағынасы туралы олардың құрамына қарай жорамалдау;

- жетіспейтін лексикалық бірліктердің мәселесін түрлі жолдармен шешу.

Тілдік құзыреттіліктің тағы бір маңызды құрамдаушы болып грамматикалық бөлігі саналады. Грамматикалық құзыреттілік ретінде Еуропа Кеңесінің ғалымдары «тілдің грамматикалық элементтерін білу және оларды сөйлеу барысында қолдану» деп түспалдайды.

Грамматикалық құзыреттілік өз бойында түсініп, белгілі мағынаны білдіру қабілетін қамтып, белгілі тілдің ережелерімен құрылған (жаттанған үлгілерді механикалық түрде шығарудан айырмашылығы) сөйлемдер мен фразалар түрінде рәсімдей отыра білдіреді. Грамматикалық құзыреттіліктің түсінігі оның құрамында келесі компоненттердің болуын талап етеді:

- а) лексикалық бірліктерді мағынасы бар сөйлеу пікірлерге түрлендіру ететін грамматикалық ережелерді білу;

- б) грамматикалық құралдармен қолдану дағдылары мен машықтар шет тілді сөйлеу қызметін коммуникативті міндеттерді қарым-қатынас жағдаяттарында адекватті түрде қолдану арқылы, коммуникативті міндеттерді орындайды;

- в) белгілі бір тілдің ережелеріне сай құрастырылған нақты бір мағынаны білдіретін, ауызша және жазбаша түрлерінде рәсімделген сөйлеу құрылымдарды түсінуге даярлық пен қабілетін көрсетеді.

Шет тіліндегі білім алушының грамматикалық қабілетін қалыптастыру мақсатында, оқылатын тілдің морфологиясы мен синтаксисін меңгеруі қарастырылады.

Морфология сөздің ішкі ұйымдастырылуын, сөздің түрлі пішінін құру әдістерін, сонымен қатар, морфемалардың фонетикалық негізделген нұсқалары мен морфологиялық негізделген фонетикалық нұсқаларды зерттейді. Синтаксис, өз кезегінде, сөйлемдегі сөздердің тұру тәртібімен үйлесімдігін (категориялар, элементтер, кластар, құрылымдар, үрдістер, байланыс түрлері деңгейлерінде ережелер күйінде жиі ұсынылады) қарастырады. Еуропа Кеңесі ғалымдарының анықтамасы бойынша, білімалушылардың семантикалық құзыреттілігі сөздерді түрлі мағынада ықтималды тәсілдерімен білдіруде және сол тәсілдерді қарым-қатынас үрдісінде қолдана білуде, яғни сөздің лексикалық, грамматикалық және прагматикалық семантикасын қабылдауы болып табылады.

Тілдік құбылыстардың мағынасын ұғынбастан шет тілдік коммуникативтік қабілеттерді қалыптастыру мүмкін емес. Семантикалық құзыреттілік тіл мен ойлау қабілетінің бірлігін көрсетеді. Бұл түп негізінде, өрнектеу құралдары қарапайым дыбысталудан бастап ең жұқа синтаксистік

және басқа түрлерімен аяқтай отырып, тиісті ұғымдардан мүлдем бөлінбейтінін байқалады: егер сөздерді мағынасынан айырса, ол одан бұлай сөз болмайды.

Шет тілдерге үйретуде негізгі талаптардың бірі болып әр түрлі деңгейдегі тілдік құралдардың көмегімен сөйлемнің мағыналық компонентін жеткізудің ықтималдық әдістерін өзектендіру болып табылады. Тілге үйретудің мақсаты болып кезкелген тілде табысты түрде қарым-қатынас құру болғандықтан, тіл негізінен ой білдіру және ақпарат жеткізу құралы ретінде, оның формалды құрылымының кезкелген аспекті, семантикалық мотивациялық түсі болады. Сонымен, семантикалық құзыреттіліктің қалыптасуы түрлі тілдік құралдар көмегімен мағынасын жеткізу дағдысын қалыптастыруға бағытталған. Бұл өз тарапынан коммуникациялық әсерін қамтиды, және сонымен қатар қарым-қатынастың нәтижелілігін жоғарлатады.

Фонологиялық, орфографиялық, орфоэпиялық құзыреттіліктер жоғарыда қарастырылған құзыреттіліктермен қатар дамиды және сөйлеу әрекетінде оның ауызша, жазбаша түрлерінде жүзеге асырылады.

Фонологиялық құзыреттілік ұғымында шет тілді қабылдау және сол тілде сөйлеуді білдіреді. Білімалушының ана тілі мен шет тілінің, фонологиялық және фонетикалық жүйелерінің сәйкестігі туралы білімімен соған сай практикалық машықтары болады.

Фонологиялық құзыреттілікке келесілер қоса кіреді:

- тілдің дыбыстық бірлігі (фонемалар) олардың басқа нұсқалары (аллофондар);
- фонемалардың артикуляциялық-дыбыстық сипаттамалары (мысалы, ұяңдығы, лабиализациясы, назализациясы т.б.);
- сөздің фонетикалық ұйымдасуы (буындық құрылымы, фонемалардың бірізділігі, сөздік, тондық екпіні);
- просодика;
- екпін мен ырғақ;
- интонация;
- фонетикалық редукция;
- дыбыстылардың редукциясы;
- әлді, әлсіз түрлері;
- ассимиляция;
- соңғы дыбыстылардың түсіп қалуы.

Орфографиялық құзыреттілік жазбаша мәтінді құрастыруда әріптік символдарды білу, жазу барысында бұл символдарды тану және көрсету қабілетін білдіреді. Бұл құзыреттілік жазбаша мәтінде жалпы қолданатын шартты белгілері, тыныс белгілері мен ережелерін білуді талап етеді. Білімалушылар алфавиттік жүйелерде келесіні білу тиіс:

- әріптер пішінін (бас – кіші әрі, баспа – жазба әріптердің);
- жалпыға бірдей қолданыстағы тіркеулер мен сөздердің жазылуын;
- тыныс белгілері мен ережелерін;
- шрифт түрлері мен жалпыға бірдей шарт белгілерін т.б.;
- жалпытаным символдарын.

Жазба мәтін құрастыруға қажет коммуникативті дағдылар, сөйлеу

машықтар, тиісті білім жиынтығын меңгеру арқылы, білімалушының жазба тілін қалыптастыру үрдісі жүзеге асырылады, қарым-қатынастың құралы болып табылады.

Білім алушының ойларды байланысқан түрінде білдіру үшін жазуды үйрету, графика, орфография, сөйлем құрастыру, тыныс белгілерін және сөйлеу интенцияларын меңгеруді жоралмайды. Сол себептен, жазба шет тілді үйрету кешенді түрде, орфографиялық, лексикалық грамматикалық және стилистикалық нормаларына сай болуын ескере; жалпы және коммуникативтік (лингвистикалық, әлеумет-мәдениеттік, прагматикалық) құзыреттілікті дамыту арқылы, жүзеге асырылады.

Тілге үйретудің басты мақсаты қарым-қатынас құру үрдісі болғандықтан, білім алушыларда орфоэпиялық құзыреттілікті қалыптастыру үшін қажетті жағдай болып табылады. Бұл субқұзыреттілік сөздерді дұрыс айтуды, оның графикалық түріне қарай оқуды, оқытылған тілдің орфоэпиялық нормаларын білуді талап етеді.

Орфоэпиялық норма – бұл нормативтік әдеби айтылудың ережелер жиынтығы. Орфоэпиялық құзыреттіліктің ұғымына келесілер қосылған:

- жазу ережесін білу;
- дәстүрлі түрде пайдаланатын транскрипция жүйелері мен сөздікті қолдана білу;
- мәтінді интонациялық рәсімделуі мен мүшеленуді тыныс белгілерімен салыстыра білу;
- контекст бойынша сөздің мағынасын білу, немесе грамматикалық полисемия деп аталатын омонимия жағдайларындағы синтаксистік құрылымдарды анықтай білу т.б.

Орфоэпия, орфография және фонетикамен тығыз байланысты, себебі дыбыстар, олардың дұрыс айтылуы, жазылуын білместен орфоэпиялық дағдыларды, машықтарды меңгеруі оңайға түспейді.

«Тілдік құзыреттілік» термині енгізілген сәттен бері бірнеше мәрте өзгеріске ұшырады. Бүгінгі күнге дейін бұл терминнің ортақ түсінігі жоқ. Нақтырақ айтсақ, ғалымдар берген «тілдік құзыреттіліктің» түсіндірмесін қарасақ, тілдік құзыреттілік коммуникативтік құзыреттіліктің бір бөлігі екені айқындалады және түрлі атауларына; лингвистикалық, тілдік немесе грамматикалық құзырет деп танылады. Тілдік құзыреттіліктің құрылымдық талдау зерттеушілердің жұмыстарының негізгі компоненттері болып тілдің лексикалық, фонетикалық, грамматикалық құбылыстарды тани білуімен қатар, сол алған білімдерді қолдану білу.

Жоғарыда көрсетілгенді қорытындай келе, тілдерге үйрету әдістемелерінде тілдік құзыреттіліктің құрылымдық концепциясының саны көп, компоненттік құрамының көптүрлілігімен белгіленетінін айтарлық. Алайда тілдік құзыреттіліктің жалпы және негізгі компоненттері деп фонетикалық, лексикалық, грамматикалық субқұзыреттіліктерді санау керек. Шет тілдерге үйретудің әр кезеңінде білім алушыда бұл құзыреттіліктерді үнемі және саналы түрде қалыптастыру қажет.

Негізгі орта мектептің білім алушының нәтижеге бағытталған үздіксіз

білім алу контексінде базалық құзыреттіліктерінің құрамына иеленуге міндетті күйінде қосылған. Тіл – оқыту пәні, жалпы тілдік даярлық білім мазмұнындағы алты толассыз компоненттері: ақыл-ойлық, әдептік, эстетикалық, коммуникациялық, еңбектік және физикалықпен жұмыс жасау зор маңызды болып табылады.

«Тілдік құзіреттілік» терминін талдау негізінде бүгінгі оқу және оқыту әдісінде келесі анықтама беруге болады: қарым-қатынас жүзеге асырылып жатқан тілдің нормалары мен ережелеріне сай қарым-қатынас құруға мүмкіндік беретін сол тіл туралы білім жиынтығы.

Тілдік құзіреттіліктің жалпы және негізгі компоненттері ретінде фонетикалық, лексикалық және грамматикалық субқұзыреттіліктерді санаған жөн. Білімалушының бойында екінші немесе үшінші тілдің барлық оқыту кезеңдерінде мақсатты түрде қалыптастыру қажет.

Әр тілдің мәдени, тарихи, әлеуметтік құндылықтарымен байланысты тілдерге үйрету, халықтар арасындағы өзара түсініспеншілікті орнатуға қызмет етуге тиіс. Тілдік құзыреттіліктің қалыптасуы жалпы өз мәдениетінің құнарландыруында құндылық болады.

«Тілдік құзіреттілік» термині бастапқы кезде лингвистика саласында пайда болып, тез арада даму негізінде шет тілдер оқыту теориясына сіңіп, әдістемелік ғылымды жаңа ұғымдармен, оның ішінде коммуникативті құзырет пен коммуникативтік құзыреттілік түйін ұғымдар болып, байыта түседі. Тілдік құзыреттілікті қалыптастыру – оқу ұйымындағы шет тілі пәнінің негізгі міндеті болып табылады. Себебі мектеп түлектері тіл тасымалдаушылармен шеттілдік қарым-қатынас құруға қабілеттілік таныту керек. Бұл қарым-қатынасты жаңа ақпараттық технологиялар арқылы әлемдік мәдениеттің әралуандылығы мен саяси өміріне қолжетімді болуы тиіс.

Білім алушының басты міндеті болып оқып жүрген тілді қарым-қатынастық құралы ретінде дұрыс пайдалана білуі. Білім алушы тілдік құзыреттілікті меңгеру барысында, өз сөздік қорын қалыптастырады. Қалыптастыру үрдісін жеңілдету үшін жағдаяттық және жиелік қағидасы негізінде арнайы лексикалық топтамалар жинақтайды. Тілдік құзыреттілік көмегі негізінде ол тиімді мәдениаралық қарым-қатынасқа еніп, сұхбаттасушының сөйлеуін қабылдап, оны әлеуметтік контексіне сай талдауға салып, дұрыс әрекет етеді.

Білім алушы тілдік құзіреттіліктің қалыптасқан жағдайында келесі қызметтерді атқарады:

- тілді еркін меңгеріп, оны қолданыста нақты және дұрыс қолданады;
- ақпараттық-технологиялық құралдар арқылы коммуникацияға түседі;
- әлемдік мәдениеттің көптүрлігін қабылдап түсінеді.

Қорытындылай келе, тілдік құзіреттілік дегеніміз - тілдің лексика-грамматикалық бірліктерін білу және оларды сөйлеу барысында орынды қолдану. Сондықтанда бұл әдістемелік ұсынымдамада біз, ең біріншіден, тілдік құзыреттілікке түсінік беріп отырмыз, өйткені екінші (Т2) және үшінші (Т3) тілдерде тілдік құзіреттілікті критериялды бағалауда педагог нені бағалауы тиіс екенін білу керек.

## 2 ТІЛДІК ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ: ТӘСІЛДЕМЕЛЕРІ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ

### Критериалды бағалаудың принциптері/ұстанымдары

Критериалды бағалау сабақ беру, бағалау және оқытудың өзара байланыс принциптері негізінде дайындалған. Оның негізгі принциптеріне төмендегілер жатады:

- Бағалау білім жүйесінің міндеттеріне негізделген. Бағалау өзіндік мақсат болып саналмайды, бағалау оқу мақсатына байланысты жүргізіледі. Бұл жалпы білім беруді жетілдірудің механизмі болуымен қатар, әр оқушының оқу жетістігін жақсартудағы тиімді практика түрі болып табылады. Білім беру жүйесінің міндеттеріне бағалау және оны өткізудің жолдарын қарастыру жатады.

- Бағалау үдерісі әділ, нақты, сенімді және айқын болып өткізіледі. Критериалды бағалау барысында қолданылатын ақпараттардың сенімділігі мен айқындығын қамтамасыз етіп, тапсырмалар мен оларға сәйкес критерийлер мен дескрипторлар оқушылардың оқу жетістіктеріне жеткендігін анықтайды.

- Бағалау білім беру мазмұнының құрамдас бөлігі болып табылады, бағдарлама мақсаттары мен күтілетін нәтижелермен тікелей байланысты болып келеді. Ол мақсаттардың айқындығын қамтамасыз ете отыра, бағалау түрлерінің (қалыптастырушы және жиынтық) және бағалау рәсімінің оқу бағдарламасына сәйкестігін анықтайды.

- Бағалау қолжетімді, анық және ашық түрде ұйымдастырылады. Ол қажетті ақпаратты уақытында беріп отыруға мүмкіндік тудырады, оқушылардың өзін өзі реттеу тәртібін дамытып, үдеріске қатысушылардың жауапкершілігін арттырады.

- ✓ Бағалау үздіксіз өткізіледі және оқушының оқу жетістіктерін анықтауға, жеке даму траекториясын жасауға мүмкіндіктер тудырады.

- ✓ Бағалау мектептің, мектеп ұжымының және оқушылардың даму бағытын айқындау жолындағы басты фактор болып табылады. Осы үдеріске қатысушылардың өз міндеттерін атқарудағы құзіреттілігін арттыруға мүмкіндік тудырады.

Оқу жылы көлемінде оқытудағы үлгерім мен ілгерілеу туралы мағлұматтар жинақтау бағалаудың екі түрі арқылы іске асырылады. Олар: қалыптастырушы және жиынтық (бөлім/ ортақ тақырыптар бойынша өткізілетін бағалау, тоқсандық жиынтық бағалау, орта білім деңгейі бойынша) бағалау болып табылады [5].

Екінші (Т2) және үшінші (Т3) тілдерде тілдік құзіреттілікті критериалды бағалауда педагог қандай принциптерді ұстанатынына тоқталмас бұрын, ең біріншіден, ұстаным ұғымының анықтамасын біліп алайық.

Ұстаным - нақты бір мәселеге көзқарас, позиция [6].

Ұстаным ол -

1. Теорияның, ілімнің, ғылымның негізгі, бастапқы ережесі;
2. Бір нәрсеге деген сенім, бір нәрсеге деген көзқарас, мінез-құлық

нормасы немесе ережесі [7].)

Ожеговтың түсіндірме сөздігі бойынша:

1. Основное, исходное положение какой-н. теории, учения, мировоззрения, теоретической программы. Принципы науки. Эстетические принципы.

2. Убеждение, взгляд на вещи. Держаться твёрдых принципов. Отказаться от чего-н. из принципа.

3. Основная особенность в устройстве чего-н. Механизм действует по принципу насоса. \* В принципе — в основном, в общем, в целом. В принципе я согласен[8].

Критериалды бағалау келесі принциптерге/ұстанымдарға негізделеді:

*Оқыту мен бағалаудың өзара байланысы*

Бағалау оқытудың құрамдас бөлігі, сондықтан ол оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарымен, күтілетін нәтижелермен тығыз байланыста. Педагог сабаққа дайындық барысында пән бойынша оқу бағдарламасында белгіленген оқу мақсаттарын басшылыққа алып, қалыптастырушы бағалауға оқу мақсаттары негізінде тапсырмаларға критерийлер мен дескрипторлер құрады.

Сондықтан педагог алдын ала бағалау критерийлері қандай? Нақты ма? Оқу мақсатына сәйкес пе? Білім алушылар түсіне ме? - деген сауалдар қойып, құралған критерийлерді жан-жақты зерттеп, жауап іздейді. Сонымен қатар педагог қай оқу мақсатын бағалау қажет және білім алушының бағаланған білім, білік, дағдыны білім алушы күнделікті тәжірибеде пайдалана ма? – деген сауалдарға жауап табуы тиіс. Сол себепті педагог нені оқытып жатқанын, қалай оқытатынын білуі тиіс және оқу үдерісінің барысындағы тапсырмалардың түрі бағалау кезінде маңызды екенін білген жөн.

*Сенімділік*

Сабаққа дейін не сабақ барысында білім алушылар бағалау критерийлерімен таныс болуы тиіс. Сондықтан әр оқушы өзін өзі бағалай алады және жетістіктің қай деңгейінде тұрғанын біледі. Білім алушы оқу үдерісінде қалыптасқан білім, білік, дағдысына сенімді болады.

*Нақтылық*

Бағалауды дұрыс жоспарлау және өткізу үшін, тапсырмалар түсінікті, айқын болуы тиіс, сондай-ақ, тапсырмаларға сәйкес құрылған дескрипторлар білім алушылардың нақты қадамдарын көрсетуі тиіс. Егерде оқушы не істейтінін, білімін қалай қолданатынын білсе, онда барлық оқу процесіне қатысушылардың қызығушылығы мен жауапкершілігі арттады.

*Үздіксіздік*

Бағалау білім алушылардың оқу жетістігінің ілгерілеуін не өзгермеуін

қадағалап отыруға мүмкіндік беретін үздіксіз процесс болып саналады. Бағалау үдерісінің үздіксіздігі біртұтас бағалау жүйесін анықтайтын қалыптастырушы бағалау жүргізу, жиынтық бағалау кестесін белгілеу және балл қою кестесі механизмін қолдану әрекеттері арқылы қамтамасыз етіледі [3].

Критериалды бағалау кезінде қандай қағидаттарды ұстанатынымызды біліп алдық. Енді критериалды бағалау барысында қандай тәсілдерді негізге алуымыз керек екенін қарастырайық.

### Тілдік құзіреттілікті критериалды бағалаудың тәсілдемелері

Оқушылардың оқу нәтижелерінің сапасы тұтастай алғанда білім сапасының көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Сонымен бірге қазіргі білім беру қолжетімділігі мен сандық сипаттамалары мәселелерінен оның нәтижелері мен сапасына назар аударудың өзгеруімен сипатталады, бұл педагогикалық қауымдастықтың бағалау мәселелеріне назарының артуына себеп болады. Оқу нәтижелеріне қойылатын талаптарды қалыптастыруда білім мен дағдыларды тексеру маңызды рөл атқарады [9].

Оқыту нәтижелерін сапалы және тиімді бағалауды және олардың білім беру саласындағы қолданыстағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ететін әртүрлі формалар, әдістер мен тәсілдерді қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Оқыту нәтижелері - бұл оқушының білім, білік, қабілет, қабілет, тәжірибе және жеке қасиеттерімен көрінетін, пәнді оқу және тұтас алғанда негізгі білім беру бағдарламасын игеру нәтижесінде пайда болатын, болжанатын және өлшенетін жетістіктері. Мұндай нәтижелер оқушылардың жеке жетістіктерін сипаттайды, олардың анықтамалық критерийлері оқытудың және бағалаудың біртұтас жүйесіне енеді және жеке тұлғаға бағдарланған және екінші және үшінші тілдерде коммуникативтік құзыреттілікке негізделген көзқарасты білдіреді. Сондықтан екінші және үшінші тілдерде тілдік құзыреттілікті критериалды бағалауда құзыреттілік пен деңгейлік тәсілдемелерді негізге аламыз.

### *Құзіреттілік тәсілдеме*

Құзіреттілікке негізделген тәсілді енгізумен оқыту нәтижелерін белгілеуге біліктілік позициясынан құзыреттілікке көшу басталады. Қолданыстағы мемлекеттік білім беру стандарты білім беру процесінің қатысушылары қалыптастыратын міндетті білік пен дағдының арақатынасын белгілей отырып, құзіреттілік түрінде (негізгі, жалпы, жалпы мәдени және т.б.) оқу нәтижелеріне талаптарды белгілейді. Бұл тұрғыда «білім алушылардың білім беру бағдарламасын дамытудың сандық және сапалық көрсеткіштері, яғни болашақ түлектердің құзыреттілігі» маңызды болып табылады [10]. Егер түлектің құзыреттілігі оқу нәтижесі ретінде белгіленсе, онда оқытудың әр кезеңінде оқушының жеке жетістіктерін белгілеу қажет, нәтижесінде оқушының танымдық шығармашылық қызметі туралы ақпаратты жинау және



талдау, құзыреттіліктің қалыптасу деңгейін бақылау немесе «басқа оқу жетістіктері туралы мәліметтер» жинақтау қажет, оқудың барлық кезеңінде осы мәліметтерді сандық және сапалық деңгейлерде әр түрлі тәсілдермен бекітеміз»[11].

Құзыреттілікке негізделген тәсілді жүзеге асыру кезінде бағалау жүйесінде таныс білім де әртүрлі критерийлер бойынша тексеріледі. Сонымен, білік деңгейіндегі білім тиісті тапсырмалармен тексеріледі, олардың шешімі ішінара сенімділік жағдайында қайта құру қызметіне дайын екендігін көрсетеді, ал шығармашылық деңгейіндегі білім тиісті проблемаларды қою арқылы бағаланады, олардың шешімі толық белгісіздік жағдайында өнімді қызметке дайындығын көрсетеді. Мұғалімдер үшін ең үлкен қиындық - оқытудың соңғы нәтижесі ретінде құзыреттіліктің деңгейін өлшеу талаптарын орындау. Бұл қиындықты жеңу үшін білім алушылардың оқытудың барлық кезеңдерінде құзыреттіліктің жекелеген түрлерін анықтауға арналған бағалау құралдарының қорларын құру қажет. Мұндай жүйені енгізудің мақсаты – білім алушылардың екінші және үшінші тілдер бойынша білім алушылардың оқу бағдарламасын игеруге деген ынтасын арттыру. Сондықтан біздің алдымызда үлкен міндет тұр – білім алушылардың оқу жетістігін бағалау үшін әр тілдік пән бойынша тапсырмалар жүйесі мен дескрипторлар дайындау. Нәтижелерді бағалау әдістерін таңдау бақылау түріне байланысты жүзеге асырылады. Атап айтқанда, қалыптастырушы бағалау оны зерттеу барысында белгілі бір тақырып бойынша құзыреттіліктің қалыптасуын бағалауға мүмкіндік береді, жағдайлық, нақты ситуациялар, эсселер, кроссвордтар, глоссарийлер және т.б. қолданған жөн.

Екінші және үшінші тіл гуманитарлық (коммуникативті) пәндерге жататындықтан, ең алдымен, білім алушылардың коммуникативті белсенділігі және соған сәйкес оқу әрекеттері дамиды. Қазақстан мектептерінде екінші және үшінші тілдерді оқытудың мақсаты- коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру, атап айтқанда:

- тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылымда коммуникативтік іскерліктерді;

- ақпаратты тану үшін тілдік білім мен дағдылар;

- әлеуметтендіруді қамтамасыз ету үшін елтанушылық және лингвотанушылық білім. Бұларсыз коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру мүмкін емес. Жоспарланған нәтижеге қол жеткізу барысында бірқатар білім беру, тәрбиелеу және дамыту міндеттері шешіледі. Елтанушылық білімді толық құқықты компонент ретінде енгізу оқушылардың басқа ұлттық мәдениеттің шынайылығын меңгеруін қамтамасыз етеді, олардың ой-өрісін кеңейтеді, бұл сондай-ақ шет тілдерін оқуға деген қызығушылықтың және тұрақты ынталандырудың артуына алып келеді. Мектеп бүгінде оқушылардың құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін бағалауға мүдделі. Бағалау - бұл жай белгілеу жүйесі ғана емес, бағалау білім алушылардың басым сапасының дамуын ынталандырады. Бағалау білім беру ұйымында оқу кезеңінде алған білім санын өлшеу ғана емес. Бұл қоғамға пайдалылық, шығармашылық және ғылыми жетістіктер, көшбасшылық қасиеттер, сыни жағдайға бейімделе білу және т. б. сияқты маңызды параметрлер.

Коммуникативтік құзіреттілікті дамыту тек оның барлық құрамдастығында: тілдік, сөйлеу, әлеуметтік-мәдени құзіреттіліктерінің бірлігінде ғана мүмкін болады. Оқытуды саралау және дараландыру принциптерінің мәні үлкен. Оқушылардың меңгерген білімі мен іс – әрекет тәсілдерін нақты өмірде практикалық міндеттерді шешу және шығармашылық әлеуетті дамыту үшін пайдалануға дайын болуы-пәнаралық түйінді құзыреттіліктерді қалыптастыруда. Бұл оқушыларға жалпыеуропалық деңгейге дейінгі шет тілді коммуникативтік құзыреттілік деңгейіне (Еуропа Кеңесінің терминдерінде А2 деңгейі) қол жеткізуге мүмкіндік беруі тиіс. Бұл деңгей мектеп түлектеріне білімін жалғастыру және одан әрі өз білімін жетілдіру үшін екінші және үшінші тілдерді қолдануға мүмкіндік береді[12].

Сонымен, біз «Қазақ тілі» (Т2), «Орыс тілі» (L2) және «Шет тілі» пәндерін оқытудың мақсаттарын анықтадық:

1) сөйлеу әрекетінің негізгі түрлерінде қарым-қатынас дағдыларын дамыту;

2) тілдік құралдар мен оларды қолдану дағдылары;

3) әлеуметтік-мәдени білім мен дағдылар.

Тілдерді оқытудың негізгі мақсаты - оқытуда екінші және үшінші тілдерді меңгерудің нәтижесі болып табылатын коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру. Қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру тілдік құралдарды игеруді, сонымен қатар тыңдалым, айтылым, оқылтым және жазылтым процесінде оларды қолдану дағдыларын қамтиды. Сондықтан қалыптастырушы бағалау болсын не жиынтық бағалау болсын, біз сөйлеу әрекетінің төрт түрінің қалыптасу деңгейін және осы әрекеттерде тілдік норманы дұрыс қолдануын бағалаймыз. Сондықтан критериалды бағалауда құзіреттілік тәсілдің орны ерекше.

### *Деңгейлік тәсілдеме*

Үш тілде оқытудың бірыңғай тілдік стандартына сәйкес қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі, қазақ мектептерінде орыс тілі (Я2) екінші тіл ретінде және үшінші тіл ретінде ағылшын тілі (Я3) болып нақтыланды [ ].

Екінші тіл мен үшінші тіл ұғымдарының арасындағы негізгі айырмашылықтар тілдік орта жағдайларымен ерекшеленеді – табиғи тілдік орта мен жасанды тілдік орта (оқылатын тілден бөлек), сондай-ақ тілді меңгеру процесінің сипаты: мұғалімнің басшылығымен басқарылатын сипат, тілді меңгерудің басқарылмайтын сипаты және екінші тілді меңгерудің аралас сипаты.

Қазақстанда екінші тілдерді және үшінші тілді оқыту "Шетел тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзіреті: оқыту, меңгеру, бағалау" (Common European Framework of Reference, CEFR) құжаты негізінде әзірленген деңгейлік модельге сәйкес құрылды [13].

Деңгейлік оқыту - белгілі бір дәрежеде коммуникативтік құзіретті қалыптастырудағы тілді сатылап меңгеру. Білім алушыларға қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту үдерісіндегі қарым-қатынасқа түсу мақсатын шешуге және

алынатын ақпаратқа сәйкес тілдік тапсырмалар негізінде білімі, білігі мен дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік ашылады. Оқыту деңгейі – тілді үйрету кезеңдеріндегі меңгерілген білім сапасының көрсеткіші.

Қазақ тілін деңгейлік меңгеру – іріктелген лексикалық және грамматикалық минимумдарды және сөйлеу әрекетінің 4 түрінде берілген тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым талаптарын орындау арқылы мақсатқа жету нәтижесі.

Осыған орай педагогикалық өзара іс-қимылдың барлық сабақтастығын, даралануын, интеграциялануын, тұтастығын, жүйелілігін қамтамасыз ететін *білім,білік, дағдылардың* және бағалау-белгілеу жүйесінің өзіндік моделіне сәйкес келетін оқушылар мен мұғалімдер іс-әрекетінің жалпы түрде немесе концентрациялық жүйесі негізінде оқыту түрі. Деңгейлік оқыту әрбір өз деңгейінде оқу процесінің дәйекті-белгілі бір элементтерінің барлық жүйесінің күрделенуін, күшейтілуін, байытылуын (бірінші деңгей оқыту процесінің нәтижелілігі мен тиімділігін алдын ала анықтайтын жеке-топтық сипаттамаларға сәйкес сапалық және сандық пропорционалды немесе күрделілік пен қиындық ерекшеліктері бойынша сәйкес болуы тиіс алдыңғы деңгеймен салыстырғанда) көздейді. Қазақ тілін деңгейлік оқыту Еуропалық стандартқа сәйкес тілдерді меңгерудің деңгейлік моделіндегі жалпы білім беру жүйесінің барлық сатыларының бірлігін, сабақтастығын, үздіксіздігін қамтамасыз ететін CEFR типі («Common European Framework of Reference: Learning, Teaching, Assessment»- «Шетел тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттері: үйрену,оқыту, бағалау») жүйесі бойынша құрылады. Бұл халықаралық стандарт 2001 жылы Еуропа Кеңесінің шешімімен қабылданған. Стандартта тілдерді оқытудың қазіргі заманғы үрдісінің негізгі құрамдас бөліктері ұсынылған, оны әр деңгей бойынша оқушылардың ауызша және жазбаша қарым-қатынасқа түсу арқылы меңгеруге тиіс білімі мен сөйлеу әрекеттерінің түрлері сипатталады. Халықаралық стандарт негізінде тілді оқытудың қазіргі үрдісінің негізгі компоненттері қарастырылған, халықаралық стандарттың өзегі жалпыеуропалық құзыреттіліктерді қалыптастыру толық сипатталған деңгейлік оқыту болып табылады. Деңгейлік оқыту негізінде сөйлеу әрекеттерінің түрлері арқылы коммуникативтік өзара қарым-қатынасқа түсу әрекеті айқындалған. Бұл құжатта білім алушылардың субъекті тұлғасында қалыптасуы қарастырылады «...белгілі бір ситуацияларда, белгілі бір жағдайда, белгілі бір қызмет саласында міндеттерді шешеді» [14].

Деңгейлік оқыту тұрғысынан оқу үдерісін сипаттау мына ұғымдарды білдіреді: құзыреттілік, контекст, сөйлеу әрекеті, коммуникативтік қызмет түрлері, коммуникативтік үдерістер, мәтін, қарым-қатынасқа түсу стратегиясы және міндеттер.

Қазақстанда қазақ тілін екінші тіл ретінде деңгейлік оқыту 2012, 2016,2017 ж.ж. МЖББС, қазақ тілін (Т2) оқытудың «Балабақша-мектеп-колледж-жоо» жүйесіндегі мемлекеттік тілді деңгейлік үздіксіз оқыту стандартында, «Үш тілді оқытудың бірыңғай тілді стандартында» және қазақ тілі(Т2) бойынша Үлгілік оқу бағдарламаларында сөйлеу әрекеті түрлерінде коммуникативтік дағдысын қалыптастырудың әр деңгей бойынша

дескрипторлары деп аталатын деңгейлердің сипаттамасы ұсынылған.

Қазақстанда халықаралық стандартқа сәйкес қазақ тілін Т2 деңгейлік оқытудың келесі деңгейлері қарастырылды[1]:

Деңгейлер			Сыныптар
базалық	A1	Бастапқы	1-сынып
		Орта	2-сынып
		Ілгерінді	3-сынып
	A2	Бастапқы	4-сынып
		Орта	5-сынып
		Ілгерінді	6-сынып
орта	B1	Бастапқы	7-сынып
		Орта	8-сынып
		Ілгерінді	9-сынып
	B2	Бастапқы	10-сынып
		Орта	11-сынып

Әр деңгейде өзара сапалық және сандық өлшем арқылы коммуникативтік құзірет дамытылады: коммуникативтік талап, міндет, дағды, білік, стратегия және тактика, тақырып және сөйлеу жағдаяттық мәтін, ой-ниетін және тілдік материал көлемінің оқушы интерактивтік қарым-қатынасқа түсу мүмкіншілігін қанағаттандыру қажет.

Жоғары деңгей – тілді меңгерудің жоғары, еркін бағыты және жеке білік пен дағдыны қалыптастыруға әдеттену

Жаңартылған білім мазмұндағы қазақ тілі мазмұны бойынша білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

*Базалық деңгей A1-бастапқы, орта, ілгерінді, A2 –бастапқы деңгей (1,2,3,4-сыныптар)*

1) тыңдалым:

білім алушылар қарым-қатынас жасаудың әлеуметтік-тұрмыстық және әлеуметтік-мәдени өзекті аудиовизуалды материалдардың мазмұнын түсінеді; мәтіннің тақырыбын, негізгі идеясын, мәтіндегі басты және қосалқы ақпараттың мағынасын барынша толыққанды, терең және дәл түсіне алады;

қарым-қатынас құру жасау жағдаяттарына және қарым-қатынасқа (коммуникацияға) қатысушыларға қарай сөйлеу стильдерінің қалай өзгеретінін түсінеді; түрлі пікірлерді ескере отырып, оқиганың/әңгіменің мазмұнын болжайды;

2) айтылым:

білім алушы алдын ала дайындалған жазбалар мен жоспарды пайдалана отырып, әңгіменің, оқиганың мазмұнын жеткізеді; оқиганы, естігені жөнінде сұрақтар құрастырады және көзқарасын білдіреді; ұсынылған тақырып пен белгіленген коммуникативтік тапсырма бойынша өзара байланысқан, логикалық жүйеге құрылған хабарламаны құрастырады; қарым-қатынастың әлеуметтік-тұрмыстық және әлеуметтік-мәдени саласында түрлі тілдік жағдаяттарға сай өзінің коммуникативтік көзқарасын білдіре отырып, диалогке

қатысады; әлемдік мұраға ұлттық мәдениеттің қосқан үлесін түсінеді және түсіндіреді;

3) оқылым:

білім алушы оқу түрлері мен стратегияларын пайдалана отырып, мәтіндерді оқиды; таныс емес сөздері бар мәтіннен негізгі ақпаратты, автордың шешімі мен бағасын түсінеді; көркем және көркем емес мәтіндерді ажыратады; алуан түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты табады; идеяны, оқиғаларды және кейіпкерлер іс-әрекеттерінің себептерін түсінетінін көрсетеді; сөздіктер мен анықтамалықтарды пайдаланып, таныс емес сөздер мен фразалардың мағынасын анықтайды; қазақ және әлем әдебиетінің көркем туындыларындағы адамзаттың ортақ құндылықтарын айқындайды;

4) жазылым:

білім алушы тыңдалған мәтіннің, оқылған ақпараттың және көрген оқиғаның (тақырыптар, жекелеген деректер, пікірлер) қысқаша жазбаларын жасайды; тыңдалған/оқылған мәтіндегі ақпаратты үлгі бойынша жинақтайды; стильдік тиесілігін ескере отырып, мәтін құрастырады; орфографиялық, грамматикалық және пунктуациялық нормаларды ескере отырып, баяндау/баяндаусыз сипаттағы мәтіндерді құрастыру үшін тиісті лексикалық бірліктерді пайдаланады.

Жаңартылған білім мазмұндағы қазақ тілі мазмұны бойынша білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

*A2( орта, ілгерінді ) - базалық деңгей, B1(бастапқы, орта, ілгерінді) орта деңгей – 7-,8-,9-сыныптар*

1) тыңдалым:

білім алушы мәтіннің негізгі мазмұнын, сондай-ақ сөйлеушінің ниетін білдіретін функционалдық маңызды мағыналы ақпаратты түсінеді; мәтіннен арнайы ақпаратты алады; терминдердің мәнін және әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени және оқу-танымдық аялары бойынша мәтіннің негізгі бөліктерін түсінеді; фактілер мен пікірлерді ажырата отырып, мәтіннің мазмұнын бағалайды; әртүрлі стильдегі және жанрдағы мәтіндердің негізгі проблемаларын айқындайды; мәтінде айтылған деректер мен құбылыстар, оқиғалар арасындағы байланыстар мен қарым-қатынастарды аша отырып, мәтінді талдайды; иллюстрациялар/негізгі сөздер/тақырыбы/басталуы бойынша айтылған ойдың мазмұнын болжайды;

2) айтылым:

талқылау, өзінің пікірін білдіру және оқиғаларды, пікірлер мен проблемаларды бағалау арқылы білім алушы оқылған тақырыптар аясындағы диалогты қолдайды; назарды өзіне қарату тәсілдерін пайдаланып және мақсатты аудиторияны есепке ала отырып монолог құрады, ұсынылған тақырып бойынша ақпаратты талдайды және жинақтайды; белгілі бір тақырып бойынша айтылған ойды бағалайды; сөйлеу нормаларын сақтай отырып, тілдің лексикалық және грамматикалық құралдарын пайдаланады;

3) оқылым:

білім алушы оқылған тақырыптар аясында белгілі бір күрделі тұтас және аралас мәтіндердің мазмұнын түсінеді; әртүрлі типтегі, стиль мен жанрдағы

мәтіндердің ерекшеліктерін анықтайды; сөздердің айқын және астарлы мағынасын, көркем бейнелеуіш құралдардың мәнін түсінеді; өзектілігін, шынайылығын, пайдалылығын және құндылығын анықтай отырып, әртүрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алады; негіздемелі қорытынды шығара және оқығанына сыни тұрғыдан баға бере отырып, мәтіннің мазмұнын талдайды және жинақтайды; көркем шығарманың тақырыбын, идеясын, проблемасын, автордың көзқарасын анықтай отырып мәтінді салыстырады, белгіленген оқу стратегияларын пайдаланады;

4) жазылым:

білім алушы әртүрлі тілдік құралдарды пайдалана отырып, естігені және оқығаны негізінде әртүрлі типтегі, жанрадағы және стильдегі мәтіндерді жазады; әртүрлі деректерден ақпарат алу арқылы проблемалық сипаттағы мәтіндерді жазады; тұтас мәтіндердің негізінде сызбаларды, кестелерді, диаграммаларды жасайды; белгілі бір тақырып бойынша қарапайым, күрделі және жан-жақты жоспар жасайды; әртүрлі типтегі, стильдегі мәтіндердің мазмұнын салыстырады, талдайды және бағалайды; орфографиялық және грамматикалық нормаларды сақтайды; троптар мен тілдің көркемдегіш-бейнелеуіш құралдарын пайдаланады.

Жалпы орта білім берудің жанартылған білім мазмұндағы қазақ тілі мазмұны бойынша білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

*B2 (бастапқы, орта)-орта деңгей - 10-,11-сыныптар*

1) тыңдалым:

білім алушы қарым-қатынастың әртүрлі аяларындағы мәтіндердің мазмұнын, коммуникативтік ниетін, сонымен қатар, сөйлеушінің әлеуметтік және эмоционалды-экспрессивті сөйлесім ерекшеліктерін толық түсінеді; ақпаратты сыни тұрғыдан түсіну деңгейінде қабылдайды; тыңдалған мәтінді айқынддылығы мен бейнелілігі жағынан бағалайды;

2) айтылым:

дәлелді монологтық немесе диалогтық сөз дайындай отырып, коммуникативтік мақсатқа сәйкес түрлі тіл құралдарын тиімді қолданады; көркем шығармалардың тақырыбы бойынша пайымдайды, шығарма кейіпкерлеріне және олардың әрекеттеріне деген өзінің қатынасын білдіреді; әртүрлі айтылған сөздерді сыни тұрғыдан бағалайды; тіл нормаларын, сөйлеу тәртібі мен әдеп нормаларын сақтайды; проблеманың себептері мен салдарларын болжайды; мәселелерді шешу жолдарын ұсына отырып, қоғамның әлеуметтік-экономикалық, адамгершілік-рухани, патриоттық, тарихи-мәдени дамуымен байланысты идеяларды жинақтайды;

3) оқылым:

жасырын мағынасын таба отырып, тұтас және тұтас емес мәтіндердің мазмұнын толық түсінеді; мәнмәтіннен таныс емес сөздердің мәнін анықтайды; оқытылатын тақырыптар шеңберінде академиялық мәтіндердің ерекшеліктерін айқындайды; түрлі дереккөздерден алынған ақпараттарды іріктейді; көркем шығармаларда және фольклорда қазақтың және өзге де ұлттардың өнегелік идеалы туралы түсінігін талдай отырып, әдебиет туындыларын өнердің басқа

түрлеріндегі бейнесімен салыстырады; қойылған міндеттерге байланысты оқылымның әртүрлі стратегияларын қолданады;

4) жазылым:

тақырып, мақсат, мәселелер және тілдесу жағдаятына сәйкес орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық нормаларды сақтай отырып, түрлі типтегі және стильдегі мәтіндерді құрастырады; алынған ақпаратты зерттеу және жинақтау негізінде түрлі тақырыпта тұтас немесе тұтас емес мәтіндер құрайды; мәтіндерге әртүрлі жоспарлар құрастырады; мәдениет пен тілдің көпқырлылығы, патриотизм және тұлғаның рухани-адамгершілік дамуы мәселелерін қарастыра отырып, көркем әдебиет шығармалары бойынша шығармашылық жұмыстар жазады; ойы мен сезімін анағұрлым дәлме-дәл жеткізу үшін көркемдеу құралдарын – троптар мен стилистикалық тәсілдерді қолданады[14].

Тілді меңгеру деңгейлері – білім беру жүйесін ұйымдастыруға қажетті тірек ұғымдар. Олардың көмегімен оқыту мақсаттарын анықтау және оқу қызметінің нәтижелеріне баға беру оңай. Қазақ тілі екінші тіл ретінде оқытудың деңгейлік жүйесі арқылы мектеп оқушыларының коммуникативті (сөйлеу әрекетінің 4 түрі бойынша: тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу), танымдық және тұлғалық оқыту әрекеттерін дамытуға бағытталған негізгі дескрипторларды ұсындық. Өйткені тілдік дағдыларды, сөздік қорды және т.б. суреттейтін дескрипторлар мұғалімге стандартты бағдарламалардағы оқу мақсаттарына сүйене отырып, оларды өз бетінше құрастыруға көмектеседі.

*Бағалау* - тілді меңгеру деңгейін анықтауға бағытталған мұғалімнің және білім алушының бірлескен қызметі екені белгілі.

*Бағалауға қойылатын негізгі талаптар*: объективтілік, мінез-құлықтың жүйелілігі, бақылаудың сараланған сипаты, бағалау тапсырмаларының құрастырылуының анықтылығы және нақтылығы. Тілді үйрету үдерісінде білімді бағалау маңызды роль атқарады. Себебі коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру деңгейін анықтау, оқу процесіндегі кемшіліктерді өз уақытында тану, сондай-ақ, білім алушыларға олардың білім нәтижелері туралы хабарлап отыру аса маңызды. Бағалау формалары жеке, топтық және жұптық бағалау түрлерін қамтиды.

*Екінші және үшінші тілдерді деңгейлік оқыту мен бағалаудағы түйін:*

- тілдік төрт дағды бағаланады;  
- тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым арқылы функционалдық сауаттылық;

- сын тұрғысынан көзқарасын білдіру, өз ойын жеткізу, шешім қабылдау дағдылары.

Қалыптастырушы бағалауда:

- тиімді кері байланыс беру;
- түртіп алу арқылы бағалау;
- ауызша және жазбаша бағалау;
- сұрақ қою арқылы бағалау;
- өзін-өзі бағалау ;
- өзара бағалау және т.б. әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асырылады.

Тілдік құзіреттіліктерді қалыптастырушы бағалау бойынша білім алушылар:

- өз ойын еркін жеткізуге дағдыланады;
- өзіне-өзі баға беруге;
- сыныптастарын бағалауға;
- жеке, жұппен, топпен жұмыс істеуге үйренеді;
- бір-бірін тыңдауға;
- талдауға, салыстыруға, болжам жасауға;
- сабақты қорытындылауға, түйін жасауға;
- презентациясын, жобасын қорғауға үйренеді.

### **3 ЕКІНШІ (Т2) ТІЛ БОЙЫНША ТІЛДІК ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУҒА ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

#### **3.1 Коммуникативтік құзыреттілікті бағалаудың заманауи құралдары.**

Бақылау, бағалау, түпнұсқалық бағалау.

Бағалау дегеніміз - оқушының үлгерімін әртүрлі тәсілдермен өлшеу, оның проблемалары мен жетістіктерін диагностикалау.

Қазақ тілін (Т2) меңгеру деңгейлерін бағалау жүйесі мыналарға негізделген:

- 1) критериалды бағалау;
- 2) тілдерді деңгейлік оқыту ерекшелігіне;
- 3) тілдік пәндер бойынша бақылау (ауызша және жазбаша жұмыс)

нормативтеріне сәйкес.

Балды бағаға айналдырып баға қою арқылы :

- оқушылардың екінші тілде не білетінін және түсінетінін анықтау;
- оқушылардың жеке үлгерімін бақылау;
- мұғалімдерге, білім алушыларға және ата-аналарға кері байланыс беру;
- қолданыстағы оқу бағдарламасының тиімділігін бақылау.

Бағалау жүйесі:

- білім алушылар үшін - сәтті оқу мүмкіндігіне сенімді болу,
- ата-аналар үшін - баласының оқу және даму процесін бақылау;
- мұғалімдер үшін - оқу жоспарының тиімділігі, әр баланың жеке үлгерімі

мен оқушылардың жетістіктері туралы пайымдау [15].

Жоғарыда педагогтерге деңгейлік оқыту туралы түсінік берген болатынбыз. Егерде мұғалім деңгейлік оқыту бойынша білімін 2019ж. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы әзірлеген «Қазақ тілді емес мектептерде қазақ тілін деңгейлік оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар» (Әдістемелік ұсынымдар. - Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 116 б.) бойынша кеңейте алады. Сонымен қатар әр деңгей бойынша ұсынылған дескрипторлар негізінде мұғалімнің оқу мақсатына сәйкес критерийлер және әзірлеген тапсырмаға сәйкес дескрипторлар құру мүмкіндігі болады.



Бағалау - бұл жай белгілеу жүйесі ғана емес, бағалау білім алушылардың білім, білік, дағды дамуын ынталандырады. Сонымен қатар, бағалау білім беру ұйымында оқу кезеңінде алынған білім санын өлшеу ғана емес. Бұл қоғамға пайдалылық, шығармашылық және ғылыми жетістіктер, көшбасшылық қасиеттер, сыни жағдайға бейімделе білу және т. б. сияқты маңызды параметрлер [16].

Бағалаудың мүмкіндіктері

Педагог үшін:

✓ білім алушылардың екінші тілде не білетінін және түсінетінін анықтауға;

✓ білім алушының жеке ілгерлеуін бақылау және оқушының оқу жетістіктерін анықтауға, жеке даму траекториясын жасауға;

✓ үшбұрыш бойынша(педагогтер, білім алушылар және ата-аналар үшін) кері байланысты қамтамасыз етуге;

✓ жүзеге асырылатын оқу бағдарламасының тиімділігін бақылауға мүмкіндіктер тудырады.

Білім алушылар үшін:

✓ білім алушыларға- нәтижелі оқу мүмкіндігіне сенімді болуға,

✓ жеке ілгерлеуінің деңгейін білуге;

✓ ойлау дағдысының қандай деңгейінде екенін анықтауға мүмкіндіктер тудырады.

### **3.2. Критериалды бағалау**

Сөйлеу қызметінің төрт түрі (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) бойынша деңгейлік оқыту ерекшеліктерін ескере отырып, қазақ тілі (Т2) бойынша критериалды бағалау жүргізіледі:

Критериалды бағалауға сәйкес бағалау екі түрге бөлінеді: қалыптастырушы және жиынтық бағалау.

Қалыптастырушы бағалауды мұғалім үздіксіз жүргізеді, бағалар қойылмайды.

Бірінші сыныптарда қазақ тілін (Т2) оқу кезінде тек сөйлеу әрекетінің екі түрі бағаланады: тыңдалым және айтылым().

Тілдік құзіреттілік деңгейі келесі түрде анықталады:

– егер білім алушы жиынтық бағалау қорытындысы бойынша (оқу жылы аяқталғаннан кейін) "4" немесе "5" алатын болса, онда ол осы оқу жылына тиісті деңгейге жетті (1- кесте) [1].

– егер білім алушы жиынтық бағалау қорытындысы бойынша "2" немесе "3" алатын болса, онда бұл деңгей тілдік құзіреттілік талаптарына сәйкес келетін, алдыңғы деңгейдегі болып саналады.

1-кесте Тілдік құзіреттілік деңгейінің жылдық қорытындысын бағалау мәндерінің сәйкестік шкаласы

Сыныптар	Қазақ тілі (Т2)	Тілдік құзыреттілік деңгейінің жылдық қорытынды бағалау маңызының сәйкестігі		
		«1»	«2» және «3»	«4» және «5»
А1	1-сынып	A1 бастапқы	A0	-A1
	2-сынып	A1 орташа	-A1	
	3-сынып	A1 ілгерінді		
А2	4-сынып	A2 бастапқы		
	5-сынып	A2 орташа		
	6-сынып	A2 ілгерінді		
В1	7-сынып	B1 бастапқы		
	8-сынып	B1 орташа		
	9-сынып	B1 ілгерінді		
В2	10-сынып	B2 бастапқы		
	11-сынып	B2 орташа		

Сөйлеу әрекетінің төрт түрі: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым бойынша тілдік құзыреттілік деңгейінің талаптарына сәйкес бағалау үшін оқу тапсырмалары әзірленеді. Сонымен қатар, білім алушылардың білім деңгейін анықтау үшін тест тапсырмаларын да әзірлеуге болады.

### 3.3 Деңгейлерді меңгеруге қойылатын талаптар(дескрипторлар)

Білім алушының оқу жетістігін бағалау үшін, педагог екінші тіл бойынша (қазақтілді емес мектептердегі қазақ тілі және әдебиеті(Т2); қазақ мектептеріндегі орыс тілі және әдебиеті(Я2) деңгейлік оқытуда қарастырылған деңгейлерді меңгеруге қойылатын талаптарды білуі тиіс. Осыған орай 3-кестеде деңгейлерді меңгеруге қойылатын талаптар берілген. Бұл талаптар қазақ тілінен Т2 бойынша Үлгілік оқу бағдарламасында ұсынылған [17 ].

2-кесте Деңгейлерді меңгеруге қойылатын талаптар(дескрипторлар). Қазақ тілі (Т2)

<i>1-сынып</i>	
Сөйлеу әрекетінің түрлері	Оқушыларға қойылатын талаптар
<b>Тыңдалым</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ баяу және анық айтылған сөз бен сөйлемдерді түсінеді және оны қимыл, ым-ишара тәсілі арқылы қолданады, қимыл жасау арқылы әрекет етеді;</li> <li>✓ күнделікті өмірде және сыныпта/мектепте қолданылатын таныс сөздердің мағынасын түсінеді;</li> <li>✓ тыңдалған мәтін бойынша мұғалімнің көмегімен сұрақтарға жауап береді және соған сәйкес сурет таңдай алады;</li> <li>✓ тыңдаған материалының кімдерге арналғаны туралы түсінеді;</li> <li>✓ сұрақ қою, оған қысқаша жауап беру арқылы тыңдаған мәтіннің түсінгенін білдіреді.</li> </ul>

<b>Айтылым</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ ауызша сөйлеу барысында бір нәрсемен танысу үшін, өзі туралы айту және затты сипаттау үшін сөздер мен сөз тіркестерін қолдана алады;</li> <li>✓ сурет бойынша 2-3 сөйлеммен өз ойын білдіреді;</li> <li>✓ сұхбаттасының не туралы айтқанын түсінеді және тілдік нормаларды сақтай отырып, оған жауап береді;</li> <li>✓ шағын мәтінді/қарапайым оқиғаларды мазмұндайды;</li> <li>✓ көрген/тыңдаған материалдардың сюжетін мұғалімнің көмегімен суреттейді.</li> </ul>
<b>2-сынып</b>	
<b>Тыңдалым</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ ауызекі тілді және қарапайым сөйлемдердің лексикалық мағынасын түсінеді; күнделікті қолданыстағы таныс сөздерден құралған қарапайым сөйлемдердің мағынасын түсінеді;</li> <li>✓ тыңдаған мәтінге мұғалімнің көмегімен иллюстрация/суреттер таңдайды және қарапайым сұрақтарға жауап береді;</li> <li>✓ тыңдаған материалдың мазмұнын түсінеді және кейіпкерлерді және оқиғалардың ретін анықтайды;</li> <li>✓ тыңдау-көру материалындағы оқиғаларды түсінеді;</li> <li>✓ мұғалімнің көмегімен сұрақтар қояды және сипаттайды.</li> </ul>
<b>Айтылым</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ сөйлеу барысында алған ақпарат бойынша сұраулы сөйлем құрастыру үшін сөздер мен сөз тіркестерін қолданады;</li> <li>✓ сюжетті сурет негізінде өз ойын айтады</li> <li>✓ тілдік нормаларды сақтай отырып, белгілі бір тақырыптағы әңгімеге қатысады және сұхбаттасының не туралы айтқанын түсінеді</li> <li>✓ оқиға желісін сақтай отырып, таныс сөздерді қолдану арқылы мұғалімнің көмегімен мәтіннің мазмұнын айтып береді</li> <li>✓ қарапайым түрде ой-пікірін айтады</li> </ul>
<b>Оқылым</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ мәтінді мәнерлеп оқиды;</li> <li>✓ таныс сөздер кездесетін мәтіндегі қарапайым сөйлемдердің мағынасын түсінеді;</li> <li>✓ мәтіндердің жанрын (өлең, ертегі, жұмбақ, әңгіме) ажырата алады;</li> <li>✓ мәтін бойынша қарапайым сұрақтар құрайды және оған жауап береді;</li> <li>✓ мұғалімнің көмегімен сөздіктер мен анықтамалықтардан қажетті ақпаратты табады.</li> </ul>
<b>Жазылым</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ заттың сынын білдіретін сөздерді қолдана отырып, берілген иллюстрация бойынша мұғалімнің көмегімен жүйелі сөйлем жазады;</li> <li>✓ мұғалімнің көмегімен оқыған/тыңдаған/ көргендері негізінде сөз тіркестерін жазады</li> <li>✓ жай сөйлемнің соңында қойылатын тыныс белгілерін қолданады</li> <li>✓ каллиграфиялық нормаларды сақтайды</li> </ul>
<b>3-сынып</b>	
<b>Тыңдалым</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ ауызша тілді және тыңдау-көру материалын тыңдайды және түсінеді;</li> <li>✓ жеке сөйлемдердің мағынасын нақтылау үшін сұрақтар қояды;</li> <li>✓ сөйлемдегі және мәтіндегі сөздер мен сөз тіркестерінің лексикалық мағынасын түсінеді;</li> <li>✓ тыңдаған материал бойынша қарапайым сұрақтарға жауап береді және сюжеттің даму желісі бойынша иллюстрацияларды таңдап, орналастырады;</li> <li>✓ тыңдаған мәтіннің мазмұны бойынша себеп-салдар байланысын мұғалімнің көмегімен анықтайды және кестеге енгізеді;</li> </ul>

	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ тыңдау-көру материалдарындағы оқиғаларды (негізгі ой, кейіпкерлер, оқиға) түсінеді.</li> </ul>
<b>Айтылым</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ мұғалім ұсынған тақырып негізінде өз ойын айтады;</li> <li>✓ белгілі тақырыптағы әңгімеге қатысады;</li> <li>✓ сөйлеу барысында тақырыпқа байланысты сөздерді әр түрлі мәнмәтінде қолданады;</li> <li>✓ сұхбаттасының не туралы айтқанын түсінеді және оның ойын толықтырады;</li> <li>✓ өзінің жоспар/жазбаларын қолдана отырып, мұғалімнің көмегімен оқиға/әңгімелерді мазмұндап береді;</li> <li>✓ тыңдау-көру материалдарының желісін айтып береді;</li> <li>✓ тыңдаған/оқыған материал бойынша өз пікірін білдіреді.</li> </ul>
<b>Оқылым</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ оқу түрлерін қолдана отырып, мәтінді немесе оның бөлімдерін мәнерлеп оқиды;</li> <li>✓ таныс сөздер мен сөз тіркестерінен тұратын шағын мәтіннің түйінді тұстарын түсінеді;</li> <li>✓ мәтінді жанр түрлеріне (өлең, жұмбақ, ертегі, әңгіме және мақал-мәтелдер) ажыратады;</li> <li>✓ әңгімелеу/сипаттау мәтінін анықтай алады;</li> <li>✓ мәтін мазмұны мен кейіпкерлерінің іс-әрекеті жайында нақтылау сұрақтарын қояды және оған жауап береді, мұғалімнің көмегімен сөздіктер мен анықтамалықтардан қажетті ақпаратты іздейді және табады.</li> </ul>
<b>Жазылым</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ тақырыпқа сәйкес сөздерді қолдана отырып, берілген иллюстрация бойынша өзара байланысқан сөйлем жазады және постер құрастырады;</li> <li>✓ мұғалімнің көмегімен оқыған/ тыңдаған/көрген материалдары бойынша қысқаша жазбалар жасайды;</li> <li>✓ жай сөйлемнің соңында қойылатын тыныс белгілерін өзі қолданады;</li> <li>✓ кең жолды дәптерге жазады, каллиграфиялық дағдыларын жетілдіреді.</li> </ul>
<b>4-сынып</b>	
<b>Тыңдалым</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ ауызша және тыңдау-көру материалын түсінеді және ондағы сөйлемдерді басқа үлгіде өзгертіп айтады;</li> <li>✓ бейтаныс сөздер мен сөз тіркестері бар мәтіннің контекстіне қатысты мағынасын анықтайды;</li> <li>✓ тыңдаған материалдағы мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді және түйінді тұстарын, негізгі ойын анықтайды.</li> </ul>
<b>Айтылым</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ әңгімені өрбіту үшін қажетті сөздерді қолданады;</li> <li>✓ басталған мәтінді өз ойынша аяқтайды;</li> <li>✓ белгілі тақырыптағы әңгімеге қатысады;</li> <li>✓ сұхбаттасушыны түсінеді және оның сөзін нақтылайды, анықтайды, басқаша айтып береді;</li> <li>✓ оқиғаларды/әңгімелерді егжей-тегжейлі айтып береді;</li> <li>✓ материалдар бойынша өзінің көзқарасын білдіреді және мұғалімнің көмегімен дәлелдейді.</li> </ul>
<b>Оқылым</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ оқу түрлерін қолдана отырып, мәтін немесе оның бөлімдерін мәнерлеп оқиды;</li> <li>✓ бейтаныс сөздер кездесетін шағын мәтіннің түйінді тұсын түсінеді;</li> </ul>

	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ мәтіннің жанрын (өлең, жұмбақ, ертегі, әңгіме, мақал-мәтелдерді және жаңылтпаштарды) ажыратады;</li> <li>✓ пайымдау мәтінін анықтай алады;</li> <li>✓ мәтін мазмұны бойынша кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға беретіндей сұрақтар құрастырады және оған жауап береді;</li> <li>✓ қажетті ақпараттарды табу үшін түрлі дереккөздерді: сөздіктер, инфографикалар, энциклопедиялар, ғаламторды қолданады.</li> </ul>
<b>Жазылым</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ оқиғаларды сурет (комикс) түрінде көрсетеді;</li> <li>✓ оқу/тыңдау/көру материалдары бойынша мұғалімнің көмегімен шағын мәтін жазады;</li> <li>✓ шағын мәтін құрастыруда сөйлемдег тыныс белгілерді тиісті жеріне өздігінен қояды;</li> <li>✓ каллиграфиялық дағдыларын жетілдіреді.</li> </ul>
<b>5-сынып</b>	
<b>Тыңдалым</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ ұзақтығы 2-3 минуттық тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді және нақты ақпараттың тақырыбын анықтайды;</li> <li>✓ күнделікті тұрмыстық тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсінеді;</li> <li>✓ фольклорлық және шағын көлемді көркем әдеби мәтіндердің мазмұнын түсінеді, тірек сөздер, тиімді сұрақтар арқылы негізгі тақырыпты анықтайды;</li> <li>✓ тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде сұрақтарға жауап бере алады;</li> <li>✓ сұрақтар негізінде мәтіннің тақырыбын болжайды.</li> </ul>
<b>Айтылым</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ мәтіннің негізгі мазмұнын тірек сөздер арқылы түсінеді;</li> <li>✓ мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтайды, хат, хабарлама, жарнама мазмұнын түсінеді;</li> <li>✓ стильдік ерекшелігін анықтайды, фольклорлық және шағын көлемді көркем әдеби шығармаларды түсінеді;</li> <li>✓ тақырыбын анықтайды, мәтіндердің тақырыбын, мазмұндық құрылымын салыстырады, қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала біледі;</li> <li>✓ тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге өз көзқарасын білдіреді;</li> <li>✓ оқылымның түрлерін меңгереді, рөлге бөлініп оқиды, тірек сөздер негізінде мәтінге жоспар құрайды;</li> <li>✓ мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтайды;</li> <li>✓ тақырып шеңберінде ақпараттар іздейді;</li> <li>✓ мәтіннің мазмұны мен тақырыбын салыстырады.</li> </ul>
<b>Оқылым</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ ресми стильдің тілдік ерекшеліктері мен талаптарын дұрыс қолдана отырып, хабарлама, хабарландыру, хат жазады, эссе құрылымын сақтай отырып, адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазады;</li> <li>✓ жазба жұмыстарында сипаттау, бейнелеу құралдарын қолданып жазады, мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасайды;</li> <li>✓ жазба жұмыстарында жалғаулардың ерекшелігін ескеріп, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай дұрыс жазады;</li> <li>✓ сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолданады;</li> <li>✓ әдеби тақырыптар бойынша шығармашылық жұмыс жазады.</li> </ul>
<b>Жазылым</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ синоним, антоним, омонимдерден тұратын сөздік қорды меңгереді, мәтінге жақындатып мазмұнын айтады;</li> </ul>

	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ қазақша амандасу мәнері мен ұлттық этикет формаларын пайдаланады;</li> <li>✓ ауызша мәтіндер құрауда қазақ тіліндегі төл дыбыстардың дыбысталуын, үндестік заңын ескеріп айтады;</li> <li>✓ шағын көлемді мәтіндердің мазмұнына жоспар құру, соған сүйеніп баяндайды, берілген сұрақты дұрыс түсініп, лайықты жауап береді;</li> <li>✓ шағын диалогке қатысады;</li> <li>✓ тірек сөздерді дұрыс қолданып иллюстрацияларды сипаттайды.</li> </ul>
<b>6-сынып</b>	
<b>Тыңдалым</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ тірек сөздер, мәтіннің бастапқы бөлігін 2-4 минут тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжайды;</li> <li>✓ тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді;</li> <li>✓ негізгі және қосымша ақпараттарды анықтайды;</li> <li>✓ тұрмыстық - әлеуметтік тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсінеді;</li> <li>✓ әңгіме, хикаялардың және шағын поэзиялық шығармалардың мазмұнын талдай отырып кейіпкерлерге сипаттама жасайды;</li> <li>✓ тірек сөздер, жетекші сұрақтар, мәтін тақырыбы арқылы негізгі ойды анықтайды;</li> <li>✓ тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде шынайы өмірмен байланыстырып жауап береді.</li> </ul>
<b>Айтылым</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ мәтіндегі негізгі және жанама ақпаратты анықтайды;</li> <li>✓ өмірдегі кейбір жағдаяттармен байланыстырады;</li> <li>✓ ресми стильдегі мәтіндердің стильдік ерекшелігін анықтайды (күнделік, мінездеме, түсініктеме, өмірбаян, түйіндеме);</li> <li>✓ орта көлемді шығармаларды түсінеді;</li> <li>✓ тақырыбы мен негізгі ойды анықтайды;</li> <li>✓ мәтіндердің тақырыбына, мазмұндық құрылымына сүйене отырып, түрлерін салыстырады;</li> <li>✓ қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді мәтін мазмұнымен салыстырады;</li> <li>✓ қарама-қайшы ақпараттарды анықтайды.</li> </ul>
<b>Оқылым</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ мәтіндердің стильдік ерекшелігін сақтай отырып, күнделік, мінездеме, түсініктеме, өмірбаян жазады;</li> <li>✓ эссе тақырыбының желісінен шықпай, әрбір абзацты жүйелі құрастырып, қажетті мазмұнын ашып жазады;</li> <li>✓ жазба жұмыстарында теңеу, эпитет сөздерін қолданып жазады;</li> <li>✓ мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер, сызба-кестелер жасайды;</li> <li>✓ жазба жұмыстарында сөзге қосымша жалғауда үндестік заңын ескеріп, орфографиялық нормаға сай дұрыс жазады;</li> <li>✓ сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолданады.</li> </ul>
<b>Жазылым</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ меңгерген және меңгеретін тақырыптар бойынша сөйлесімді жүргізе алады;</li> <li>✓ тура және ауыспалы мағынадағы сөздерді қолданады;</li> <li>✓ ойын әсерлі, мазмұнды жеткізеді, тақырып бойынша диалогті бастайды, жалғастырады, аяқтаудың ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын біледі;</li> <li>✓ ауызша мәтіндер құрауда сұраулы, хабарлы, лепті және бұйрықты сөйлемдердің интонациялық ерекшелігін ескеріп айтады;</li> <li>✓ шағын көлемді мәтіндегі жеке эпизодтарды сипаттайды және тілдік ерекшелігін салыстырып айтады;</li> </ul>

	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ коммуникативтік жағдаят бойынша диалогке қатысушылар өзара түсінісіп, ойларын толықтырады ;</li> <li>✓ тірек сөздерге сүйеніп, сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастырады.</li> </ul>
<b>7-сынып</b>	
<b>Тыңдалым</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ мәтін үзінділері арқылы оқиғаның дамуын болжайды;</li> <li>✓ тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді;</li> <li>✓ ақпараттың өзектілігін анықтайды;</li> <li>✓ әлеуметтік - мәдени тақырыптарға байланысты қажетті сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсінеді;</li> <li>✓ повестердің және лирикалық поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдайды;</li> <li>✓ тақырыбы мен идеясын талдайды;</li> <li>✓ тірек сөздер, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтайды;</li> <li>✓ тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде өз пікірін өзгелердің пікірімен салыстыра отырып жауап береді.</li> </ul>
<b>Айтылым</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде берілген ақпаратты түсінеді, қолдана біледі;</li> <li>✓ ресми-іскерлік (өтініш, нұсқаулық, ресми құттықтаулар, ұсыныстар) салаға қатысты мәтіндердің тілдік ерекшелігін анықтап, талдау жасайды;</li> <li>✓ прозалық және поэзиялық шығармалардағы кейіпкердің іс - әрекетіне немесе лирикалық кейіпкердің образын талдайды;</li> <li>✓ мәтіндердің идеясын, мақсатты аудиториясын салыстырып, талдау жасайды;</li> <li>✓ қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде ұсынады;</li> <li>✓ тақырып бойынша деректер қолдана отырып мәтінде көтерілген мәселеге өз ойын дәлелдеп жеткізеді.</li> </ul>
<b>Оқылым</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, өтініш, түйіндеме, ресми құттықтаулар жазады;</li> <li>✓ эссе құрылымы мен дамуын сақтап, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазады;</li> <li>✓ жазба жұмыстарында теңеу мен метафораны қолданып жазады;</li> <li>✓ тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, презентация түрінде ұсынады;</li> <li>✓ тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазады (күрделі сөздер);</li> <li>✓ оқшау сөздерге қойылатын тыныс белгілерді орынды қолданады.</li> </ul>
<b>Жазылым</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ мақал-мәтелдер, терминдер мен неологизмдерді орынды қолдана отырып, мәтін мазмұнын дамытады;</li> <li>✓ кеңес береді, ұсыныс жасайды, өтініш, талап етеді, бұйрық берудің түрлі формалары мен жағдаяттарына сай ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана біледі;</li> <li>✓ ауызша мәтіндер құрауда екпін түрлерін сөз және сөйлем ішінде орынды қолданып айтады;</li> <li>✓ шығармадағы кейіпкерлерге автор берген мінездеменің тілдік құралдарын талдайды;</li> <li>✓ диалогке қатысушылар коммуникативтік жағдаяттың талаптарына сай «сөйлеуші →тыңдаушы» позицияларын еркін ауыстырады;</li> <li>✓ кесте, диаграмма, шартты белгілер, суреттер мен сызбаларда</li> </ul>

	берілген ақпаратты сипаттайды.
<b>8-сынып</b>	
<b>Тыңдалым</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ ұзақтығы 4-6 минуттық негізгі және толық ақпаратты түсінеді;</li> <li>✓ жекеленген фактілерді жалпылама мәнмәтінге біріктіреді;</li> <li>✓ себеп-салдар байланыстарды анықтап, қорытынды жасайды;</li> <li>✓ прозалық, драмалық, поэзиялық шығармалардың мазмұнын түсінеді;</li> <li>✓ мәтіннің мазмұны бойынша дайындалған сұрақтардың жауабына болжам жасайды;</li> <li>✓ тыңдай отырып салыстырады;</li> <li>✓ оқу- еңбек тақырыптарына байланысты күрделі сөздер мен тұрақты тіркестердің мағынасын түсінеді;</li> <li>✓ тірек сөздер, автор көзқарасы мен көңіл күйі арқылы негізгі ойды анықтайды;</li> <li>✓ тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде деректерді келтіре отырып, дәлелді жауап береді.</li> </ul>
<b>Айтылым</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ сөздік қорды (ішінде перифразалар бар) меңгереді;</li> <li>✓ шығармашылық қосымшалар бар мәтіннің мазмұнын айтады;</li> <li>✓ синтаксистік нормаларды сақтайды;</li> <li>✓ есімше, көсемшелерді қолданады;</li> <li>✓ кесте, сызба, диаграмма, негізінде дәлелді көзқарас білдіреді;</li> <li>✓ қоғамдық-әлеуметтік маңызды мәселелер бойынша диалогтарға қатысады;</li> <li>✓ кесте, сызба, диаграмма, кесте негізінде біреу айтқан пікірді (монолог, диалог) бағалайды.</li> </ul>
<b>Оқылым</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала, пікір, интервью жазады;</li> <li>✓ эссе құрылымы мен дамуын сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдарын ұсынады;</li> <li>✓ жазба жұмыстарында символ мен кейіптеу түрлерін қолданып жазады;</li> <li>✓ тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, эссе жазуда тиімді қолданады;</li> <li>✓ тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазады; (жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздер)</li> <li>✓ сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолданады.</li> </ul>
<b>Жазылым</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ мәтіндегі негізгі, қосымша, толық берілген ақпаратты түсінеді;</li> <li>✓ тән белгілер арқылы ресми-іскери стильдің (мінездеме, өмірбаян, түйіндеме), публицистикалық стильдің (мақала, интервью, очерк) ерекшелігін анықтайды;</li> <li>✓ болжам, интерпретация, идеяларды анықтайтын мәтін бойынша мәселелік сұрақтарды құрайды;</li> <li>✓ барлық оқылымның түрлерін қолданады;</li> <li>✓ дәйексөзден келтірілген жоспарды құрайды;</li> <li>✓ драмалық, прозалық, поэзиялық шығармалардың мазмұнын талдайды, олардың құрылымдық-композициялық ерекшеліктерін анықтайды;</li> <li>✓ әртүрлі көзден ақпараттарды жинақтайды, оның өзектілігін анықтайды, мазмұнын, тіл ерекшелігін салыстырады.</li> </ul>
<b>9-сынып</b>	
<b>Тыңдалым</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ ұзақтығы 5-8 минуттағы тыңдалған хабарламадан негізгі, толық ақпаратты түсінеді;</li> </ul>



	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ оқиғаға, кейіпкерге қатысты айтушының көзқарасын анықтайды;</li> <li>✓ тыңдалатын мәтіндегі фразалар мен дәйексөздерді талқылай отырып, тақырып пен көтерілетін мәселені болжайды;</li> <li>✓ тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді;</li> <li>✓ ақпараттың шынайылығы мен нақтылығын анықтайды;</li> <li>✓ әлеуметтік - қоғамдық тақырыптар аясында айтылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсінеді;</li> <li>✓ шағын көлемді прозалық, поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдайды;</li> <li>✓ көтерілген (тұрмыстық, әлеуметтік, қоғамдық) мәселені анықтап, өз пікірін білдіреді;</li> <li>✓ мәтіннің мақсатты аудиториясын, автордың негізгі ойы мен көзқарасын анықтайды;</li> <li>✓ тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде көтерілген мәселеге сыни көзқарасын білдіреді.</li> </ul>
<b>Айтылым</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ негізгі, екінші кезектегі және жасырын ақпараттарды түсінеді;</li> <li>✓ ғылыми стильде (аннотация, пікір, тезис, мақала, баяндама, презентация) жазылған еңбектердің тілдік және жанрлық ерекшелігін анықтап, талдау жасайды;</li> <li>✓ прозалық және поэзиялық шығармалардағы автордың ойы мен көтерілген мәселені анықтап, оқырман әсерін бағалайды;</li> <li>✓ мәтіндердің стилін, жанрлық ерекшеліктерін салыстырып, талдау жасайды;</li> <li>✓ қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерден қорытынды жасайды;</li> <li>✓ өз көзқарасын білдіреді;</li> <li>✓ мәтінде көтерілген мәселеге сыни тұрғыдан баға береді;</li> <li>✓ тезистік жоспар құрайды.</li> </ul>
<b>Оқылым</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, ғылыми стильдегі мақала, аннотация, шолу, нұсқаулық жазады;</li> <li>✓ ресми-іскерлік стиль (ереже, есеп, нұсқаулық);</li> <li>✓ ұсынылған тақырып бойынша эссе жазады;</li> <li>✓ эссе құрылымы мен дамуын сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыра отырып, өз ойын дәлелдеп жазады;</li> <li>✓ жазба жұмыстарында афоризмдерді тиімді қолданып жазады;</li> <li>✓ тақырып бойынша түрлі стильдегі мәтіндер құрауда мәліметтерді жинақтап, дереккөздеріне сілтеме көрсетіп жазады;</li> <li>✓ тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі, құрама атауларды дұрыс жазады;</li> <li>✓ сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолданады.</li> </ul>
<b>Жазылым</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ берілген тақырыпқа сай сөздерді орынды қолдана отырып, мақсатты аудиторияға арналған ауызша мәтіндер құрайды;</li> <li>✓ коммуникативтік жағдаяттарға байланысты сөйлеу этикеті формаларын дұрыс тандай біледі;</li> <li>✓ коммуникативтік жағдаятқа сай сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп, өз ойын жеткізеді;</li> <li>✓ шығарманың идеясы мен мазмұнына байланысты «автордың ойын» бағалайды;</li> <li>✓ сөйлеу барысында түрлі стильде берілген тақырып бойынша қажетті аргументтерді орынды қолданады;</li> <li>✓ диалогте, полилогте сенімді сөйлейді;</li> </ul>

	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ кесте, диаграмма, шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпараттарды өзара салыстырып бағалайды.</li> </ul>
<b>10-сынып</b>	
<b>Тыңдалым</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ ұзақтығы 8-9 минуттық мәтінді түсінеді, лексикалық және синтаксистік ерекшеліктерді бағалайды;</li> <li>✓ әртүрлі тақырыптардағы терминдер мен сөздерді түсінеді;</li> <li>✓ мәтіннің соңын болжайды, хабарламалардағы логикалық байланыстарды анықтайды;</li> <li>✓ маңызды ақпараттарды анықтайды;</li> <li>✓ ұсынылған мәтіннің мазмұнын түсінеді, онда грамматикалық қателерді (уақыттылық байланыс, меңгерту және т.б.) анықтайды, паронимдердің қолдануы) таба алады;</li> <li>✓ мәселелік сауалдарға және дербес көзқарас қалыптастыратын сауалдарға жауап береді;</li> <li>✓ әртүрлі стильдегі және әр үрлі тақырыптағы, мақсаттағы, коммуникативтік жағдаяттағы мәтіндерді түсінеді.</li> </ul>
<b>Айтылым</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ ауқымды тақырыпта тиімді қарым-қатынас жасау үшін, көлемді сөздік қорын меңгереді;</li> <li>✓ әртүрлі тәсілдерді қолдана отырып, автордың көзқарасын және мәселеге қатысты жеке көзқарас білдіреді;</li> <li>✓ мәтінді мазмұндайды, өзінің алған әсерін айтады;</li> <li>✓ әртүрлі тақырыптағы диалогтарға қатысады;</li> <li>✓ қоғамдастық пен веб-сайтты қолданып ұсынылған тақырып (2 шағын тақырып) бойынша пікірін білдіреді;</li> <li>✓ жіберілген хабарламаның негізгі идеясын анықтайды;</li> <li>✓ өзінің бақылау әсері негізінде өзекті мәселе бойынша айтылған диалогтар шеңберінде өз ойын білдіреді, бағалайды.</li> </ul>
<b>Оқылым</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ абстракті және нақты тақырыптар шеңберінде әртүрлі жанрдағы күрделі мәтіндерді түсінеді;</li> <li>✓ коммуникативтік жағдаятқа, тақырыпқа, мақсатқа сәйкес әртүрлі стильдегі мәтіндерді анықтайды;</li> <li>✓ мәтін бойынша мәселелік сауалдарды құрайды;</li> <li>✓ дәлел мен аргумент, логика, идея, интерпретация негізінде болжам жасайды;</li> <li>✓ дербес көзқарас қалыптастырады;</li> <li>✓ факті мен пікірлерді ажыратады;</li> <li>✓ танысу оқылым, мәтіндегі дәйексөздерден тұратын жоспар құрайды;</li> <li>✓ қажетті қосымша ақпаратты қолдана алады;</li> <li>✓ баспа мәтінін өзгерте алатын әдіс-тәсілдерді меңгереді;</li> <li>✓ библиографияны құрайды;</li> <li>✓ мәтіннің/шығарманың мәселесін зерделейді;</li> <li>✓ мәселе бойынша мәтінді/шығарманы салыстырады.</li> </ul>
<b>Жазылым</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ тақырыпқа, мақсатқа және жағдаятқа байланысты мәтіндер құрайды;</li> <li>✓ жазылымда метафораларды қолданады;</li> <li>✓ әртүрлі композиция мен типтегі мәтіндерді бағалайды, олардың негізінде пікір қалыптастырады;</li> <li>✓ синонимдік және омонимдік құрылымдарда қосымшаларды дұрыс қолданады;</li> <li>✓ құрмалас сөйлемдерді құру үшін жалғауларды қолданады;</li> <li>✓ күрделі сөйлемдерде дұрыс тыныс белгілерін қолданады;</li> </ul>

	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ берілген тақырыптарға шығармашылық жұмыстарды өз көзқарасы бар эсселерді жазады;</li> <li>✓ өзі дайындаған мәтінді жетілдіреді.</li> </ul>
<b>11-сынып</b>	
<b>Тыңдалым</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ ұзақтығы 15-20 минуттық мәтінді түсінеді, ондағы ақпаратты анықтайды;</li> <li>✓ лексикалық және стилистикалық ерекшеліктерді бағалайды;</li> <li>✓ ауқымды тақырып және мәселелер бойынша терминдер мен сөздердің мағынасын түсінеді;</li> <li>✓ әртүрлі мәтіндердің соңын болжайды;</li> <li>✓ ұсынылған мәтіннің мазмұнын түсінеді, онда грамматикалық қателерді (уақыттылық байланыс, менгерту, паронимдердің қолдануы) және т.б. анықтайды;</li> <li>✓ мәселелік сауалдарға және дербес көзқарас қалыптастыратын сауалдарға жауап береді;</li> <li>✓ әртүрлі стильдегі және әртүрлі тақырыптағы, мақсаттағы, коммуникативтік жағдаяттағы мәтіндерді түсінеді.</li> </ul>
<b>Айтылым</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ тіл иеленушілердің қорына жақын сөздік қорды меңгереді;</li> <li>✓ әртүрлі әдістерді қолданып, автордың көзқарасы мен мәселеге байланысты өзінің көзқарасын білдіре отырып мәтінді мазмұндайды;</li> <li>✓ мәтіндегі мәселені талдайды;</li> <li>✓ мәтінді мазмұндайды, өзінің алған әсерін айтады;</li> <li>✓ әртүрлі тақырыптағы диалогтарға қатысады;</li> <li>✓ идея, интерпретация мен болжамдарды қолданып мәтіндегі мәселені талдайды;</li> <li>✓ әртүрлі пікір білдіреді;</li> <li>✓ өзінің көзқарасын дәлелдейді;</li> <li>✓ ауқымды тақырыптағы диалогке қатысады;</li> <li>✓ аудиовизуальді материалдарды қолданып, ұсынылған тақырып бойынша көзқарасын білдіреді;</li> <li>✓ ауқымды тақырып бойынша әртүрлі диалогтарды бағалайды.</li> </ul>
<b>Оқылым</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ абстракті және нақты тақырыптар бойынша, соның ішінде күрделілігі әртүрлі және тар шеңберлі мәтіндерді түсінеді;</li> <li>✓ мәтіндердің түрін, жанрын, композициялық ерекшеліктерін талдайды;</li> <li>✓ оқылған мәтін бойынша сұрақтар құрайды;</li> <li>✓ дәлел мен аргумент, логика, идея, интерпретация негізінде болжам жасайды;</li> <li>✓ дербес көзқарас қалыптастырады;</li> <li>✓ факт пен пікірлерді ажыратады;</li> <li>✓ танысу оқылым, мәтіндегі дәйексөздерден тұратын жоспар құрайды;</li> <li>✓ қажетті қосымша ақпаратты қолдана алады;</li> <li>✓ баспа мәтінін өзгерте алатын әдіс-тәсілдерді меңгереді, библиографияны құрайды;</li> <li>✓ мәтіннің/шығарманың мәселесін зерделейді;</li> <li>✓ мәселе бойынша мәтінді/шығарманы салыстырады;</li> <li>✓ мәтіндерді/ көркем шығармаларды басқа өнер туындыларымен салыстырады (кескіндеме, музыка, театр, кино), олардың ерекше және жалпылама белгілерін сипаттайды.</li> </ul>
<b>Жазылым</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ нақты бір жағдаяттың мәселесі, тақырыбы, мақсатына сәйкес әртүрлі мәтіндерді құрайды;</li> </ul>

	<ul style="list-style-type: none"> <li>✓ ой мен сезімді нақты жеткізу үшін әсерлі құралдарды қолданады;</li> <li>✓ жазба жұмыстарының ережелерін сақтай отырып, қолжазба мәтіндерін құрайды;</li> <li>✓ (аудио, видео және т.б.), бақ материалдары мен электрондық құралдарды қолданып жеке ойын білдіреді;</li> <li>✓ жазбада дербес және көмекші сөз таптарын дұрыс қолданады;</li> <li>✓ күрделі және жай сөйлемдерде, диалог пен дәйексөздерде тыныс белгілерін орынды қолданады;</li> <li>✓ ұсынылған тақырып бойынша эссе мен шығармашылық жұмыстарды жазады;</li> <li>✓ ой жүйелілігін, біртұтастығын ескереді;</li> <li>✓ көркем құралдарды әдеби тілдің нормаларына сәйкес қолданады.</li> </ul>
--	---

### 3.3. Критериалды бағалауды ұйымдастыру тәртібі

Критериалды бағалау – белгіленген критерийлер негізінде білім алушылардың нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудың күтілетін нәтижелерімен сәйкестендіру үдерісі.

Критериалды бағалаудың мақсаты - білім алушылардың оқу нәтижелері туралы объективті ақпарат алу, бағалау критерийлері негізінде бағалау және оны оқу процесін ұйымдастыруды одан әрі жетілдіру үшін барлық мүдделі қатысушыларға ұсыну.

► Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 6.ҚР БЖҒ министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы «№ 125 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы» ҚР БЖҒ министрінің 2020 ж. 17.04. № 149 бұйрығы.

Жаңартылған орта білім мазмұны бойынша білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау жүргізудің тәртібі

1. Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау формативті және жиынтық бағалау нысандары негізінде жүзеге асырылады.

2. Формативті бағалау білім алушылардың оқыту мақсатына жету мониторингін жүргізу және орындалған үй жұмысы мен педагогтің жазбаша түрдегі (дәптерге немесе күнделікке) немесе ауызша ұсынымдамаларының қорытындысын ескере отырып сараланған жұмыстарды одан әрі теңестіру үшін жүргізіледі.

3. Формативті бағалау кезінде мұғалім сабақта кері байланысты жүзеге асырады. Педагог білім алушылардың санын, кері байланысты беру нысанын және жиілігін дербес анықтайды.

4. Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (бұдан әрі - БЖБ) нәтижесі бойынша білім алушыларға тоқсандық оқу жетістіктерін бағалау кезінде ескерілетін балдар қойылады.

6. БЖБ тоқсанына үш реттен артық өткізілмейді. Бөлімдер/ортақ

тақырыптар тоқсанына төрт және одан да көп бөлімдерді/ортақ тақырыптарды оқып-зерделеген жағдайда тақырыптардың ерекшеліктерін және оқыту мақсаттарының санын ескере отырып біріктіріледі. Оны екі кезеңде өткізуге болады. Формативті және жиынтық бағалау тапсырмаларын педагог өзі дайындайды.

7. Тілдік пәндер бойынша жиынтық бағалау сөйлеу әрекетінің төрт түрі бойынша жүргізіледі (тыңдалым (тыңдау), айтылым, оқылым, жазылым). Тыңдалым (тыңдау) және айтылым дағдыларын бағалау жиынтық бағалауды өткізу жоспарланған аптаның ішінде сабақтың барысында жүргізіледі.

8. Білім алушылардың тоқсандағы оқу жетістіктерінің нәтижелері бойынша жазбаша түрде өткізілетін жиынтық бағалауда объективтілік және ашықтықты қамтамасыз ету үшін модерация жүргізіледі.

9. Модерация қорытындысы бойынша білім алушылардың өзгертуге жататын жиынтық жұмыстарының тоқсандық балы қайта тексеріледі. Модерация қорытындысы бойынша қойылатын жиынтық жұмыс балы жоғарылатылып, сол сияқты төмендетіліп те қойылады.

Формативті/қалыптастырушы бағалау барлық тоқсанда күнделікті сабақ беру барысында жүйелі түрде жүргізіледі және сабақтың бөлінбейтін бөлігі болып табылады. Формативтік/қалыптастырушы бағалау үнемі үздіксіз жүргіліп отырады, балл мен баға қойылмайды, мұғалім мен оқушының арасындағы кері байланыс әрекеті арқылы оқыту үдерісін уақытында түзетіп отыруға, оның өлшемін анықтауға, сабақты ары қарай жоспарлауға ықпал етеді.

Формативті /қалыптастырушы бағалау үдерісі төменгі кезеңдерден тұрады:

✓ Оқушыларды анықталған оқу мақсаттары мен бағалау критерийлерімен таныстыру.

✓ Оқушылардың нені және қандай деңгейде түсінгендігін анықтайтын дәлелдемелердің көрсеткіші бола алатын тиімді орта тудыру немесе олардың басқа іс-әрекеттерін ұйымдастыру.

✓ Оқушының дамуына ықпалын тигізетін тиімді кері байланыс беріп отыру.

✓ Оқушыларды бір-біріне өзара оқыту көзі бола алатындай ынтымақтастандыру.

Оқушы өз оқуы барысында өзін «кұрастырушы» ретінде қабылдау [ ДББҰ «НЗМ» Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау басшылығы, Астана, 2016 ].

#### **III.4. Сөйлеу әрекетінің төрт түрін бағалауға арналған тапсырмалар үлгісі**

Тілдік пәндер бойынша бағалау сөйлеу әрекеттерінің түрлері негізінде жүзеге асырылады. Сөйлеу әрекетінің төрт түрі:

- тыңдалым;
- айтылым;
- оқылым;
- жазылым.

Сөйлеу әрекетінің төрт түрі бойынша келесі тапсырмалар үлгісін оқу процесінде қолдануға болады, бірақ алдын ала педагог оқу мақсатына сәйкестігін анықтауы тиіс, сонымен қатар, қажет болған жағдайларда кейбір тапсырмаларға дескрипторлар әзірлеп, білім алушылардың білім, білік, дағдысын бағалауға болады.

### *Тыңдалым дағдысына қатысты тапсырмалар*

Тыңдалымға арналған материалдар: аудио және бейне жазбадағы мәтіндер мен түрлі тапсырмалар.

Ұстанымдары:

- 1) мәтінді толық не үзіндіні тыңдау;
- 2) мәтіндегі грамматикалық формаларға арналған тапсырмалар орындау;
- 3) тыңдалым арқылы естілген мәтін жедел не жәй қарқында тыңдалып, сөздер мен сөйлемшелердің мағынасына көңіл бөлінеді.

Тыңдалым мәтіні оқу үдерісінде орындалып (таспа не дискіден), сабақта мұғалімнің көмегі арқылы түрлі әдістермен жұмыс істелінеді. Осы кезеңде оқушы өзіне таныс немесе таныс емес сөздерге мән беріп, оны дұрыс қабылдап, жылдам меңгеруге әрекет жасайды.

Ол үшін тыңдалымға қатысты тақырыпқа байланысты алдын-ала түрлі тапсырмалар ұсынылады. Мысалы, актив сөздер, актив және пассив сөйлемдер үлгілері ұсынылып, сұрақ және жауап түріндегі тапсырмалар орындалуы тиіс.

Тыңдалымға ұсынылатын материалдарды мұғалім алғашқы қарапайым деңгейден бастап-ақ тыңдатып, түрлі жаттығулар ұсынуы қажет. Аудиожазба сабақ үстінде бір не бірнеше рет тыңдалып, ондағы ақпаратты түсіну мақсатында 2 не 4 сұрақ беріліп, тапсырмалар орындалады. Диалог не полилогты (монолог, интервью т.б.) әуелі бір рет, содан соң қайталап тыңдатуға болады. Сабақтағы тыңдалым тапсырмасы 3 не 5 минут уақытқа жүргізіледі.

### **Тыңдалымды қалыптастыру тәсілдері**

1. Мәтін, диалог, полилог және монолог арқылы сөздік қорын байыту тапсырмалары.

Мәтінді көңіл қойып тыңдандар, өздеріне таныс сөздерді жазып алыңдар.

2. Мәтіндегі актив лексиканы тыңдап және қайталаңдар.
3. Диктордың дауысымен жазылған мәтінді тұтастай қайталап айтыңдар.
4. Тыңдалған ән мәтінін үйреніңдер.
5. Берілген сұрақтарды тыңдап, оған жауап беріңдер.
6. Сөйлемшелерді тыңдап, таныс сөздердің мағынасын түсініңдер.
7. Тыңдалған мәтін бойынша тірек сөздерді, лексикалық бірліктерді есте сақтауға тырысыңдар.
8. Мәтінді тыңдап (берілген сұрақтарға) толық жауап іздеңдер.
9. Тыңдалған мәтіннің басқа немесе орта (соңғы) бөлігін әңгімелеп беріңдер.
10. Тыңдалған мәтіннің негізгі бөлігі бойынша өз ойларыңды жеткізіп, қай тақырыпта екенін айтыңдар.
11. Мәтінді тыңдап, оған пікір жазыңдар; 1) ақпарат тақырыбы мен және

оған қатысты актив сөздер; 2) кейіпкерлер; 3) мазмұнын қысқаша беру; 4) негізгі ой; 5) баламалы мәтін беріндер.

12. Диалогты тыңдап, оны кеңейтіп айтыңдар.

13. Диалогты тыңдап, монолог түрінде әңгімелеңдер.

14. Бірнеше сұрақтарды тыңдап, оған болымды және болымсыз жауап түрінде өз ойларыңды айтып беріндер.

15. Картадан тыңдалған мәтінде кездесетін ел, жер, қала атауларын көрсетіндер.

16. Бос орындарды (тыңдау кезеңінде) толтырыңдар.

17. Әңгімені тыңдап, оған түсініктеме беріндер, көзқарастарыңды білдіріңдер.

18. Тыңдалған әңгімеге жоспар құрып, оны сипаттаңдар.

19. Досыңнан ести алмаған сөйлемшені сұрап біліңдер.

20. Тыңдалған материалға баға беріндер, іс-әрекет қайда болғанын, орнын анықтаңдар.

Тыңдалған оқу материалдарын өзара талқылау

1. Сұрақ-жауап түрінде:

Оқиға қай жерде болған?

Әңгіме кім/не жөнінде болды?

2. Тыңдалған актив сөздерден диктант жаздыру: буынға бөлу, сөзтудырушы қосымшаларды анықтау, фонетикалық талдау жасау.

3. Мәтінді 2-3 рет тыңдап, естігені бойынша пікір алмасу, өз ойын дәлелдеу.

4. Естігендеріне қатысты сурет салу, оны пайдаланып әңгіме құру.

5. Мұғалім тыңдауға ұсынатын мәтіндегі қиын сөздердің түсіндірмесін беріп, сол сөздермен шағын мәтін құрғызады, соңынан талқылайды.

6. Қарапайым деңгейде сұрақ-жауап түрінде түрлі заттың көрнекіліктері (ойыншық, кейіпкерлер т.б.) арқылы тыңдалған мәтінмен жұмыс түрі орындалады.

7. Тыңдалған мәтінді мағынасына қарай бөлу тапсырмасы беріледі.

8. «Тыңдаңдар! Қайталаңдар» түріндегі жаттығулар ұсыну.

9. Сөздерді тыңдап және оқыңдар. Мынаған көңіл аударыңдар...

10. Актив сөздерді тыңдап және дыбысталған сөздерді жазып алыңдар.

11. Тыңдаған материал бойынша әр сөзге қойылған екпінді анықтаңдар.

12. Сөйлемдер қатарын тыңдап, онда қанша сұраулы, лепті, хабарлы сөйлем бар екенін айтыңдар.

13. Диктордың сөзін қайталаңдар.

14. Тыңдалған сөйлемдер ішінен тақырыпқа сәйкес келмейтін сөйлемді белгілеңдер.

15. Тыңдалған мәтіндегі сан есімдерді, цифрларды жазыңдар.

16. Сөйлеу үлгілерін тыңдап, суретке сәйкес келетін тиісті орнына қойыңдар.

17. Тыңдалған мәтін бойынша .... айтыңдар.

18. Тыңдалған тапсырмаларды мәтінді оқу үшін пайдаланыңдар.

Тыңдалатын мәтінмен жұмыс түрі

*Мәтін алды кезең*

1. Тақтада жазылған сөздермен жұмыс.
2. Жаттығулар орындау (мәтінге байланысты).
3. Жаңа сөздерді түсіндіру.
4. Күрделі грамматикалық қағидалармен жұмыс.
5. Мәтінге тақырып іздеу.

*Мәтін кезеңі*

1. Мәтінді бірнеше рет тыңдау.
2. Әрбір абзацқа тақырып қою.
3. Сұраққа жауап беру.

*Мәтіннен кейінгі кезең*

1. Сұрақ-жауап.
2. Әңгімелеуге арналған жоспар құру.
3. Мәтін тақырыбына ситуация құру.
4. Монолог құруға дайындық.
5. Мәтінге диалог құру.
6. Баламалы мәтін әзірлеу.

*Айтылым дағдысына қатысты тапсырмалар*

Оқушыларға айтылым біліктерін үйретуде мұғалім үшін осы процесті бақылау, оқушылардың екінші тілде сөйлеу барысындағы негізгі қиындықтарын анықтау, сондай-ақ айтылым біліктерін дұрыс бағалауды жүзеге асыру маңызды. Сондықтан, төменде біз айтылым біліктерін бағалаудың ерекшеліктерін қарастырамыз.

Мұғалім оқушыларда айтылымды қалыптастыру үшін келесі тапсырмаларды ұсынады:

- 1) сұраққа жауап беру;
- 2) сұхбат барысында өзінің ойын, мәселеге байланысты пікірін ашық білдіруге,
- 3) қазақ тілінің лексикалық-грамматикалық нормаларын білуіне;
- 4) түрлі салаларда қазақ тілі лексикасын орынды қолдана білуіне;
- 5) қазақ тіліндегі мәтіндерді тыңдап және түсінгенін айтуға үйрету.

Айтылымға арналған жаттығулар оқушылардың бір-бірімен өзара қарым-қатынасқа түсіп, өздері меңгерген сөздік қоры мен грамматикалық тұлғаларды пайдаланып диалогқа және монологқа дағдыланады.

Айтылым-монолог (мәтін негізінде) :

1. Мәтін сипатын анықтаңдар (хабарлама, репортаж, мазмұндама, оқырманмен диалог сұхбаты т.б.).
2. Мәтінге қойылған сұраққа жауап іздеңдер.



3. Мәтіндегі актив сөздерді табыңдар.

Жағдаяттық тапсырмалар негізінде монолог құру

1. Сөйлемдерді тыңдап және қайталаңдар.
2. Өз іс-әрекетіңді баяндаңдар.
3. Сөйлемдерді кеңейтіндер.
4. Әңгімелеушіні қолдау ретінде пікірімен келіскенінді білдіріңдер.
5. Айтылған пікірге көзқарасыңды білдір.
6. Түрлі оқиғаларға қатысты фактілерге талдама жасаңдар.
7. Түйіндеме жасаңдар (қорытынды).
8. Кейіпкер әрекетіне баға беріңдер.
9. Белгілі бір оқиғаға қатысты маған хабарлама жасаңдар.
10. Тақырыпқа байланысты монологтық сөйлеу мәтінін құрастырыңдар.
11. «Дөңгелек үстел» тақырыбына баяндама әзірлеңдер.
12. Бейне материалды тыңдап, монологтық ойды анықтаңдар.

Диалог-айтылым

1. Дұрыс дыбыстауға үйрену үшін диалогтың кейбір репликаларын жазып алыңдар.

2. Рөлдер бойынша диалогты оқып және айтуға үйреніңдер.

3. Диалог репликаларын өзбетіңше кеңейтіп дамытыңдар.

4. Кейбір диалог репликаларын өзгертіп айтыңдар.

5. Тақырыпқа диалог құр (түрлі сөйлеу жағдаяты үшін).

6. Актив сөздермен диалог құраңдар.

7. Сөйлеу жағдаятын сипаттап, оған қажетті грамматикалық тұлғаларды пайдаланып, репликалар жазыңдар.

8. Диалогты шағын диалогтарға бөл (көзқарас, келісу не келіспеу т.б.).

9. Суреттер бойынша диалог құраңдар (актив сөздерді қолданып).

10. Оқыған мәтінге диалог құраңдар.

Жоғарыда берілген тапсырмалар негізінде мұғалім критерийге сәйкес дескрипторлар құрайды және білім алушылардың білім, білік, дағдысы бағаланады.

*Оқылымға қатысты тапсырмалар*

*Оқылымға берілетін тапсырмалар және оны орындау үшін қажетті әдіс-тәсілдер*

*Мәтінмен жұмыс*

нені оқимыз?	қандай мақсатпен?	Оқылым түрі
Оқулықтағы мәтіндер: түпнұсқалық, бейімделген бейімделмеген	ақпаратты алу, танысу, қорыту	танысымдық ізденімдік көз жүгіртіп оқу зерделік оқу

**Белсенді әдістер**

1. Мәтін тақырыбын оқындар. Қанша сөз есіңе түседі? Сөздер тізімін жаса.

2. Оқуға берілген тақырып мазмұнын түсіну үшін қанша сөз қажет?
3. Актив сөздерге сүйеніп, мәтін мазмұнын болжау үшін сұрақтар жаз.
4. Мәтіндегі лексикалық бірліктерді тап (сөз, сөз тіркесі) т.б.
5. Мәтіндегі бұрыннан өзіңе таныс сөздерді оқып, оны түсіндір.

### **Мәтін кезеңі**

1. Сұрақ қойындар.
2. Сұраққа жауап іздеңдер.
3. Мәтін ішінен өзіңе керекті ақпаратты тап.
4. Мәтінді оқып, екі-үш сөйлем көлемінде мазмұнын баянда.
5. Мәтін тақырыбына қатысты ойыңды бөліс, түсіндір.
6. Мәтіннен қандай ақпарат алдыңдар, сұхбат құрындар.

### **Мәтіннен кейінгі кезең**

1. Сұрақ-жауап.
2. Еркін әңгімеге араласу.
3. Мәтінді абзацтарға бөліп, тақырып беру.
4. Өзі оқыған мәтін ақпаратын досына таныстыру.
5. Мәтіндегі актив сөздерді пайдаланып, монолог, диалог құру.
6. Мәтін тақырыбына қатысты шешендік сөздер (мақала, қанатты сөз т.б.) қатыстырып әңгімелеп беріңдер.
7. Мәтінді тыңдаңдар.

### ***А. Мәтіналды жаттығулар***

1. Мәтін атауына қараңдар. Қалай ойлайсыңдар, әңгіме не туралы?
2. Егер әңгіме ... туралы болса, қандай сұрақтар талқылануы мүмкін?
3. Осы тақырып үшін қандай сөздер типтік болып табылады?
4. Атауы бойынша мақала таңдаңдар, қайсысын оқығың келеді? Оқылым түрін таңдаңдар ( қарап шығу, танысып оқу, таңдап оқу, ұқыпты оқу)
5. Лексика- грамматикалық қиындығына қатысты жаттығулар болуы мүмкін.

### ***Б. Мәтінді оқу кезіндегі жаттығулар***

1. Кестені толтырыңдар (бір немесе бірнеше мәтіндегі ақпарат)
2. Жарнама жазып үйреніңдер;
3. туралы ақпарат бар ма, жоқ па?
4. Сұрақтарға жауап табыңыз.
5. «Шын және жалған»
6. Мақала не туралы, анықтаңдар

7. Әрбір сөйлем не туралы, анықтаңдар.
8. Мәтін тақырыбы қалай аталады, табыңдар.
9. Мәтінде жаңа ақпарат бар ма?

### ***В.1. Мәтінді оқу кезіндегі және мәтіннен кейінгі құрылымдық тапсырмалар***

1. Мәтінді қайта оқыңдар, .... білдіретін сөздерді табыңдар.
2. Зат есімді анықтайтын сөздерді табыңдар.
3. білдіретін екі сөзді табыңдар.
4. Мына сөздердің эквивалентін табыңдар.
5. фразаларға, сөйлем мүшелеріне, мәтінге сұрақ қойыңдар
6. мәтінді бір фразамен беріңіз. («сверните» текст в одну фразу)
7. фразаны мәтінге кеңейтіңдер.
8. Фразаларды алмастырыңдар
9. Сөздерді синонимдермен алмастырыңдар.

### ***В.2. Мәтіннен кейінгі коммуникативтік тапсырмалар. Ауызша, жазбаша сөйлеуге шығу***

1. Жауап жазыңдар, өтініш жазыңдар, ақпарат жіберуді өтініңдер.
2. Телефонмен звондаңдар.
3. Мақала авторынан интервью алыңдар.
4. Жаңа тақырып жазыңдар.
5. Мәтіндерді бөлікке бөліңдер, оларға тақырып қойыңдар.
6. Бір біріңізге түсіндіріңдер, қандай ақпарат таптыңдар.
7. Қысқаша мазмұнын жазыңдар, екі үш сөйлеммен. Аннотация, анықтама жазыңдар.
8. Мәтінге жарнама жазыңдар

#### *Жазылымға қатысты тапсырмалар*

Жазылым – жазбаша түрде мәтін құрып және оны жазып алу әрекетімен байланысты түрі.

Жазылымға ұсынылатын оқу материалдары: әліпби (әріптер, дыбыстар) буын, сөз, сөйлем, мәтін, диктант, мазмұндама, тест, эссе, хат, шығарма және т.б.

Жазылымға қатысты тапсырмалар сауатты жазуға дағдыландыру мақсатында беріледі. Ол үшін түрлі тапсырмалар мен жаттығулар орындалуы тиіс. Мұндай тапсырмалар қазақ тілінің жазу нормасына сай сауатты жазылуы керек. оқушы осындай тапсырмаларды орындау арқылы грамматикалық ережелерді білуге, сөздердің сөйлем құрылымындағы орын тәртібі мен тыныс белгілерін дұрыс қоюға, ең негізгісі өз ойын хат, эссе арқылы жеткізуге әрекет жасайды.

Мұғалім оқушының жазылым арқылы білімі мен білігін қалыптастыру мақсатында мынаны ескеруі тиіс:

- ресми құжаттарды дұрыс әрі сауатты толтыруға бейімдеу (резюме, хат, түрлі ресми қағаздар және т.б.);
- ресми және бейресми хаттар мен смс-тер жазуға;
- құттықтау хаттары (шақыру, құттықтау, алғысхат т.б.);
- әңгіме, эссе жазуға икемділігі;
- мәтін мазмұнын жазбаша жазуға немесе баяндауға;
- өз ойын, шешімін, пікірін білуге үйрету.

### *Сөйлеу әрекетінің жазылым түріне арналған жаттығулар*

1. Актив сөздермен сөйлемді толықтырыңдар.
2. Заттарды сипаттап жазыңдар.
3. Сөйлемдерді толықтырыңдар.
4. Мәтін абзацын толықтырып, өзгертіп жазыңдар.
5. Синоним, антоним сөздерді сәйкестендіріңдер.
6. Мәтін абзацтарына тақырып жазыңдар.
7. Сөйлемнің бірінші бөлігін жазыңдар.
8. Мәтінді көшіріп жазыңдар.
9. Мәтіндегі актив сөздер мен сөз тіркестерін теріп жазыңдар.
10. Құттықтаусөз үлгісінде, қысқаша жеке хат мәтінін жазыңдар.
11. Мерекеге қатысты құттықтау хатын жазыңдар.
12. Ресми құжаттарды толтырыңдар: өтініш, резюме т.б.
13. Тезис, жоспар құрыңдар.
14. Өздеріңнің болашақта орындайтын жоспарларыңды сипаттап жазыңдар.
15. Іскери хат жазыңдар.
16. Оқыған кітабының мазмұнын қысқаша жазыңдар.
17. Болған оқиға жөнінде өз ойларыңды жазыңдар.
18. Берілген тақырыпқа жазбаша монолог құрыңдар.
19. Тұрмыстық-әлеуметтік, оқу-кәсіби, іскери салаларға қатысты өзіндік мәтін құрып жазыңдар.
20. Үлгі бойынша әріптерді әліпби ретімен жазыңдар.
21. Сөздерді тиісті әріптермен толықтырып жазыңдар.
22. Берілген сөздермен сөйлем құрып жазыңдар.
23. Әрбір сөйлемге сұрақ қойып жазыңдар.
24. Мәтінді қысқартып жазыңдар.
25. Өлеңді қарасөзге айналдырып жазыңдар.

### *Жазылым білігін қалыптастыру*

Жазылым түрі ең алдымен сауатты жазуға дағдыландыру үшін қажет. Ол үшін түрлі жаттығуларды орындау, сұрақ-жауап, диктант, шағын эссе жаза білу білігін қалыптастыру тиімді:

1. Білім алушы түрлі жанрларда (жоспар, тезис, түйіндеме, өтініш, мазмұндама, шығарма және т.б.) өзіндік мәтін құра білуі керек. Бұл түрлі салаларда қарым-қатынас құру білігін қалыптастырады.

2. Ой-талқы, хабарлау, дәлелдеу түріндегі жазылым түрлерін сипаттауға көңіл бөлінеді.

3. Тыңдалған материалдың мазмұнын өз сөзімен жаза білуі тиіс.

4. Тыңдалған немесе оқуға берілген мәтін бойынша жазбаша диалог, монолог, әңгіме жазуға бейімделу.

Екінші және үшінші тілдерді оқыту барысында қалыптастырушы бағалаудың сапасын анықтайтын келесі сұрақтар:

- Білім алушы оқытудың қай деңгейінде?
- Ол білім алуда неге талпынады?
- Білім алушылардың білімін жетілдіру үшін не істеу керек?

Қалыптастырушы бағалау арқылы бағалау жүйесі тиімді, анық, әділ өткізіледі. Бағалау оқу мақсаттары, бағалау критерийлері, ойлау дағдыларының деңгейлері, түрлі деңгейдегі тапсырмалар, дескрипторлар негізінде жүзеге асырылады.

Бағалауға арналған тапсырманы зерделеуге арналған ұсыныстар

Тапсырманы құрастырғанда, таңдағанда, нақтылағанда мыналарға назар аударған жөн:

- 1) Қарастырылған тапсырманың оқу мақсатына сәйкестігі;
- 2) Оқу жетістігінің деңгейін бағалау мүмкіндігі;
- 3) Жоғарыда берілген ұстанымдарды ұстану мүмкіндігі;
- 4) Білім алушылардың ойлау дағдыларының деңгейлері

Критерийлер құрастыру бойынша ұсыныстар

Білім алушылардың оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарына жету дәрежесін анықтау үшін Б. Блум таксономиясына сәйкес ойлау дағдыларының деңгейлері бойынша критерийлер құрастырылады.

Бағалау критерийлерін құрастыруда педагог ойлау дағдылары деңгейлерін көрсететін кестеде берілген етістіктерді қолдана алады.

(3-кестеден қараңыз).

3-кесте. Бағалау критерийлерін құрастыруда қолданылатын етістіктер.

<b>Ойлау дағдыларының деңгейлері</b>				
<b>Білу және түсіну</b>	<b>Білімді қолдану</b>	<b>Талдау</b>	<b>Синтез</b>	<b>Бағалау</b>
анықтайды	сәйкестендіреді	талдайды	біріктіреді	түсіндіреді
атайды	таңдайды	зерттейді	дәлелдейді	талқылай-ды
жазады	шешеді	тексереді	салыстырады	дәлелдейді

қайталайды	қолданады	сәйкестенді реді	құрастырады	болжайды
------------	-----------	---------------------	-------------	----------

**ескриптор** – тапсырмаларды орындау кезіндегі нақты қадамдарды көрсететін сипаттама.

### **Балдар қою шкаласы**

Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (бұдан әрі - БЖБ) нәтижесі бойынша білім алушыларға тоқсандық оқу жетістіктерін бағалау кезінде ескерілетін балдар қойылады.

БЖБ үшін максималды балл 1-4 сыныптарда кемінде 7 және 15 балдан артық емес, 5-11 (12) сыныптарда кемінде 7 және 20 балдан артық емес болуы керек [ 4].

БЖБ тоқсанына үш реттен артық өткізілмейді. Бөлімдер/ортақ тақырыптар тоқсанына төрт және одан да көп бөлімдерді/ортақ тақырыптарды оқып-зерделеген жағдайда тақырыптардың ерекшеліктерін және оқыту мақсаттарының санын ескере отырып біріктіріледі. Оны екі кезеңде өткізуге болады.

### **Формативті бағалау**

**Сабактың тақырыбы:** Қазақстан – мәңгілік ел

**Оқу мақсаты** 8.4.1.1 - мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала жазу

**Бағалау критерийі**

Білім алушы

- Мақаланы жанрлық және стильдік ерекшелікті сақтап жазу

**Ойлау дағдыларының деңгейі** Қолдану

**Тапсырма**

Сіз мектебімізден шығатын газеттің арнайы тілшісісіз. Тәуелсіздік мерекесі

қарсаңында газетке «Қазақстан - мәңгілік ел!» тақырыбында мақала жазу тапсырылды.

Берілген көркем тіркестерді қолдана отырып, мақала жазыңыз.

**Ұсынылатын көркем сөз қолданыстары:** тарихымызға тағылым, бүгінгі бақытымыз, гүлденген келешекке сенім, тұрмысы бақуатты, түтіні түзу шыққан, көк туымыз желбіреп, ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел, тарихи құндылығымыз болған тәуелсіздік идеясы.

**Дескриптор Білім алушы**

- ұсынылған тақырыпқа сай өз ойын жазады;

- мақала жанрын сақтайды;

- берілген көркем сөз қолданыстарын пайдаланады

**Бөлім «Білім. Ғылым. Инновация»**

## Қалыптастырушы бағалау тапсырмалары

### I. Сабақтың тақырыбы: Электронды кітапхананы пайдаланамын

#### Оқу мақсаты:

8.1.5.1. Мәтіннің мақсатты аудиториясын, автордың негізгі ойы мен көзқарасын анықтау;


**Білім алушы:** Мәтіннің мақсатты аудиториясын, автордың негізгі ойы мен көзқарасын анықтайды.

#### Тапсырма.

#### ТЫҢДАЛЫМ.

➤ Мәтінді 2 рет тыңдап, тапсырмаларды орындаңыз.

**1-тапсырма. Көзделген аудиториясы кімдер?**



**2 –тапсырма. Мәтіннің негізгі ойын 1 сөйлеммен түсіндіріңіз.**

**3. Мәтіндегі мәселеге қатысты автор көзқарасын анықтаңыз. Дәлелдер келтіріңіз.**

**1**

**2**

#### Дескриптор Білім алушы:

- мәтіннің көздеген аудиториясын анықтай алады;
- мәтіннің негізгі ойын 1 сөйлеммен түсіндіріп береді;
- автор көзқарасын білдіретін дәлелдер келтіреді.

### II. Сабақтың тақырыбы: Жоба жұмысын орындадым.

#### Оқу мақсаты:

8.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну ақпараттың шынайылығы мен нақтылығын анықтау

#### Бағалау критерийлері

тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді, ақпараттың шынайылығы мен нақтылығын анықтайды

### **Мәтінді тыңдаңыз**

#### **1-тапсырма.**

Мәтінді тыңдаңыз. Тыңдалған мәтін бойынша 5 сұрақ дайындаңыз.

#### **2-тапсырма.**

Тыңдалған мәтіндегі ақпараттың шын/жалған екенін анықтаңыз

### **Дескриптор**

#### **Білім алушы:**

- мәтіннің негізгі мазмұнын түсіне алады;
- тыңдалған мәтін бойынша сұрақ дайындайды;
- ақпараттың шынайылығын анықтай алады.

### **III. Оқу мақсаты:**

8.2.2.1 Түрлі жанрдағы көркем мәтіндерге сүйене отырып, көңіл күйді білдіруде ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана білу.

#### **Бағалау критериилері**

• Мәтіндердегі ақпараттар мен ұлттық сөз әдебі және сөйлеу этикеті формаларын ауызша мәтін құрауда қолданады

#### **Ойлау дағдысының деңгейі** Қолдану

#### **Тапсырма**

• Жұбыңызбен берілген тақырыптардың біріне сатушы және тұтынушы болып диалогке түсіңіз.

• Диалогте сөйлеу этикетінің формаларын қолданыңыз.

- Көгөніс дүкенінде
- Ойыншық дүкенінде
- Кітап дүкенінде
- Автокөлік сауда үйінде

### **Дескриптор**

- берілген тақырыптардың бірін пайдаланып, жұпта диалогке түсе алады;
- диалог мазмұнында сөйлеу этикетінің түрлі формаларын тиімді қолдана алады.
- Ауызша мәтін құрап айта алады.

**IV. Оқу мақсаты** 8.3.1.1 Мәтіндегі ақпараттың өзектілігін анықтау, қорытынды жасау;

8.4.2.1 Эссе құрылымы мен дамуын сақтап, Мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыра отырып, өз ойын дәлелдеп жазу;

#### **Бағалау критериилері**

• Мәтіндегі ақпараттың өзектілігін анықтап, қорытынды жасайды;



- Эссе құрылымы мен дамуын сақтайды;
- Мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыра отырып, өз ойын дәлелдеп жазады

### **Ойлау дағдыларының деңгейі Жоғары деңгей дағдылары**

#### **Тапсырма- 1**

1. Мәтін мазмұны бойынша 2 дұрыс ақпаратты анықтаңыз.
2. Мәтіндегі ақпараттың өзектілігі неде?
3. Жауаптардың дұрыс нұсқасын белгілеңіз.

#### **Дескриптор**

- 2 дұрыс ақпаратты анықтай алады;
- мәтіндегі өзекті мәселені анықтайды;
- дұрыс жауап нұсқасын белгілейді;

#### **Тапсырма -2**

Эссе құрылымы мен дамуын сақтап, «**Білімді жастар –еліміздің болашағы**» тақырыбына ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыра отырып, өз ойын дәлелдеп жазу

#### **Дескриптор**

- шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстырады
- өз ойын дәлелдеп жазады
- лексикалық минимумды тиімді қолданады
- тақырыпты аша алады
- жалғау түрлерін дұрыс жалғай алады
- сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтайды
- ой жүйесін сақтайды.

**Сабақтың тақырыбы: Ең маңызды инновация -электронды кітапхана**

#### **V. Оқу мақсаты**

8.4.1.1 Мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала, пікір, интервью жазу

#### **Бағалау критерийі**

- Шағын мақала, пікір, интервью жазуда жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтайды

**Ойлау дағдыларының деңгейі** Қолдану, Жоғары деңгей дағдылары

#### **Тапсырма.**

- Мәтінді мұқият оқып, маңызды деп санайтын ақпараттардың астын сызыңыз.
- Мәтіндегі ақпараттарды аргумент ретінде пайдаланып, жаңа өнертабыс туралы өз пікіріңізді жазыңыз.

#### **Дескриптор**

- мәтіннен нақты аргументтерді белгілейді;
- өнертабысқа қатысты өз ойын білдіреді;
- пікірін мәтіндегі аргументпен байланыстырып, өмірден мысал келтіре алады.

## **VI. Оқу мақсаты**

8.4.4.1- тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, эссе жазуда тиімді қолдану

### **Бағалау критерийі**

- Тақырыпқа қатысты эссе жұмысында өз көзқарасын ұсынып, дәлелді аргументтер келтіреді

- Эссе құрылымын сақтайды

### **Ойлау дағдыларының деңгейі** Жоғары деңгей дағдылары

### **Тапсырма**

«Электронды кітапхананы пайдалану тиімді ме?» деген тақырыпта өз пікіріңізді білдіріп, эссе жазыңыз.

### **Дескриптор**

- кіріспе бөлімде тақырыпқа түсінік береді;
- өз позициясын жазады;
- негізгі бөлімде өз көзқарасын айқындайды;
- аргументтер келтіреді;
- аргументтер келтіруде қыстырма сөздерді қолданады;
- тақырыпқа қорытынды жасап, бірнеше ұсыныс білдіреді.

### **9-сынып**

**Пән:** Қазақ тілі мен әдебиеті

**Бөлімі:** Қазақ жазуының даму жолы. Күлтегін жыры

**Сабақтың тақырыбы:** 1- сабақ. Тасқа қашалған жазулар

### **Оқу мақсаттары:**

9.3.6.1 - мәтінде көтерілген мәселені ғаламдық мәселелермен байланыстыра отырып сыни тұрғыда баға беру;

9.5.1.1 - өздік етістің қызметін білу, ауызша және жазбаша жұмысбарда орынды қолдану.

**Сабақ мақсаттары:** барлығы: мәтінде көтерілген мәселеге баға береді.  
көбісі: дереккөздерді дұрыс қолданады.  
кейбірі: өздік етістің қызметін біледі.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңдері

Сабақтағы іс-әрекет

Қалыптастырушы бағалау

Сабақтың басы

Қызығушылығын ояту.

«Жазу» деген сөзді естігенде қандай ассоциация ойыңа келеді?

Қалай ойлайсыңдар жазу мәдениеті қай дәуірден басталған?

Көне жазудың қандай түрлерін білесіңдер?

Мадақтау:

«Керемет»,


«Тамаша»,

«Сенің ойыңмен

келісемін».

Сабақтың ортасы	<p>Алғаш адамдар жазуды қандай құралдармен жазған?</p> <p>Мәтінмен жұмыс 6-тапсырма. Диалогты тыңдап, сұрақтарға жауап беру кезінде өздік етістерді тиімді қолдану.</p> <p>Дескриптор: Сұрақтарға толық жауап береді. Өздік етістерді дұрыс қолданады. 10-тапсырма. Көп нүктенің орнына өздік етістіктерін қойып жазу.</p> <p>Дескриптор: Өздік етістерді ажыратады.</p>	Бағалау парағы (дескриптор бойынша)
Сабақтың соңы	<p>11- тапсырма. Дереккөздерден бір құлыптастың тарихы туралы ақпарат жина. Өз ойыңды жинақтап жаз.</p> <p>Дескриптор: Дереккөзден бір құлыптастың тарихын табады. Дереккөзге сілтеме жасауды үйренеді. Ойын жүйелеп жазады.</p>	Бағалау парағы (дескриптор бойынша)

### 9-сынып

<b>Пән:</b>	Қазақ тілі мен әдебиеті	
<b>Бөлімі:</b>	Қазақ жазуының даму жолы. Күлтегін жыры	
<b>Сабақтың тақырыбы:</b>	2-сабақ. Тасқа қашалған жазулар	
<b>Оқу мақсаттары:</b>	9.4.4.1- тақырып бойынша түрлі стильдегі мәтіндерді құрауда мәліметтерді жинақтап, дереккөздеріне сілтеме көрсетіп жазу;	
<b>Сабақ мақсаттары:</b>	<p>барлығы: мәтінде бойынша стильді ажыратады.</p> <p>көбісі: дереккөздерден мәліметтерді жинақтайды.</p> <p>кейбірі: дереккөздерге сілтеме жасап, өз ойларын айта алады.</p>	
Сабақтың барысы	Сабақтағы іс-әрекет	Қалыптастырушы бағалау
Сабақтың басы	<p>Қызығушылығын ояту.</p> <p>2-тапсырма. «Атаулар туралы үш сұрақ» тәсілі негізінде сызбадағы терминдерге қатысты сұрақтарға жауап бер.</p> <p>Қайдан? Қалай? Қандай?</p> <p>Дескриптор: Сұрақтарға толық жауап береді; Термин сөздерге түсінік береді;</p>	<p>қол сигналы</p> 
Сабақтың ортасы	<p>Мәтінмен жұмыс 7-тапсырма. Мәтінді оқып, қарамен жазылған сөздермен сөздік жұмысы жүргізеді, стилін анықтайды.</p> <p>Дескриптор:</p>	Бағалау парағы (дескриптор бойынша)

Қарамен жазылған сөздерге сөздік жұмысын жүргізеді.

Мәтіннің стилін анықтайды.

8-тапсырма. Жоспарды ретімен жаз, жоспар бойынша термин сөздерді қолдана отырып, түсінгенін айту.

Дескриптор:

Жоспарды ретімен құрайды.

Терминдерді қолданып, түсінгенін айту.

Сабақтың соңы

12-тапсырма. Дереккөздерін пайдалана отырып, құлыптастарға қатысты 2-3 пікірді тауып, дереккөздерге, авторларға сілтеме жасап, өз ойымен байланыстырып айтады.

Бағалау парағы (дескриптор бойынша)

Дескриптор:

Дереккөздерді дұрыс пайдаланады.

Дереккөздерге, авторларға сілтеме жасауды үйренеді.

Құнды 2-3 пікірді тауып, өз ойымен байланыстырып айтады.

### 9-сынып

**Пән:** Қазақ тілі мен әдебиеті

**Бөлімі:** Қазақ жазуының даму жолы. Күлтегін жыры

**Сабақтың тақырыбы:** 3- сабақ. Көне түркі жазуын зерттеушілер

**Оқу мақсаттары:**

9.1.1.1- тыңдалатын мәтіндегі фразалар мен дәйексөздерді талқылай отырып, тақырып пен көтерілетін мәселені болжау;

9.3.2.1- ғылыми стильде (мақала) жазылған еңбектердің тілдік және жанрлық ерекшелігін анықтап, талдау жасау;

**Сабақ мақсаттары:**

барлығы: мәтінде көтерілген мәселені болжайды.

көбісі: тезистің тілдік ерекшеліктерін анықтайды.

кейбірі: талдау жасай алады.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңдері

Сабақтағы іс-әрекет

Қалыптастырушы бағалау

Сабақтың басы

Қызығушылығын ояту.

1-тапсырма. Бүгінгі сабақтың тақырыбына байланысты сөз тіркестерін анықта.

Көне түркі жазбалары

Көне әліпби

Көне дәстүрлер

Көне қыпшақтар

Көне ырымдар

Көне тиымдар

Көне зерттеулер

мадақтау  
«Керемет»,  
«Талпынысың жақсы»,  
«Әлі де болса, ойлан»

Сабақтың ортасы

Мәтінмен жұмыс

4-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңдап, «Түртіп алу» тәсілі арқылы негізгі ақпараттарды жазып алады.

Дескриптор

Бағалау парағы (дескриптор бойынша)

Көтерілген мәселені болжайды.  
 Ақпаратты жазып алады.  
 5-тапсырма. Жұптық жұмыс. «Сұрақ-жауап» тәсілі арқылы бір-бірімен пікір алмасады.  
 Дескриптор:  
 Бір-бірімен пікір алмасады.  
 Жауаптарын толықтырады.  
 6-тапсырма. Мәтінді оқиды. Қарамен берілген сөздердің мағынасын анықтап, кестені толтырады.  
 Дескриптор:  
 Қарамен жазылған сөздердің мағынасын анықтайды.  
 Кестені толтырады.  
 7-тапсырма. Мәтін мазмұнына сай тезистерді жазып, оларға түсінік береді. Өздік етістердің жасалу жолдарын түсіндіреді.  
 Дескриптор:  
 Тезистерді жазып алады.  
 Тезистерге түсінік береді.  
 Өздік етістің жасалу жолдарын түсіндіреді.  
 9-тапсырма. Пирамида тәсілі арқылы тыңдалған және оқылған мәтіндер бойынша «жеке-жұп-топ-сынып» жүйесі арқылы талдайды.  
 Дескриптор:  
 Жұбымен пікір алмасады.  
 Сөздердің мағынасын анықтайды.  
 Кестені толтырады.  
 Тезистерді анықтап, болжам айтады.  
 Өздік етістерді ажыратады.  
 Мәтін мазмұнына сай қажетті ақпараттарды табады.  
 Мәтіндегі тірек сөздерді анықтайды.  
 Мәтіндегі ақпараттарды талдап, қорытынды айтады.

Сабақтың соңы

Бағалау парағы  
 (дескриптор бойынша)

### 9-сынып

**Пән:** Қазақ тілі мен әдебиеті  
**Бөлімі:** Қазақ жазуының даму жолы. Күлтегін жыры  
**Сабақтың тақырыбы:** 4- сабақ. Көне түркі жазуын зерттеушілер  
**Оқу мақсаттары:**

9.4.2.1- эссе құрылымы мен дамуын сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыра отырып, өз ойын дәлелдеп жазу.

**Сабақ мақсаттары:** барлығы: эссенің құрылымын сақтайды.  
 көбісі: көтерілген мәселені салыстыра алады.  
 кейбірі: өз ойын дәлелдеп жазады.

Сабақтың барысы  
 Сабақтың кезеңдері

Сабақтағы іс-әрекет

Қалыптастырушы  
 бағалау

Сабақтың басы	3-тапсырма. «Қызықты суреттер» тәсілі негізінде, суретте бейнеленген адамдардың көне түркі ескерткіштеріне қандай қатысы барын анықта. Дескриптор: Көтерілген мәселені болжайды. Дереккөздерді пайдаланады. Суреттерді сипаттайды.	Бағдаршам түстері арқылы жауаптарын бағалайды.
Сабақтың ортасы	11-тапсырма. «Ұлы мұралардың жаңғыруы» тақырыбында эссе талаптарын сақтай отырып жазады. Дескриптор: Тақырыптан ауытқымайды. Тезистерді дұрыс қолдана алады. Өмірмен байланыстырады. Өзіндік пікірлері бар. Баяндау стилі сақталған	Бағалау парағы (дескриптор бойынша)
Сабақтың соңы	Жазған эсселерін оқиды.	

### 9-сынып

<b>Пән:</b>	Қазақ тілі мен әдебиеті	
<b>Бөлімі:</b>	Қазақ жазуының даму жолы. Күлтегін жыры	
<b>Сабақтың тақырыбы:</b>	5- сабақ. «Күлтегін» жыры	
<b>Оқу мақсаттары:</b>	9.1.4.1- Орта көлемді прозалық, поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, көтерілген (тұрмыстық, әлеуметтік, қоғамдық) мәселені анықтап, өз пікірін білдіру.	
<b>Сабақ мақсаттары:</b>	барлығы: орта көлемді прозалық шығарманы тыңдайды. көбісі: көтерілген мәселені анықтайды. кейбірі: өз пікірін білдіреді.	
Сабақтың барысы	Сабақтағы іс-әрекет	Қалыптастырушы бағалау
Сабақтың басы	1-тапсырма. «Өрмекші жіп» әдісі арқылы сұрақтарға жауап береді. Өлеңмен жазылған ұзақ көркем шығармалар қалай аталады? Орыс немесе қазақ, әлем әдебиетінде қандай батырлық туралы ірі шығармалар білесіңдер? Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк есімдері саған таныс па?	Мадақтау: «Керемет», «Тамаша», «Сенің ойыңмен келісемін».
Сабақтың ортасы	4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Стилін анықта. Мәтін бойынша түсінігін қысқаша тезис түрінде жаз. Дескриптор Мәтіннің стилін анықтайды. Тезис бойынша түсінгенін жазады. 5-тапсырма. «Күлтегін» ескерткіші жайында сөйлеу тілінде және ресми стильде хабарлама жаса. Мәтінді жинақтауда дереккөздерді пайдалан және сілтеме жаса. Дескриптор: Сөйлеу тілінде хабарлама жасайды. Ресми стильде хабарлама жасайды.	Бағалау парағы (дескриптор бойынша)

Сабақтың соңы	<p>Дереккөздерге сілтеме жасайды.</p> <p>10-тапсырма. Тақырып аясында «Күлтегін жыры» тақырыбына кластер құра.</p> <p>Дескриптор:</p> <p>Кластер құрастырады.</p> <p>Дереккөзден алынған ақпараттарымен толықтырады.</p> <p>Ойын жүйелі жеткізеді.</p>	Бағалау парағы (дескриптор бойынша)
---------------	--	--

#### 9-сынып

<b>Пән:</b>	Қазақ тілі мен әдебиеті
<b>Бөлімі:</b>	Қазақ жазуының даму жолы. Күлтегін жыры
<b>Сабақтың тақырыбы:</b>	6- сабақ. «Күлтегін» жыры
<b>Оқу мақсаттары:</b>	
9.3.6.1- Мәтінде көтерілген мәселені ғаламдық мәселелермен байланыстыра отырып сыни тұрғыда баға береді.	
<b>Сабақ мақсаттары:</b>	барлығы: орта көлемді прозалық шығарманы оқиды.
көбісі:	көтерілген мәселені ғаламдық мәселемен байланыстырады.
кейбірі:	өз көзқарасын білдіреді.

Сабақтың барысы	Сабақтағы іс-әрекет	Қалыптастырушы бағалау
Сабақтың басы	3-тапсырма. «Қызықты суреттер» тәсілі. Суретте қандай ескерткіштер бейнеленген? Сипаттап жаз.	Мадақтау: «Керемет», «Тамаша», «Сенің ойыңмен келісемін».
Сабақтың ортасы	6-тапсырма. Мәтінді оқы. Хикая картасы бойынша оқыған мәтіннің мазмұнын сызбаға түсіріп, баянда. Дескриптор: Мәтін бойынша сызбаны толтырады. Өз ойын еркін баяндайды. Сызба бойынша өз ойын баяндайды.	Бағалау парағы (дескриптор бойынша)
Сабақтың соңы	8-тапсырма. Мұғалімнің көмегімен жыр үзіндісін қара сөзге айналдырып жаз. Дескриптор: Өз ойын жүйелеп жазады.	

#### 9-сынып

<b>Пән:</b>	Қазақ тілі мен әдебиеті
<b>Бөлімі:</b>	Қазақ жазуының даму жолы. Күлтегін жыры
<b>Сабақтың тақырыбы:</b>	7- сабақ. Қазақ жазба мәдениетінің даму тарихы
<b>Оқу мақсаттары:</b>	
9.3.2.1- ғылыми стильде (мақала) жазылған еңбектердің тілдік және жанрлық ерекшелігін анықтап, талдау жасау;	
<b>Сабақ мақсаттары:</b>	барлығы: мәтінді оқиды, стилін табады;
көбісі:	мәтіннің ерекшелігін анықтайды;
кейбірі:	мәтінге талдау жасайды.


Сабақтың барысы	Сабақтағы іс-әрекет	Қалыптастырушы бағалау
Сабақтың басы	Тақырып аясында кластерді толтыр.	қол сигналы



Сабақтың ортасы	1-тапсырма. Мәтінді оқы. Стилін ажырат, жанрлық ерекшелігін тауып, талдау жаса. Дескриптор: Стилін анықтау Жанырлық ерекшелігін табу Мәтінге талдау жасау	Бағалау парағы (дескриптор бойынша)
Сабақтың соңы	8-тапсырма. «Қазақ жазба мәдениетінің даму тарихы» кестесінде берілген ақпараттарды мәтінге айналдырып жаз. Дескриптор: -кестені негізге алу; -ақпарат бойынша мәтін құрап жазу.	Бағалау парағы (дескриптор бойынша)

### 9-сынып

**Пән:** Қазақ тілі мен әдебиеті  
**Бөлімі:** Қазақ жазуының даму жолы. Күлтегін жыры  
**Сабақтың тақырыбы:** 8-сабақ. Қазақ жазба мәдениетінің даму тарихы  
**Оқу мақсаттары:** 9.4.2.1- эссе құрылымы мен дамуын сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыра отырып, өз ойын дәлелдеп жазу.  
**Сабақ мақсаттары:** барлығы: эссенің құрылымын сақтайды.  
көбісі: көтерілген мәселені салыстыра алады.  
кейбірі: өз ойын дәлелдеп жазады.

Сабақтың барысы	Сабақтағы іс-әрекет	Қалыптастырушы бағалау
Сабақтың басы	Ауызша және жазба әдебиеті бойынша Венн диаграмасын құрастыру.	қол сигналы 
Сабақтың ортасы	2-тапсырма. «Тіл және өркениет» тақырыбында эссе жазу. Эссе жазғанда өздік етісті қолдан. Халықтың даму барысындағы ауызша және жазбаша әдебиеттің артықшылығы мен кемшілігін көрсетіп, ойынды дәлелде. Дескриптор: Тақырыптан ауытқымау Өмірмен байланыстыру Тың пікірлер келтіру Өз ойын жүйелі жазу және дәлелдеу Көркемдеуіш тілдік құралдарды ұтымды қолдану	Бағалау парағы (дескриптор бойынша)
Сабақтың соңы	Жазған эсселерін оқып, бағалау.	


### 9-сынып

**Пән:** Қазақ тілі мен әдебиеті  
**Бөлімі:** Қазақ жазуының даму жолы. Күлтегін жыры  
**Сабақтың тақырыбы:** 9- сабақ. Орта ғасыр: түркі тілі-ғылым тілі.  
**Оқу мақсаттары:** 9.2.3.1- коммуникативтік жағдаятқа сай сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпінің мәнін түсініп, өз ойын жеткізу  
**Сабақ мақсаттары:** барлығы: мәтіннен түсінген айта алады;  
көбісі: интонация, кідіріс, логикалық екпінің мәнін түсінеді.  
кейбірі: өз ойын еркін жеткізеді.

Сабақтың барысы	Сабақтағы іс-әрекет	Қалыптастырушы бағалау
Сабақтың басы	1-тапсырма. «Суреттер сөйлейді» әдісі. Бұл суретте кімдер бейнеленген, бұл кісілердің	Мадақтау: «Керемет»,




	сабаққа қатысы қандай деп ойлайсындар?	«Тамаша», «Сенің ойыңмен келісемін».
Сабақтың ортасы	6-тапсырма. Мәтінді тында. Негізгі ойды тезис түрінде жаз. Түсінгенінді айт. Дескриптор: Өлең мазмұнын түсіну. Негізгі ойын тезис түрінде жазу. Өз ойын айту.	Бағалау парағы (дескриптор бойынша)

Сабақтың соңы	«Аяқталмаған ой» әдісі арқылы тапсырма орындауда туындаған жағдаяттарды тізбекте.  Алдымен, мен былай деп ойладым ..... Одан кейін мен мына мәселеге тап болдым ..... Мәселені шешу үшін мынаны ..... жасадым. Бұдан мен ..... көрдім. Демек, бұл мынаны білдіреді ..... Сонымен мен ..... деген шешімге келдім.	қол сигналы 
---------------	---	--

### 9-сынып

**Пән:** Қазақ тілі мен әдебиеті  
**Бөлімі:** Қазақ жазуының даму жолы. Күлтегін жыры  
**Сабақтың тақырыбы:** 10-сабақ. Орта ғасыр: түркі тілі-ғылым тілі.  
**Оқу мақсаттары:** 9.3.2.1- ғылыми стильде (мақала) жазылған еңбектердің тілдік және жанрлық ерекшелігін анықтап, талдау жасау;

**Сабақ мақсаттары:** барлығы: мәтін стилін анықтайды.  
көбісі: шағын мәтін құрауда мәлімметер жинақтайды.  
кейбірі: салыстырмалы түрде талдау жасайды.

Сабақтың барысы	Сабақтағы іс-әрекет	Қалыптастырушы бағалау
Сабақтың басы	2-тапсырма. Мәтінді оқы. Берілген ақпаратты кластерге түсір.	қол сигналы 
Сабақтың ортасы	3-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқы. Өлеңнің мағынасын өз сөзіңмен жаз. Стилін және жанрын анықта. Дескриптор: Мәтіннің стилін анықтау Мәтіннің жанрын анықтау Өлең мазмұнын өз сөзіңмен жазу	Бағалау парағы (дескриптор бойынша)
Сабақтың соңы	5-тапсырма. Орта ғасыр ойшылдарының тіл туралы айтқандарын түсін. Мағынасын аш. Дескриптор: Ойшылдардың айтқандарын түсіну Өлеңнің мағынасын ашу	Бағалау парағы (дескриптор бойынша)

### 9-сынып

**Пән:** Қазақ тілі мен әдебиеті  
**Бөлімі:** Қазақ жазуының даму жолы. Күлтегін жыры  
**Сабақтың тақырыбы:** 11-сабақ. Әлемдік жазу мәдениетінің реформаторы  
**Оқу мақсаттары:** 9.2.3.1- коммуникативтік жағдаятқа сай сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпінің мәнін түсініп, өз ойын жеткізу  
**Сабақ мақсаттары:** барлығы: мәтіннен түсінген айта алады;

көбісі: интонация, кідіріс, логикалық екпінің мәнін түсінеді.

кейбірі: өз ойын еркін жеткізеді..

Сабақтың барысы

Сабақтағы іс-әрекет

Қалыптастырушы бағалау

Сабақтың басы

2-тапсырма. «Болжау» стратегиясы негізінде суреттегі тұлғалардың қазақ жазу тарихындағы рөлі қандай? Өз болжамдарыныңды айт.

Мадақтау: «Керемет», «Тамаша», «Сенің ойыңмен келісемін».

Сабақтың ортасы

3-тапсырма. Мәтінді тыңдап «Тірек сөздер» стратегиясы арқылы тірек сөздерді жазып алып, өз ойларын айту.

Бағалау парағы (дескриптор бойынша)

Дескриптор:

Мәтіннен негізгі тірек сөздерді жазу

Тірек сөздерді пайдаланып, өз ойын жеткізу

Сабақтың соңы

«ПОПС» әдісі арқылы өз ойын айту

Бірінші сөйлем: Менің ойымша .....

Екінші сөйлем: Себебі ол .....

Үшінші сөйлем: Оны «.....» сияқты деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Төртінші сөйлем: Осыған байланысты мен .....

..... деген шешімге келдім.

қол сигналы



### 9-сынып

**Пән:** Қазақ тілі мен әдебиеті

**Бөлімі:** Қазақ жазуының даму жолы. Күлтегін жыры

**Сабақтың тақырыбы:** 12-сабақ. Әлемдік жазу мәдениетінің реформаторы

**Оқу мақсаттары:** 9.3.6.1- Мәтінде көтерілген мәселені ғаламдық мәселелермен байланыстыра отырып сыни тұрғыда баға береді.

**Сабақ мақсаттары:** барлығы: тақырыпқа қатысты өз ойын білдіреді.

көбісі: мәтіндегі көтерілген мәселеге баға береді.

кейбірі: өздік етістің қызметін біледі.

Сабақтың барысы

Сабақтағы іс-әрекет

Қалыптастырушы бағалау

Сабақтың басы

4-тапсырма. Мәтінді оқып, мазмұны бойынша күрделі жоспар жасайды.

Бағалау парағы (дескриптор бойынша)

Дескриптор:

Мәтінді ой бөліктеріне бөлу

Мәтіндегі көтерілген мәселені ғаламдық мәселелермен байланыстыру.

Сабақтың ортасы

6-тапсырма. Мәтінге сүйеніп ғалымның тіл реформасын жасаудағы негізгі идеясын анықта. Өздік етістерін қолдан.

Бағалау парағы (дескриптор бойынша)

Дескриптор:

Мәтіндегі көтерілген мәселеге баға береді.

Мәтінге тақырып қояды.

Негізгі идеясын анықтайды.

Өздік етістерін қолданады.

Сабақтың соңы

Дербес пікір жазу» әдісі арқылы сабақ

Мадақтау:

тақырыбына қатысты пікірлерін жазады.  
Өзіндік пікір (идея) – 1 сөйлем  
Дәлел – 2 сөйлем  
Өз пікірін дәлелдейтін мысал – 2 сөйлем  
Өз пікіріне қарсы дәлел – 1 сөйлем.  
Қарсы дәлелді жоққа шығаратын – 1 сөйлем.  
Қорытынды – 2 сөйлем.

«Керемет»,  
«Тамаша», «Сенің  
ойыңмен келісемін».

## **Тоқсан бойынша жиынтық бағалауды өткізу ережелері**

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау кезінде кабинетіңіздегі көмек ретінде қолдануға мүмкін болатын кез келген көрнекі құралдарды (диаграммалар, кестелер, постерлер, плакаттар немесе карталарды) жауып қойыңыз.

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталмас бұрын алғашқы бетінде жазылған нұсқауды оқып, білім алушыларға жұмыстың орындалу ұзақтығын хабарлаңыз. Білім алушыларға жұмыс барысында бір-бірімен сөйлесулеріне болмайтындығын ескертіңіз. Нұсқаулықпен таныстырып болғаннан кейін білім алушыларға тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталғанға дейін түсінбеген сұрақтарын қоюға болатындығы туралы айтыңыз.

Білім алушылардың жұмысты өздігінен орындап жатқандығына, жұмысты орындау барысында көмек беретін қосымша ресурстарды, мысалы: сөздіктер немесе калькуляторлар (спецификацияда рұқсат берілген жағдайлардан басқа уақытта) пайдалануларына мүмкіндіктерінің жоқ екендігіне көз жеткізіңіз. Олардың жұмыс уақытында бір-біріне көмектесулеріне, көшіріп алуларына және сөйлесулеріне болмайтындығын ескертіңіз.

Білім алушыларға дұрыс емес жауапты өшіргішпен өшірудің орнына, қарындашпен сызып қоюды ұсыныңыз.

Жұмыс барысында нұсқаулыққа немесе жұмыстың ұзақтығына қатысты білім алушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беруге болады. Жекелеген білім алушыларға көмек беруге негізделген кез келген ақпаратты оқуға, айтуға, өзгертіп айтуға немесе көрсетуге тыйым салынады.

Тоқсандық жиынтық бағалаудың аяқталуына 5 минут уақыт қалғандығын үнемі хабарлап отырыңыз. Тоқсандық жиынтық бағалау аяқталғаннан кейін білім алушылардан жұмыстарын тоқтатып, қалам/қарындаштарын партаның үстіне қоюларын өтініңіз.

## **Жиынтық бағалау тапсырмалары**

**Жиынтық бағалау** мұғалімдерге, білім алушылар мен ата-аналарға ұсыну үшін балл, баға қою арқылы оқу бағдарламасындағы бөлім/ортақ тақырыптар, белгілі бір оқу кезеңі (мысалы, оқу тоқсаны, триместр, оқу жылы, орта білім беру деңгейі) аяқталғанда өткізіледі.

Бұл белгілі бір кезең бойынша оқушылардың оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру деңгейін анықтауға, тіркеуге, жоспарлау, түзету, оқу

процесіне талдау жүргізу үшін жиынтық бағалау нәтижелері бойынша алынған ақпараттарды қолдануға мүмкіндік береді.

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары оқу мақсаттары мен бағалау критерийлеріне сәйкес құрастырылады.

Жиынтық бағалау құралдары ойлау дағдыларының әр түрлі деңгейін, соның ішінде талдау, жинақтау, бағалауды қамтитын жоғары ойлау дағдыларын тексеретін деңгейлі тапсырмалардан тұруы қажет.

## 8-сынып

### «Білім. Ғылым. Инновация» бөлімі бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары

#### Оқу мақсаты:

8.1.5.1.Тірек сөздер, автор көзқарасы мен көңіл күйі арқылы негізгі ойды анықтау;

8.2.1.1.Тұрақты тіркестер мен көркемдегіш құралдарды қолданып, ауызша мәтін құрау.

#### Бағалау критерийі:

- Тірек сөздер, автор көзқарасы мен көңіл күйі арқылы негізгі анықтайды;
- Ауызша мәтін құрауда тұрақты тіркестер мен көркемдегіш құралдарды тиімді қолданады.

#### Тыңдалым, Айтылым

#### Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

#### Орындау уақыты: 20 минут

#### Тапсырма.Тыңдалым.

- Мәтін мазмұнын ашатын ең маңызды 5 тірек сөзді жазыңыз.
  - Автордың көңіл-күйі берілген сөйлемді табыңыз.  
А) Болашақта жаңа өнертабысқа сұраныс артатын сияқты.  
В) Жаңа технологиялар бүгінгі таңдағы заман талабы деп білемін.  
С) Жаңашыл мектептерде оқушылар сабақ кестесін өздері жасайды  
Д) Өзін-өзі басқару талаптарын үйренемін
  - Төменде берілген тұрақты тіркестерді қолдана отырып, білім мен ғылымның адам өміріндегі пайдасы туралы мәтін құрыңыз.
    - Мәтінде көркемдеуіш құралдар мен болжалдық сан есімді қолдаңыз
- Тұрақты тіркестер: айы оңынан туып, бес саусақтай білу, жарғақ құлағы жастыққа тимей, жұлдызы оңынан туу, маңдай тер, бес аспап

#### Тапсырма.Айтылым.

**«Білім, Ғылым. Инновация» тақырыбына тұрақты тіркестер мен көркемдегіш құралдарды қолдана отырып, шағын мәтін құрап айтыңыз.**

Бағалау критерийі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Тірек сөздер, автор көзқарасы мен көңіл күйі арқылы негізгі анықтайды;	1- 2	Мәтін мазмұнын ашатын ең маңызды 5 тірек сөзді жазыңыз.	
		1-тірек сөз	1
		2-тірек сөз	1
		3-тірек сөз	1
		4-тірек сөз	1
		5-тірек сөз	1
		автордың көзқарасы берілген сөйлемді белгілейді;	1
Ауызша мәтін құрауда тұрақты тіркестер мен көркемдегіш құралдарды тиімді қолданады	3	тұрақты тіркестердің мағынасын ажыратады;	1
		тұрақты тіркестерді қолданады;	1
		мәтін құрауда болжалдық сан есімді қолданады;	1
		көркемдеуіш құралдарды қолданады;	1
		Білім мен ғылымның пайдасы туралы өз көзқарасын білдіреді.	1
<b>Барлығы</b>			<b>11</b>

### **«Білім. Ғылым. Инновация» бөлімі бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары**

#### **Оқу мақсаты**

8.1.2.1 Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, детальді ақпараттарды анықтау

8.2.1.1 тұрақты тіркестер мен көркемдегіш құралдарды қолданып, ауызша мәтіндер құрау

8.5.1.2. еліктеу сөздерді ауызша және жазба жұмыстарында орынды қолдану

#### **Бағалау критерийі**

- Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, детальді ақпараттарды анықтайды;
- тұрақты тіркестер мен көркемдегіш құралдарды қолданып, ауызша мәтіндер құрайды;
- еліктеу сөздерді ауызша және жазба жұмыстарында орынды қолданады.

#### **Тыңдалым, Айтылым**

**Ойлау дағдыларының деңгейі** Білу, түсіну, Қолдану

**Орындау уақыты: 20 минут**

**Тапсырма.Тыңдалым.**

1. Қазір білімді болу үшін не ойлап тапқан?

- A) Есептегіш машинкалар
- B) Телефон, планшет, компьютер
- C) Тез есептегіш құралдар
- D) Жай ғылымның дамуын

2. Адамның қол жеткізген ұлы игіліктері қалай аталады?

- A) Кітап, дәптер, математика
- B) Қасиет, жағдай, байлық
- C) Телефон, планшет, компьютер
- D) Білім, ғылым, инновация

3. Ақпараттарды мәтін мазмұнына сәйкестендіріп, тірек сөздер арқылы жазыңыз.

р/с	Ақпараттар	р/с	Ақпараттар	Сәйкестендіру жауабы
A	Компьютер	1	Кітап маған тақтан да қымбат	
B	Ғаламтор	2	Техника заманында білімді болмау мүмкін емес.	
C	Тақ	3	Мектептегі тақырыптарды алдын-ала қарастыруға болады.	

4. Берілген сұраққа жауап беріңіз.

*«Оқу – білім азығы, білім – өмір қазығы»* деген мақалды қалай түсінесің?  
(2-3 сөйлеммен жауап беру)

**Тапсырма.Айтылым.**

Берілген бір тақырыпқа таңдау жасап, жұбыңызбен диалогке түсіңіз (8-10 сөйлем). Диалог құруда тұрақты тіркестерді, көркемдеу құралдарын, еліктеу сөздерді орынды қолданыңыз.

- 1. Маған электронды кітапхана ұнайды
- 2. Менің арман мектебім.
- 3. Білім саласындағы инновация

Бағалау критерийі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсініп, детальді ақпараттарды анықтайды;	1- 4	Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бере алады	
		1-жауап	1
		2-жауап	1
		Ақпаратты мәтін мазмұнымен	

		сәйкестендіреді 1-ақпарат 2-ақпарат 3-ақпарат Берліген сұраққа 2-3 сөйлеммен жауап береді.	1 1 1 1
Тұрақты тіркестер мен көркемдегіш құралдарды қолданып, ауызша мәтіндер құрайды;	3	тұрақты тіркестердің мағынасын ажыратады;	1
		тұрақты тіркестерді қолданады;	1
		көркемдеуіш құралдарды қолданады;	1
		мәтін мазмұнын аша алады	1
еліктеу сөздерді ауызша және жазба жұмыстарында орынды қолдану		еліктеу сөздерді орынды қолдана алады.	1
<b>Барлығы</b>			<b>11</b>

### III.2. Қашықтан білім беру технологияларын қолдану

#### **9 (10) сынып білім алушыларының емтихан балдарын емтихан бағаларына ауыстыру шәкілі**

Баға	Максимальды балл 20 болған пәндер үшін балдар
"2"	0 – 7
"3"	8 – 12
"4"	13 – 16
"5"	17 – 20

#### **Балдарды бағаға ауыстыру шәкілі [4 ]**

##### 1-қосымша

1 сыныптағы балдардың пайыздық мазмұны (%)	2-11 (12) сыныптардағы балдардың пайыздық мазмұны (%)	Баға
0 - 20	0- 39	қанағаттанарлықсыз - "2"
21 - 50	40 - 64	қанағаттанарлық - "3"
51 - 80	65 - 84	жақсы - "4"
81 - 100	85 - 100	өте жақсы - "5"

### **3.5 Қашықтықтан оқыту жағдайында критериалды бағалауды жүргізуге арналған әдістемелік ұсынымдар**

#### **2.1. Білім алушылардың тапсырмаларды орындау үдерісі**

1. Білім алушылар оқу пәні бойынша оқу тапсырмаларын күн сайын күніне бір рет алады.

2. Білім алушылар жазбаша оқу тапсырмаларын орындап болған соң педагогке жібереді. Сонымен қатар «Қазақ тілі және әдебиеті» пәнін қашықтан оқытуға байланысты педагог төмендегілерді ескеруі қажет:

1. Тыңдалым және оқылым дағдыларын қалыптастыру

А) Тыңдалым немесе оқылым мәтіндері нормативке сай және ықшамды, шағын болғаны жөн. Оқылым мәтіні оқушыға анық әрі түсінікті болуы қажет.

Ә) Оқушыға көрсетілетін бейнематериалға алдын ала түсінік беріліп, не мақсатта көрсетілетіні айтылып кету керек.

Б) Көркем шығарманың ең өзекті, маңызды үзінділерін іріктеп ұсынған жөн. Ал шығарманың жалпы мазмұнын мұғалім ауызша өзі айтып кетеді.

В) Қашықтан оқыту кезінде оқушыларға тапсырма жауаптары ұсынылу керек. Сонымен қатар тапсырмаларды шағын кесте түрінде ұсынған жөн. Мәтінмен жұмыс жасау үшін бос орынды толтыру, қажет сөздерді қою, сәйкестендіру, дұрыс және бұрыс ақпараттарды анықтау секілді тапсырмалар оқушылардың орындай алуына мүмкіндік береді. Мысалы, төмендегі тапсырма тыңдалым материалына негізделіп ұсынылған, мәтіндегі дұрыс және бұрыс ақпараттарды анықтауға арналған. Соңында тапсырма жауабының дұрыс нұсқасы ұсынылады.

**1-тапсырма**

*Мәтіндегі дұрыс және бұрыс ақпараттарды анықтап белгіле*

Мәліметтер	дұрыс	бұрыс
«Үлкен аю», «Аңшы», «Сарышаян» шоқжұлдыздар қатарына жатпайды.		
Аспан 88 шоқжұлдызға бөлінген.		
Жетіқарақшы жұлдызы солтүстік жарты шардан көрінеді.		
Ал Темірқазық жұлдызы солтүстік жарты шарда орналаспаған.		
Темірқазықты түнгі аспанда таба алса, солтүстік бағытты ажыратуға болады.		
Жұлдыздар Темірқазықты айналатын тәрізді.		

**Дұрыс жауабы(кері байланыс):**

Мәліметтер	дұрыс	бұрыс
------------	-------	-------



«Үлкен аю», «Аңшы», «Сарышаян» шоқжұлдыздар қатарына жатпайды.		√
Аспан 88 шоқжұлдызға бөлінген.	√	
Жетіқарақшы жұлдызы солтүстік жарты шардан көрінеді.	√	
Ал Темірқазық жұлдызы солтүстік жарты шарда орналаспаған.		√
Темірқазықты түнгі аспанда таба алса, солтүстік бағытты ажыратуға болады.	√	
Жұлдыздар Темірқазықты айналатын тәрізді.	√	

## 2-тапсырма

*Сөздердің орын тәртібін сақтап, мәтін құраңыз*

Қолөнер ,атадан, балаға, келіп жеткен мұра.  
 Әр,бар, халықтың, ұлттық ,мәдениеті.  
 Қазақ, ежелден, халқының, дамыған, қолөнері.  
 Ұлттық , түрі, көп ,қазақтың , қолөнерінің.  
 Мысалы, жасалған, теріден, ағаштан, бұйымдар т.б.

*Дұрыс нұсқасы(кері байланыс)*

Қолөнер – атадан - балаға келіп жеткен мұра.  
 Әр халықтың ұлттық мәдениеті бар.  
 Қазақ халқының қолөнері ежелден дамыған. Қазақтың ұлттық қолөнерінің түрі көп. Мысалы жүннен, теріден, ағаштан жасалған бұйымдар т.б.

## 2. Айтылым және жазылым дағдыларын қалыптастыру.

А) Оқушыларға диалог, монолог секілді ауызша тапсырмаларды орындатуда, жазба жұмыстарын жүзеге асыруда дайын шаблондар ұсынылады. Себебі ТВ арналар арқылы қашықтан оқыту кезінде оқушылардан тікелей кері байланыс алуға мүмкіндік болмайды.

**Үлгі:**

- ..., неге бұл жұлдызды «Темірқазық» деп атаған?
- Ол басқа жұлдыздар сияқты орын ауыстырмайды, ... . Оны «орталық жұлдыз» деп те атайды.
- Сонда, ... , басқа жұлдыздар бір орында тұрмай, үнемі қозғалып отырады ма?
- Иә, ... , олар темірқазық жұлдызын айналып жүреді.
- Түсінікті, ... . Сонда темірқазық жұлдыздардың патшасы болғаны ғой!

- Солай, ... . Ол басқа жұлдыздарды алысқа жібермей, өзіне тартып тұрады.

### **Тапсырма жауабы(кері байланыс):**

- **Әжетай**, неге бұл жұлдызды «Темірқазық» деп атаған?

- Ол басқа жұлдыздар сияқты орын ауыстырмайды, **құлыным**. Оны «орталық жұлдыз» деп те атайды.

- Сонда, **әже** , басқа жұлдыздар бір орында тұрмай, үнемі қозғалып отырады ма?

- Иә, **балам** , олар темірқазық жұлдызын айналып жүреді.

- Түсінікті, **ақ әжем** . Сонда темірқазық жұлдыздардың патшасы болғаны ғой!

- Солай, **шырағым**. Ол басқа жұлдыздарды алысқа жібермей, өзіне тартып тұрады.

Ә) Жазба жұмысын толық ұсынбай, оның әр бөліктерін жеке орындатқан жөн. Жазба жұмысына қажет дайын сөздер мен сөз тіркестері қоса ұсынылады.

## **22.. Оқу тапсырмаларының көлемі және олардың орындалу уақыты**

1). ҚО жағдайында оқу тапсырмаларының нақты көлемін анықтау қажет.

*Екінші және үшінші тілдер бойынша өз бетінше оқуға арналған ауызша тапсырмалармен қатар оқу тапсырмасы жазбаша түрде беріледі және оны орындау үшін әрбір оқу пәні бойынша 10-20 минуттан аспайтын уақыт жұмсалады.*

*Педагог:*

- білім алушының өзіндік жұмысын бақылауды жүзеге асырады, кері байланыс ұсынады;

- мұғалім мен оқушы үшін қолжетімді тәсілмен орындалған тапсырмаларды жинауды жүзеге асырады (электрондық журналдар мен күнделіктер, электрондық пошта, WhatsApp, Telegram, басқа мессенджерлер, ұялы немесе стационарлық телефон байланысы немесе мектеп қызметкерлері, әкімшілік белгілеген пошта байланысы операторлары арқылы Интернет болмаған жағдайда және т. б.) [ 18].

ҚО жағдайында оқу пәндері бойынша оқу тапсырмаларын орындауға ұсынылатын уақыт мөлшері:

1. *10 – 30 минут аралығында* – Қазақ тілі мен әдебиеті, Орыс тілі мен әдебиеті.

2. *15 – 25 минут аралығында* – Шетел тілі (ағылшын, неміс, француз тілдері)

*Шетел тілі:*

1-сынып -1 жаттығу;

2 -сынып - 2 жаттығу;

3 -сынып – 2 жаттығу;

4 -сынып – 3 жаттығу.

*Ағылшын тілі:*

5-6 -сыныптарда – 1 практикалық жаттығу;

7-8 -сыныптарда – 2 практикалық жаттығу;

9-10 -сыныптарда – 20 сөзден тұратын мәтін құрастыру;

11 -сыныпта – 25 сөзден тұратын әңгіме құрастыру.

### ***Қашықтықтан оқыту жағдайында жиынтық бағалауды өткізуге арналған әдістемелік ұсынымдар***

1). Жиынтық бағалауды өткізу кезінде Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы «№125 бұйрығына сәйкес ережелерді, 14, 14.1-14.3, 14.5, 14.7, 14.8, 15-18, 21-26, 29- тармақтары мен тармақшаларын басшылыққа алу қажет.

2). Білім беру ұйымында оқу пәндерін, өткізу күні мен уақытын көрсете отырып, бөлімдік жиынтық бағалау (бұдан әрі – БЖБ) мен тоқсандық жиынтық бағалауды (бұдан әрі – ТЖБ) тапсырудың икемді кестесі жасалады. [ 19].

3). БЖБ және ТЖБ тапсыру білім беру ұйымы бекіткен кестеге сәйкес өткізіледі (жеке кестені ескере отырып).

4). БЖБ-ны өткізу уақыты – 20 минут, ТЖБ-ны өткізу уақыты – 40 минут. 1-4-сынып білім алушылары үшін БЖБ және ТЖБ өткізу уақыты регламенттелмейді.

5). БЖБ және ТЖБ мазмұны пән бойынша Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес өтілген оқу материалын қамтуы қажет.

*Педагог қашықтан оқыту кезінде БЖБ және ТЖБ өткізу үшін келесі міндеттерді орындайды:*

✓ Өтілген оқу мақсаттарына сәйкес БЖБ және ТЖБ оқу тапсырмалары жасалатын бөлімдер/бөлімшелер мен оқу мақсаттарын анықтайды;

✓ Білім алушылардың орындауына арналған БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын өзі құрастырады. Педагог ТЖБ оқу тапсырмаларын спецификацияға сәйкес әзірлейді.

✓ Тілдік пәндер бойынша БЖБ және ТЖБ-да айтылым және тыңдалым дағдыларын тексеруді талап ететін оқыту мақсаттары кірмейді.

Бұл ретте жазу және оқу дағдылары үшін ең жоғары балл 15 балды құрайды.

✓ БЖБ және ТЖБ бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау критерийлерін әзірлейді.

✓ Білім алушылар үшін БЖБ және ТЖБ өткізудің көрсетілген күніне дейін нұсқаулық жүргізеді.

✓ Білім алушылардың орындаған жиынтық жұмыстарын тексереді және сынып журналына (электронды немесе қағаз түрінде) балл қояды.

✓ Білім алушыларға, ата-аналарға немесе білім алушының заңды өкілдеріне БЖБ және ТЖБ орындалған қорытындысы бойынша кері байланыс

береді.

БЖБ мен ТЖБ оқу тапсырмаларына мыналар жатады:

✓ шығармашылық сипаттағы тапсырмалар, практикалық тапсырмалар, зерттеу тапсырмалары, жобалар, эссе және т. б.;

✓ 1 дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларын (үш тапсырмадан артық емес);

✓ бірнеше дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларын (үш тапсырмадан артық емес);

✓ сәйкестендіруге арналған тест тапсырмаларын (жұмыста үш тапсырмадан артық емес);

✓ қысқаша жауапты (сөз немесе қысқа сөйлем түріндегі жауапты, есеп шығаруды және т.б.) талап ететін сұрақтың ашық түрлерін;

✓ толық жауапты (сөйлем түріндегі жауапты және т.б.) талап ететін сұрақтардың ашық түрлерін қолдануға болады. Мысалы:

## 7-сынып

«Жастықтың оты қайдасың», «Жаңа технология жетістіктері» модульдері бойынша жиынтық бағалау жұмысы

### № 2 нұсқа

1-тапсырма. *Көп нүктенің орнына керекті сөздерді жаз.*

1. Елордамызда әлемдік деңгейдегі \_\_\_\_\_ өтіп жатыр.

2. Өнертапқыш – \_\_\_\_\_ адам.

3. «Зерек» атты қалам \_\_\_\_\_ үйретуге арналған.

4. Кітап – білімнің \_\_\_\_\_ .

5. Мағжан оқытушылар семинариясын \_\_\_\_\_

бітіреді.

6. Арыстандай айбатты, жолбарыстай \_\_\_\_\_ .

Керекті сөздер: *әріптерді, алтын медальмен, қайнар бұлағы, қайратты, кездесулер, ғылыммен айналысушы* (әр дұрыс жауап – 0,5 балл)

2-тапсырма. Өткен тақырыптардың мәтіндері бойынша сұрақтарға толық жауап бер (әр дұрыс жауап 0,5 балл).

1. «Кітап оқу адамды білімді етеді, жазып отыру әдеті сауатты етеді» бұл сөзді айтқан кім? \_\_\_\_\_

2. Хафиз, Сағди шығармаларының түпнұсқасын оқыған кім?  
\_\_\_\_\_

3. EXPO деген не? \_\_\_\_\_

4. «Зерек» атты қалам қанша жастағы балаларға арналған?  
\_\_\_\_\_

5. «Айбатты, қанатты, қайратты» кімнің сөздері?  
\_\_\_\_\_

6. «Кибернетика» сөзі қазақ тілінде қандай мағына береді?

7. Алғаш рет EXPO көрмесі қай жылы өтті?

8. Көкөністі жуып, ұнтақтап, кептіруге арналған қондырғыны жасап шығарған кім?

9. Біздің мақсатымыз алдыңғы қанша елдің қатарына кіру?

10. «Кітап оқымаған адам – тамырсыз қаңбақ» бұл кімнің сөзі?

3-тапсырма. Мәтінмен жұмыс.

Өнертапқыш Серікбол Шаймардан электронды бесік жасады. Бесік батарея немесе электр тогымен жұмыс істейді. Бесікті пульттің көмегімен басқаруға болады. Енді ата-аналар сәби жыласа, жан ұшыра жүгірмейді. Бесік бала жылаған кезде оны бірден сезіп, тербеле бастайды. Тербетілу уақыты тоқсан минут. Бесік бес режим бойынша ақырын немесе жылдам тербеледі. Ата-анасы пульт арқылы бір режимді таңдап қоя алады. Ақылды бесік сәбиге қазақтың күйлерін тыңдатып, өлең де айтып береді.

Тапсырмалар:

1. Мәтінді түсініп оқы. Мәтінге атау қой (1 балл).
2. Мәтін бойынша негізгі 5 сұрақ құрастыр (2 балл).
3. Ақпараттың дұрыс, бұрыстығын көрсет (1 балл).

Ақпарат	Дұрыс	Бұрыс
Бесік үш режим бойынша тербеледі		
Бесік тек электр тогымен жұмыс істейді		
Тербетілу уақыты тоқсан минут		
Пульттің көмегімен бесікті басқаруға болады		
Бесік өте жылдам тербеледі		

4-тапсырма. Грамматикалық тапсырма. Көп нүктенің орнына: алақай, мүмкін, ата оқшау сөздердің тиістісін қойып жаз (3 балл).

1. \_\_\_\_\_, төрге шығыңыз.
2. \_\_\_\_\_, мен баратын шығармын.
3. \_\_\_\_\_, күн жылынып, жаз келді.

Барлығы – 15 балл.

Дескрипторлар:

1. Өткен тақырыптар бойынша көп нүктенің орнына керекті сөздерді қояды;

2. Сұрақтарға жауап береді;
3. Синонимдерді жазады;
4. Сан есімдерді ажырата алады;
5. Мәтінге ат қояды;
6. Оқшау сөздерді ажырата алады.

Педагог БЖБ және ТЖБ өткізу үшін жиынтық бағалауға арналған тапсырмаларды жүктеп және жиынтық бағалауды орындау үшін сынып оқушыларының кіруін қамтамасыз етеді, бұған білім беру платформаларын (Күнделік.kz, «Bilim Land» және т.б.), сонымен қатар түрлі байланыс құралдарын пайдалануына болады.

Білім алушыларға жиынтық жұмыстардың оқу тапсырмаларын және орындалған жұмыстарды педагогке кері жіберу («Күнделік.kz», «Bilim Land», Оріс.kz және басқа) платформалар және қолжетімді байланыс құралдары арқылы мүмкін болады.

Білім алушыларға, олардың ата-аналарына немесе заңды өкілдеріне Күнделік платформасында, кез келген қолжетімді байланыс құралдары (электрондық пошта, чат, телеграм немесе т.б.) арқылы комментарий түрінде немесе электрондық форматтағы рубрика түрінде кері байланыс беріледі.

Интернет болмаған жағдайда балалардың оқу тапсырмалары мен өзіндік жұмыстары санитарлық қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, үйіне (Қазпочта бөлімшелері арқылы) жеткізіледі.

### **9 (10) сынып білім алушыларының емтихан балдарын емтихан бағаларына ауыстыру шәкілі**

Баға	Максимальды балл 20 болған пәндер үшін балдар
"2"	0 – 7
"3"	8 – 12
"4"	13 – 16
"5"	17 – 20

### **2.3. Электронды журналдар**

Критериалды бағалау журналы электронды журналдар жүйесі («Күнделік», «Білімал», «Мектеп.edu.kz»). қолдау көрсететін 1-11 сыныптар аралығында қолданылады. Оқу жылының басында сынып параметрлерінде журнал түрін таңдау қажет – «критериалды бағалау журналы».

Критериалды бағалау журналында оқу бағдарламасының бөлімдері үшін жиынтық балдардың ең жоғары ықтимал санын қою көзделген және ең жоғары балл көрсетілген баған бар. Егер оқу бағдарламасының бөлімдері аз

болса (мысалы, 2 бірлік), онда 2 қосымша жиынтық жұмыс үшін максималды балл қоюдың қажеті жоқ.

*Жиынтық бағалау журналына:*

\* кері байланыс үшін түсініктемелерді пайдалана отырып, қалыптастырушы бағалау балы (1-ден 10 балға дейін) ;

\* бөлім бойынша жиынтық жұмыс үшін балл (БЖБ) - жинаған баллдардың сомасы және оқу жетістіктерінің тиісті деңгейі;

\* оқу кезеңіндегі жиынтық жұмыс үшін балл (ТЖБ) – спецификацияға сәйкес жиналған баллдардың сомасы;

\* жылдық баға-шкалаға сәйкес барлық оқу кезеңдерінде жинаған баллдардың максималды мүмкін болатын балға пайыздық қатынасы қойылады.

Пайыздарды шығару үшін баллдарды енгізгенде браузер бетін жаңарту қажет: бетте «Ctrl+F5» пернелер комбинациясын басу.

Егер балды түзету немесе жою қажет болса, онда курсорды қажетті балға қойып, түзету немесе жою керек, содан кейін пернетақтада «Enter» пернесін басу керек. Егер бөлім қате толтырылмаса, онда алдымен баллдарды алып тастау керек, содан кейін ең жоғары балды жоюға болады.

Жиынтық бағалауды қою үшін ең алдымен «Макс.балл» қою, содан кейін БЖБ мен ТЖБ қою қажет. **2020-2021 оқу жылында бірінші сыныптарда бағалау жүргізілмейді. Мұғалімнің кері байланысы орындалған тапсырмалар бойынша түсініктемелер, рубрика, ұсыныстар беру**

Жаңа оқу жылында электрондық журналға үй тапсырмасы және айдарлармен жұмыс істеу кезінде Күнделік жүйесінің функционалын пайдалану бойынша педагогтерге ұсыныстар, сондай-ақ электрондық журнал жүргізу және үйде оқитын балалар үшін сабақ кестесін құру бойынша педагогтерге кері байланыстың ауызша түсініктеме беру құралдарын пайдалану бойынша ұсыныстар енгізілді.

Жаңа білім беру ұйымдарының жүйесіне қосылуын ескере отырып және түсіндіру жұмыстары мақсатында мұғалімдер, ата-аналар мен оқушылардан жиі кездесетін сұрақтар іріктеліп алынды.

*Қалай тіркелуге болады? Жүйеге қалай кіруге болады?*

Оқушылар мен олардың ата-аналарына тіркелу, логин мен пароль алу үшін жүйеге мәліметтерді толтыру бойынша жауапты тұлға болып табылатын қызметкерге, яғни әкімшіге мектепке жүгіну қажет. Егер әкімші туралы ақпарат болмаса, деректерді алу үшін сынып жетекшісіне хабарласыңыз.

*Неліктен профиль параметрлерінде өз аты-жөнін өзгертуге болмайды және қажет болған жағдайда оларды қалай өзгертуге болады?*

ААЖ жүйесінің көмегімен «Kundelik.kz» оқушылар, ата-аналар және мұғалімдер туралы статистиканы автоматты түрде жинауды жүзеге асырады, сондықтан пайдаланушылардың аты-жөнін, туған күнін және жынысын редакциялауға болмайды. Бұл білім беру саласындағы электрондық құжат айналымының мәні болып табылады. Ұсынылатын ақпараттың шынайылығын қамтамасыз ету үшін жеке деректерді редакциялау құқығы тек қана мектеп әкімшісіне беріледі:

- басшылық;

- сынып жетекшісі.

*Бағалаудың (оқу) тапсырмасын және кестені қалай көруге болады?*

Оқу ақпаратына көшу үшін экранның жоғарғы бөлігінде «Білім» – «Күнделік» бөлімін таңдау қажет. Осы ата-ананың навигациялық жолағында «балалар» бөлімі бар. Осы сілтемені басқан кезде ол барлық деректер жиналған бетке түседі. «Күнделік» сілтемесі бойынша: күнделік (ағымдағы аптада әдетті сабақ, бағалау және үй тапсырмасы туралы ақпарат); сабақта зерделенген және үйге тапсырма беру қол жетімді болады.

«Мұғалімнің ескертпелері» бағаны жекелеген білім алушылардың мінез-құлқы, олардың оқу жұмысында алға жылжуы немесе артта қалуы туралы мұғалімнің ескертулерін жазуға арналған.

Білім алушылардың жиынтық бағалау нәтижелері бойынша бәлімдер/аралық тақырыптар, тоқсан балдары осы жұмыс жүргізілгеннен кейін екі күнтізбелік күн ішінде журнал бағанына қойылады.

Үй тапсырмалары «үй тапсырмалары» бөлімінде қол жетімді, ал қоңырау мен сабақ кестесін «кесте» бөлімінен табуға болады.

*Мұғалімдердің, оқушылардың және олардың ата-аналарының деректерін жүйеге қалай енгізу керек?*

Мұғалімдердің, оқушылардың және олардың ата-аналарының деректерін жүйеге импорттауға болады, бұл қызметкерлердің мектеп профилін толтыруға уақытын үнемдейді. Қажетті үлгілері бар адамдарды импорттау жөніндегі Нұсқаулық қолдау қызметінің порталында болады.

*Бағалар журналдан өшіріліп қалған жағдайда не істеу керек?*

Журналда бағалаудың жоғалуы мүмкін:

- \* журналдағы бағаларды нүктелік жою әдейі немесе кездейсоқ әкімші, пән мұғалімі, редактор-мұғалім немесе сынып жетекшісі жүргізді;
- \* кестені кездейсоқ немесе әдейі әкімші алып тастағанда;
- \* бағаларды қою кезінде Internet Explorer браузері пайдаланылғанда; бағалау жүйесі мәжбүрлеп өзгертудің бірнеше себептері бар.

Естеріңізге сала кетейік, мұндай оқиғаларды болдырмау үшін үш адамнан артық қызметкерге әкімшілік құқық бермеу ұсынылады.

Kundelik жүйесіндегі жұмыс үстелі-мұғалімнің басты құралы.

Жұмыс үстелі-сайттың қажетті білім бөлімдеріне жылдам өту



#### **4 ҮШІНШІ (ТЗ) ТІЛ БОЙЫНША ТІЛДІК ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУҒА ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Бастауыш, негізгі орта білім беру пәндері бойынша "Шет тілі" (L3) пәні бойынша оқу бағдарламалары білім алушылардың тілдік дағдылары мен сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған, демек, білім алушылардың оқу жетістіктері ақпаратты түсіну дағдылары, сондай-ақ ақпаратты қабылдауға бағытталған дағдылар ретінде сөйлеу әрекетінің төрт түрі бойынша бағаланады:

- \* тыңдалым
- \* сөйлесім
- \* оқылым
- \* жазылым.

Тыңдауды бағалаудың объектісі - бұл шет тіліндегі мәтінді есту арқылы қабылдаудағы сөйлеу дағдылары мен тілдік дағдыларының қалыптасу деңгейі, сондықтан:

- монологті және диалогтік сөйлеуді есту арқылы түсіну қабілеті;
- ауызша дыбысталған мәтінді дұрыс қабылдауды қамтамасыз ететін тілдік және сөйлеу материалын меңгеру.

Сөйлеуді бағалау объектісі-ауызша монологтік және диалогтік сөйлеуге қажетті сөйлеу дағдысы мен білік дағдысының қалыптасу деңгейі бағаланады:

- диалогтік сөйлеу түріндегі қарым-қатынас үшін қажетті біліктер (әңгімелесушіні түсіну, оның репликаларына дұрыс жауап беру, өз пікірін немесе көзқарасын білдіру және т. б.);
- монологтік сөйлеу түріндегі қарым-қатынас үшін қажетті іскерліктер (әр түрлі коммуникативтік бағыттағы мәтінді құра білу).

Оқуды бағалаудың объектісі - бұл мазмұнды жалпы қамтитын (танысу оқылым) және мазмұнды егжей-тегжейлі қамтыған мәтіндерді оқу кезінде сөйлеу дағдылары мен білік дағдыларының қалыптасу деңгейі (оқылымды оқу). Сондықтан мыналар бағаланады:

- мәтіндегі негізгі ақпаратты, авторлық идеяны түсіну қабілеті (мазмұнымен танысу);
- мәтінде қамтылған негізгі және қосымша ақпараттарды толық және дәл түсіну, сондай-ақ автордың пайымдау барысын, автордың қорытындылары мен бағаларын адекватты түрде түсіну қабілеті (зерттеп оқу);
- мәтінді түсінуге қажетті лингвистикалық және сөйлеу материалын меңгеру.

Жазылымның тексеру объектісі - алынған ақпаратты жазбаша түрде жазу немесе жеке ақпаратты беру үшін қажетті сөйлеу дағдылары мен білік дағдыларының қалыптасу деңгейі және мыналар бағаланады:

- оқылған немесе тыңдалған мәтіннің мазмұнын жеткізе білу;
- ұсынылған тақырып бойынша жазбаша монологтік мәтін құра білу.

Қазақстанда сәтті енгізілген критериалды бағалау із оқу кезінде білім алушылардың оқу уәждемесі мен оқу дербестігін арттыруға ықпал етеді. Критериалды бағалау процесінде оқу пәнін оқыту мақсаттарының қаншалықты дәл және толық іске асырылатыны анық болады. Мұғалім қажетті түзетулерді

уақтылы енгізе алады, білім алушылардың шет тілін нәтижелі меңгеруге ынталандырады.

Критериалды бағалау оқу бағдарламаларының мазмұнына, бақылау іс-шараларының нысандарына, білім алушылардың жеке психологиялық-педагогикалық ерекшеліктеріне сәйкес; білім алушылардың оқу жетістіктерін аралық және қорытынды бақылауды тұтас пайдаланудан тұратын қалыптастырушы және жиынтық бағалаудың бірлігі негізінде жүзеге асырылады.

Критериалды бағалау бір жағынан педагогтың оқыту процесін жетілдіруге мүмкіндік беретін және білім алушыларды өз оқуына белсенді қатысуға ынталандыратын тетікке айналды. Осыған байланысты із сабақтарында оқыту сапасын, атап айтқанда, критериалды бағалауды арттыруға ықпал ететін бағалау нысандары мен әдістерін қолдану қажет.

"Шет тілі" оқу пәнінің мұғаліміне критериалды бағалаудың негізгі міндеттеріне сүйену ұсынылады:

- \* әр білім алушының тілдік құзыреттілік деңгейін анықтау оқу процесінің әр кезеңінде;
- \* білім алушыға өз қателіктерін түсінуге көмектесу;
- \* білім алушыға не істемейтінін және тілді қандай дәрежеде меңгергенін түсінуге көмектесу;
- \* көмек көрсету маңызды және қажет;
- \* білім алушының сәтсіздіктерін тіркеу, бірақ олар үшін жазаламау;
- \* білім алушылардың өздеріне қатысты үлгерімін бағалау;
- \* білім алушыларды күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізу және табысқа жету үшін тілдік дағдылар мен білік дағдыларды дамытуға ынталандыру;
- \* педагог, білім алушы мен оқу материалын игеру сапасын және оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктерін анықтау үшін ата-аналармен, білім алушымен кері байланыс жасау.

L3 бағалау жүйесіндегі шешуші сәт - оқу үдерісіндегі қалыптастырушы бағалаудағы тілдік дағдыларды бөлек бағалау, сондай-ақ оларды оқу үдерісінің кезеңінің соңында жиынтық бағалау кезінде жалпы бағалау (тақырып / бөлім, тоқсан, оқу жылы бойынша).

Қалыптастырушы бағалаудың ерекшелігі-бұл әр сабақта күнделікті тәжірибеде қолданылатын бағалау, яғни мұғалім мен білім алушы оқытудың алғашқы кезеңдерінде білім сапасына әсер ете алады.

Қалыптастырушы бағалау із оқу барысында білім алушылардың оқу жетістіктерін мониторингтеу және оқу процесінде оларға қолдау көрсету мақсатында жүргізіледі. Әр сабақта білім алушыларды уақтылы қолдау, оқудағы ілгерілеу, білім алушыларды оқуға ынталандыру, білімдегі олқылықтарды анықтау және олардың оқу жетістіктерін көрсету мақсатында қалыптастырушы бағалауды қолдану ұсынылады.

Жаңа оқу жылының басында тақырыпты оқып-үйренудің алғашқы сабағында L3 мұғалім білім алушыларда тілдік құзыреттіліктің қалыптасу деңгейіне «диагностика» жасап, мазмұны мен оқыту әдістерінің саралануын қамтамасыз етуі керек.

Білімді диагностикалық бағалаудың қажеттілігі (мұғалімдерге кіріс немесе алдын-ала бақылау деп көбірек танымал) оқушылардың дайындық деңгейінің әр түрлі деңгейінде, «жақын даму аймағына» сәйкес оқушының мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес келетін оқыту мен оқыту процесін болжау қажеттілігімен анықталады. Анау. мұғалім «кірісте» қалыптасқан жағдай туралы дұрыс түсінікке ие болады, ал оқушы - оған қандай талаптар қойылғаны туралы білетін болады.

Мысалы, L3 сабақтарында типтік оқу жоспарларының талаптарына сәйкес фронтальды сауалнама немесе бұрын зерттелген тақырыптар, бөлімдер бойынша сұрақтармен сауалнама жүргізуге болады. Оқытушы L3 бойынша дайындық деңгейіне және тілдік дағдыларды қалыптастыру деңгейіне алдын-ала талдау алады – оқушы тақырыпты, бөлімді оқуды бастамас бұрын білетін бастапқы білімі. Бұл жұмыс мұғалімге жаңа материалды оқудың қай кезеңінде оқушының проблемалары туындауы мүмкін екендігі туралы ақпаратты анықтауға және проблемалардың алдын алу үшін қадамдарды жоспарлауға көмектеседі.

Нәтижелерді бағалаудың мұндай критерийі білім алушыға дайындық деңгейін қойылған талаптармен байланыстыруға, ал мұғалімге оқу процесін түзетуге және жұмыстың күрделілік деңгейін дұрыс таңдауға мүмкіндік береді.

Мұғалімге қалыптастырушы бағалауды келесідей жоспарлау және ұйымдастыру ұсынылады:

- \* жоспарланған нәтижелерді талдау (Оқу іс-әрекеттері түрінде жазу) және оларды жұмыс бағдарламасының тиісті бөліміне енгізу;

- \* әр сабақта формативті бағалау техникасын таңдау;

- \* өз білім алушыларының жеке ерекшеліктерін және оқыту мәнмәтінін ескере отырып, тапсырмаларды әзірлеу немесе таңдау;

- \* әр тапсырмаға оқу мақсаттары негізінде бағалау критерийлерін құрастыру;

- \* бағалау критерийлерін ойлау дағдыларының деңгейлері бойынша бөлу (Блум таксономиясы);

- \* әр тапсырмаға оны орындаудың негізгі кезеңдерін сипаттайтын дескрипторларды әзірлеу. Тапсырмалардың дескрипторлары мұғалімнің бағалау кезіндегі шешімі объективті болуы үшін түсінікті және нақты болуы керек. Сонымен қатар, дескрипторлар оқушының тапсырманы орындаудың қай кезеңінде қиындықтарға тап болатынын анықтауға мүмкіндік береді;

- \* кері байланыс құралдарын таңдаңыз. Кері байланыс сабақтың әртүрлі кезеңдерінде қолданылады және мұғалімге білім алушылармен үздіксіз өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді, нәтижесінде оқу процесін түзету және одан әрі жоспарлау жүргізіледі.

Үшінші тілдердегі тілдік күзиреттіліктерді критериалды бағалау технологиясы білім алушылардың жетістіктерін оқу материалының қаншалықты сәтті игерілгенін, практикалық дағдының қалыптасқанын анықтауға мүмкіндік беретін нақты анықталған, алдын ала белгілі критерийлермен салыстыруға негізделген. Әр сабақ оқу мақсаттары мен оларға жету критерийлерін айтудан/көрсетуден басталуы керек. Білім алушы

оқытудың мақсатын түсінуі, ойлануы және оған қалай қол жеткізуге болатындығын білуі керек.

Білім алушылармен бірге бағалау критерийлерін алдын-ала әзірлеу және келесі әрекеттер алгоритмі сияқты басым критерийлерді таңдау ұсынылады:

Тақырыпты, тарауды, тарауды зерделеуді бастамас бұрын студенттерге сабақтың мақсаттары мен міндеттерін жариялау.

Әр білім алушыдан жұмыс бағаланатын бір-екі критерий жазуды сұраңыз.

Білім алушылар ұсынған өлшемдерді тақтаға жазыңыз.

Барлық білім алушылар ұсынылған критерийлерді түсінгеніне көз жеткізіңіз.

Критерийлерді маңыздылық дәрежесіне қарай орналастырыңыз.

Талқылау барысында басым критерийлерді таңдау.

Егер белгі қою болжанса, әрбір критерийдің сандық өрнегін (балдарын) анықтау немесе оны градациялау (тапсырманы орындау деңгейіне бөлу).

Болашақта білім алушылардың жұмысын тек әзірленген критерийлерге сәйкес бағалау қажет.

Сондай-ақ, тұжырымдалған мақсаттарға назар аудару керек:

\* мақсаттарға қол жеткізілгенін нақты айту үшін өлшенеді;

\* қандай әрекет қажетті нәтиже әкелетінін түсіну үшін қол жетімді, әрекетке бағытталған;

\* қол жеткізуге болатын шынайы;

\* орындау үшін белгілі бір мерзімдер мен ақылға қонымды құралдар болуы керек.

Мұғалім білім алушымен бірге мақсатты тұжырымдаған кезде, оған қол жеткізуге көмектесетін нұсқаулықтарды әзірлеу керек. Міндеттер қою мақсатқа жету үшін жасалуы керек маңызды шаралардың тізімін береді.

Мұғалімге үнемі талдау жасау және қажет болған жағдайда қойылған мақсаттарды қайта қарау ұсынылады. Мақсаттарды үздіксіз талдау мұғалімді үнемі басымдықтар орнатуға (ең бастысы таңдауға) және маңызды шешімдер қабылдауға мәжбүр етеді. Іске асырылмаған немесе мерзімі бойынша үнемі ауыстырылатын мақсаттарға ерекше назар аудару керек

Егер мұғалім критерийлерде көрсетілмеген қателіктер мен кемшіліктерді тапса, ол білім алушыға осы қатеге назар аударуды ұсынуы мүмкін. Мысалы, "Неміс тілі" сабағында 6-сынып "Die Erde ist unser Haus" ("Жер-біздің үйіміз") тақырыбы бойынша тексеру жұмысын (эссе) жүргізер алдында мұғалім келесі критерийлерді айтады: 1) әңгіме 15 және одан да көп сөйлемдерден тұруы тиіс; 2) әңгімеде тақырыпқа зерттелген лексика қолданылуы тиіс; 3) әңгімеде өзен, көл, өлке тауларының атаулары көрсетілуі тиіс.

Тексерістен кейін педагог бағалау критерийлеріне қатысты қол жеткізілген нәтижелерге, сондай-ақ басқа да қателіктерге мынадай түрде тоқталады: "Жарайсындар, сенің әңгімен 15 сөйлемнен тұрады, сен өз ауылыңды сипаттап, өзендердің, таулардың атауларын тізіп өттім. Әңгімені толықтырыңыз, өткен лексиканы қолдана отырып, сіздің Отаныңыз қандай керемет".

Бұл мысал мұғалімнің жұмысты тексеру кезінде бағалау критерийлеріне сүйенетінін көрсетеді, алдымен не қол жеткізілгенін, содан кейін оның проблемасы және соңында критерийлерде айтылмағанын көрсетеді және осы мәселеге назар аударуды ұсынады.

Із сабағының әртүрлі кезеңдерінде қолданылатын қалыптастырушы бағалаудың көптеген әдістері бар. Қалыптастырушы бағалаудың күнделікті тәжірибесінде, мысалы, білім алушылардың меңгеру деңгейін, үлгерімін өлшеу үшін мыналарды қолдануға болады: "Екі жұлдыз және бір тілек", "Қолмен сигналдар", "Бағдаршам", "Жалпылауға арналған карта индексі", "Бір минуттық эссе", "Сөйлеу үлгілері", "Үш минуттық үзіліс", "Ауызша бағалау".

Жаңа материалды оқытудан бұрын қалыптастырушы бағалау әдістерін қолдану білім алушылардың сабаққа қандай біліммен келгенін анықтауға және сәйкесінше оқу мақсаттарына назар аударуға көмектесетін оқуды жоспарлауға мүмкіндік береді. Бұл әдістерге мыналар жатады: "Associations": білім алушылар өздерінің қауымдастықтарын тақырып атауымен шағын қағазға немесе тақтаға жазады, осылайша бұрын зерттелген лексикалық материалды қайталайды және оны жаңа тақырыпқа қолданады.

"Corners": мұғалім сұрақ ұсынады және оған төрт ықтимал жауап бөлменің бұрыштарында орналасқан. Білім алушылар өздеріне дұрыс болып көрінетін жауаптың жанында тұрады және топта олардың көзқарасын дәлелдейтін дәлелдер жасайды.

"Sorting": оқушылар мұғалім ұсынған сөздерді тақырыптар бойынша таратады.

"Know-Want to Learn-Learned": оқушылар кестені толтырады Мен білемін–қызығушылық танытамын – білдім, бірінші бағанда тақырып бойынша білгендерін жазып, екіншісінде – білгілері келеді, үшіншісінде-тақырыптан өткеннен кейін қызығушылық танытқан сәттердің анықталғанын атап өтеді.

Бағалау қызметіне қойылатын негізгі талаптардың бірі студенттердің өз нәтижелерін бағалау, қателіктерін көру, әр түрлі жұмыстарға қойылатын талаптарды білу қабілеттерін қалыптастыру болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін өзін-өзі бағалау және өзара бағалау әдістерін қолдану қажет.

"Өзін – өзі бағалау" - өзіне баға қоюға емес, бағалау рәсіміне байланысты бағалау қызметінің бір түрі. Бұл көбінесе тапсырмаларды орындау процесінің сипаттамасымен, оның оң және теріс жақтарымен және ең аз баллдармен байланысты.

Өзін-өзі тиімді бағалау үшін:

- білім алушының жұмысы, қызметі қалай бағаланатынын түсіну;
- сыни ойлау дағдыларын дамыту;
- объективтілікті дамыту;
- оқушылардың назарын өз мақсаттарына шоғырландыру.

1-кесте . Ағылшын тілі сабағында өзін-өзі бағалау парағының үлгісі.

Description of achievement	poor	fair	good	excellent
I can read and understand the information about				
I can listen and understand the information				

about				
I can write				
I can speak about				
I can ask and answer the questions about				

## "АҒЫЛШЫН ТІЛІ" ПӘНІ БОЙЫНША 7 СЫНЫП

### Ашық сабақ үлгісі

### Lesson plan

<b>Date</b>	
<b>School</b>	<b>№ 50</b>
<b>Class</b>	<b>7 "А"</b>
<b>Teacher</b>	<b>Askarova Saule Amangeldievna</b>
<b>Unit</b>	Reading for pleasure
<b>Number of students</b>	12
<b>Lesson title</b>	<i>My favorite book</i>
<b>Learning objectives(s) that this lesson is contributing to (link to the Subject programme)</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• 7.C2 use speaking and listening skills to provide sensitive feedback to peers</li> <li>• 7.L8 understand supported narratives on a wide range of general and curricular topics</li> <li>• 7.R2 understand specific information and detail in texts on a range of familiar general and curricular topics</li> <li>• 7.S8 recount some extended stories and events on a growing range of general and curricular topics</li> </ul>
<b>Assessment criteria</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• <b>Give feedback to others orally</b></li> <li>• <b>Recognise the meaning of a story with some support</b></li> <li>• <b>Realise particular facts and parts in reading passage</b></li> <li>• <b>Retell extended stories and episodes on a given topic</b></li> </ul>
<b>Lesson objectives</b>	By the end of the lesson <ul style="list-style-type: none"> <li>• <b>all students</b> can answer at least three questions about Hogwarts school</li> <li>• <b>the most students</b> will be able to provide information about the main meaning of stories</li> <li>• <b>some of students</b> can explain why reading book is pleasant</li> </ul>
<b>Values links</b>	Secular society with high spirituality
<b>Cross-curricular links</b>	Literature
<b>Previous learning</b>	Students have already known types of story
<b>Health and safety check</b>	Health saving technologies.

#### Procedure:

Stage	Time	Planned activities	Formative assessment	Differentiation	Recourses	For notes

<b>Start</b>	<b>10 min</b>	<b>Greeting.</b> “House of emotions” Teacher’s name “I owe everything good in me to books!” Maksim Gorky	Students put hands on the window of house according their mood  Learners guess teacher’s name	Providing ice-breaking and find starting point “AIDA” and “Story telling” techniques help to remember information	PPP Emotional Intelligence	
<b>Middle</b>	<b>20 min</b>	<b>Pre-reading:</b> PPP to guess the main points of the lesson. Song “The Sorting Hat” Dividing into 4 groups <b>Listening and reading:</b> “J. K. Rowling” “The Harry Potter books” “Hogwarts” “Harry Potter and the Half-Blood Prince” <b>Post –reading:</b> <b>Task - 1</b> Answer to questions <b>Task - 2</b> Put names of books into the correct order <b>Task - 3</b> Complete the table <b>Task - 4</b> Fill in the gaps	Suggested answers: Harry Potter J K Rowling Hogwarts Four houses Sorting hat Students divide into four groups according flags of the houses Learners listen and find out answers to the questions Learners put books into correct order Learners match words in the table with character adjectives and founders’ faculty names Learners fill in the gaps words of film review	<b>By supporting questions to guess, what story is about and</b> explaining comprehension of unknown words. Learners with audial style are supported by listening.  Learners with visual style are supported by pictures.  Teacher supports learners with low level.	<a href="http://songspro.ru/45/Riddle-TM/tekst-pesni-The-Sorting-Hat">http://songspro.ru/45/Riddle-TM/tekst-pesni-The-Sorting-Hat</a> PPP	
<b>End</b>	<b>10 min</b>	<b>Speaking and writing.</b> 2. Make the spider gram. <b>Conclusion of lesson. H.W.</b>	Learners express personal opinions about reading for pleasure	Learners answer the questions by choice. Learners are supported with example.	<a href="https://youtu.be/RKcpFNFaWfE">https://youtu.be/RKcpFNFaWfE</a>	

## Қорытынды

Қазіргі кезеңде орта білім беру ұйымдарында оқытудың басты мақсаты білім алушыны дамыту болып табылады. Бағалау білім алушының дамуы барысында оған ықпал ету, оны өзгерту, оқыту және оның дамуының өлшемі болады. Барлық педагогтер оқыту мен бағалау кезінде бірыңғай қағидаттарды ұстанған жағдайда ғана екінші (Т2) және үшінші (Т3) тілдерді оқытуда оң нәтижеге қол жеткізе алады.

Екінші (Т2) және үшінші (Т3) тілдерді оқыту әдістемесіне жүйелілік, дәйектілік, объективтілік, маңыздылық, қолжетімділік сияқты басқа да дәстүрлі қағидаттар негізгілер болып саналады.

Алайда, тілдерді ана тілі емес, екінші (Т2) , үшінші (Т3) тілдер ретінде оқыту жүйесінде жалпы білім беретін мектеп жағдайындағы бағалаудың келесі өзіндік принциптері бар:

- коммуникативтілік және функционалдылық принципі, мұнда оқыту өмірлік жағдайларға барынша жақын ұйымдастырылуы керек, сондықтан сабақ барысында оқу, оның ішінде проблемалық, жағдаяттық, ұжымдық жұмыс түрлері қолданылады;

- материалды концентрлік ұйымдастыру принципі, бұл жерде материалды цикл-концентрлері бойынша бөлу көзделеді; әрбір келесі концентрде меңгерілгеннің негізінде материалды кеңейту және жаңаны игеру қарастырылады;

- ана тілін есепке алу қағидаты, бұл принцип білім алушылардың ана тіліндегі тәжірибелерінің оқу процесін ұйымдастыруда (жаттығулар жүйесін дайындауда; интерференцияның алдын алу үшін материалды іріктеуде) ескерілуін көздейді.

Ана тілі мен оқитын тілдердегі тілдік құбылыстар толығымен, ішінара сәйкес болуы немесе сәйкес келмеуі мүмкін екенін есте сақтаған жөн. Оқу мәселесіндегі ең қиыны – ішінара сәйкес келетін құбылыстар. Бұл жағдайда айқын немесе беймәлім, жасырын салғастыру қажет, өйткені ана тілінде емес, «басқа» тілде қабылданған сөйлеуді талдау ана тілінің категориялық негізінде жүреді, сол сияқты «өзге» тілдегі сөйлеу ана тілінің немесе делдал тілдің моделіне негізделеді;

- минимизация принципі оқу материалының мазмұны мен көлемін оқу мақсаттарына, міндеттеріне, сатысына, бейініне сәйкес шектейді. Оқу материалының минимумы – бұл жалпы тіл жүйесін барабар көрсететін функционалды жүйе;

- кешенділік және саралау принципіне сәйкес оқытудың басынан бастап фонетика, лексика, грамматика қатар меңгеріледі және ауызша сөйлеуді, оқуды, жазуды дамыту да қатар жүзеге асырылады; бұл ретте әрбір жеке алынған тілдік немесе сөйлеу аспектісі бойынша жұмыстың ерекшелігі ескеріледі.

Екінші және үшінші тілдерді оқудағы жетістіктерді бағалау кезінде келесі ерекшеліктерді ескеру қажет:



1. Білім алушының жеке ерекшеліктерін (қанша уақыт бойы осы тілде сөйлейтінін, сынып алдында сөйлеу кезінде психологиялық кедергісі бар ма екенін) ескеру.

2. Ана тілінің (әсіресе фонетика, морфология және синтаксисті оқу кезінде) ерекшеліктерін ескеру.

Екінші (Т2) және үшінші (Т3) тілдерді оқытудағы негізгі принцип – коммуникативті бағдарлау принципі, бұл принцип бағалау жүйесінің негізін құрауы керек. Сөйлеу әрекетінің әртүрлі түрлерін бағалау кезінде екінші (Т2) және үшінші (Т3) тілдерді оқытудағы басымдылық тестілеу (бастапқы, түзету, оқыту, диагностикалық, тақырыптық, қорытынды) болып табылады. Жалпы білім беретін мектепте екінші тілді (Т2) оқу кезінде білімді тексерудің өзекті формалары эссе, мазмұндама және шығарма жазу сияқты жазбаша жұмыстардың дәстүрлі түрлері болып табылады.

Формативті (қалыптастырушы) бағалау педагогке білім алушылардың оқу мақсаттарына жету процесін бақылауға мүмкіндік береді және мұғалімге оқу процесін бастапқы кезеңдерінде түзетуге, ал білім алушыға өзінің білімі үшін үлкен жауапкершілікті сезінуге көмектеседі. Формативті (қалыптастырушы) бағалау әр сабақта жүзеге асады және білім алушыларға да, педагогке де қолайлы нысанда қолданылады. Формативті (қалыптастырушы) бағалау кезінде сабақта «Қол сигналдары» немесе «Бағдаршам» техникалары (білім алушылар материалды түсінгенін немесе түсінбегенін білдіретін белгілерді көрсетеді), «Бір минуттық эссе» техникасы (мұғалімге қандай тақырыптар нашар меңгерілгенін байқауға мүмкіндік береді), «Температураны өлшеу» техникасы (оқушылардың тапсырманы қаншалықты дұрыс орындайтынын анықтау мүмкіндігі), «Ішкі және сыртқы шеңбер» техникасы (сұрақтарға жауап беру), «Сөйлеу үлгілері (қолдаулар)» техникасы (педагог ара-тұра жауап құруға көмектесетін сөйлеу үлгілерін беріп, қолдау көрсетеді), «Үш минуттық кідіріс» техникасы (білім алушыларға ұғымдарды, сабақ идеяларын ойлауға, алдыңғы материалмен, біліммен және тәжірибемен байланыстыруға, сондай-ақ түсініксіз сәттерді анықтауға мүмкіндік беретін үзіліс) және т. б. техникалар қолданылуы мүмкін.

Тілдік құзіреттіліктерді жиынтық бағалау белгілі бір оқу кезеңіндегі бөлім/ортақ тақырыптар аяқталғаннан кейін балдар мен бағалар қойыла отырып жүргізіледі. Тілге қатысты бағаны есептеу сөйлеу әрекетінің төрт түрі (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) бойынша деңгейлік оқытудың ерекшелігін ескере отырып жүргізіледі: балдардың сомасы есептеледі, әрекеттердің әрбір түрі бойынша балдардың пайыздық мөлшері белгіленеді, балдардың жалпы сомасы шығарылады, балдардың жалпы сомасының пайыздық үлесі белгіленеді және балдар бағаға ауыстырылады.

Білім алушылардың жеке білім жетістіктерінің динамикасын, олардың жоспарланған нәтижелерді игерудегі алға басуларын сипаттайтын екінші (Т2) және үшінші (Т3) тілдер бойынша оқу жетістіктерін бағалауда аралық (белгілі бір бөлім бойынша) және тоқсандық бақылау жұмыстары негізгі рөл атқарады, оларды орындау нәтижелері оқытудың қандай да бір сатысында жоспарланған нәтижелерге қол жеткізілгенін объективті түрде көрсетеді. Бұл жұмыстар

сөйлеу әрекетінің төрт түрінде (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) коммуникативті құзіреттіліктің қалыптасуын бақылауға, сондай-ақ меңгеруге ұсынылған лексика-грамматикалық құралдарды қолдану дағдыларын бақылауға арналған тапсырмаларды қамтиды.

Осылайша, заманауи бағалау технологиялары білім алушылардың жетістіктерін бағалау жүйесіне аутентті мәдениетаралық тікелей және жанама оқытудағы жетістіктерін қосу арқылы оқу процесінің шеңберін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Педагог сапалы білім – бұл жалпы және арнайы білім алу ғана емес, сонымен қатар білім алушының жеке дамуы екенін де ұмытпауы керек. Заманауи мектептің мақсаты – еркін тұлғаны, өзінің мүмкіндіктерін шынайы бағалайтын, әрқашан алға қарай ұмтылатын және өз әрекеттері үшін жауап беретін тұлға тәрбиелеу. Ол үшін әр білім алушы өзінің бірегей әрі ерекше екенін сезінуі керек.

Бұл ұсынымдарда тілдік құзыреттіліктің негізгі ұғымдары, екінші (Т2) және үшінші (Т3) тіл бойынша білім алушылардың тілдік құзыреттіліктерін бағалау формалары мен әдістері, сондай-ақ «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті» (Т2) және «Шетел тілі» (Т3) оқу пәндерінен сабақ беретін пән мұғалімдерінің тәжірибесінен алынған практикалық материалдар ұсынылған.

Екінші (Т2) және үшінші тілдер (Т3) бойынша тілдік құзіреттіліктерді критериалды бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар әрбір білім алушының жеке жетістіктерін, сынып деңгейін және жалпы білім беру процесінің нәтижелерін бағалауда «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті» және «Шетел тілі» оқу пәндерінің мұғалімдеріне арналған.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Үш тілде оқытудың бірыңғай тілдік стандарты (Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының 2016 ж. 20.10.№ 9 хаттамасымен басылымға ұсынылған ).
2. Методические рекомендации по использованию системы критериального оценивания учебных достижений учащихся всех уровней. Сборник методических рекомендаций. – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2015. – 507 с.
3. ДББҰ «НЗМ»Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау басшылығы ,Астана,2016
4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 17 сәуірдегі № 149 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 20 сәуірде № 20428 болып тіркелді
5. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11 бабына сәйкес, 27 шілде 2007 жыл, №319 – III
6. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, Астана, 2008.
7. Словарь русского языка: В 4-х т. / РАН, Ин-т лингвистич. исследований; Под ред. А. П. Евгеньевой. — 4-е изд., стер. — М.: Рус. яз.; Полиграфресурсы, 1999.
- 8.. Ожегов С. И. Словарь русского языка /С.И. Ожегов; под ред. чл.-корр. АН СССР Н. Ю.Шведовой. -М. : Рус.яз., 1986. - С. 256.
9. Менеджмент качества образовательных процессов : учеб. пособие / под ред. Э. В. Минько, М. А. Николаевой. – М.: Норма : ИНФРА-М, 2013. – С. 300.
10. Михайленко Т. С. Компетентностный подход в оценке качества результатов обучения студентов // Концепт. – 2014. – Спецвыпуск № 22. – ART 14775. – 0,5 п. л. – URL: <http://e-koncept.ru/2014/14775.htm>. – Гос. рег. Эл № ФС 77-49965. – ISSN 2304-120X.
11. Фомин Н. В. Технология разработки требований к результатам образования в контексте ФГОС ВПО // Стандарты и мониторинг в образовании. – 2013. – № 4(91). – С. 24.
12. Болотов В.А., Сериков В.В. Компетентностная модель: от идеи к образовательной программе //Педагогика.-2003.- № 3.
13. Общеевропейские компетенции владения иностранным языком: изучение, преподавание, оценка. – М.: МГЛУ, 2003. – 256 с.
14. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);
15. Методические рекомендации по уровневому обучению русскому языку в школах с нерусским языком обучения. Ы Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (2019 жылғы 14.03. № 3 хаттама).

16. Қазақ тілді емес мектептерде қазақ тілін деңгейлік оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. - Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 116 б.

17. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде емес)// Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы No 604 бұйрығымен бекітілген.

18. [https://www.inform.kz/kz/ustazdarga-arnalghan-nuskaulyk-kashyktan-okytudy-kalay-uyumdastyrug-a-bolady\\_a3634113](https://www.inform.kz/kz/ustazdarga-arnalghan-nuskaulyk-kashyktan-okytudy-kalay-uyumdastyrug-a-bolady_a3634113)

19. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы «8» сәуірдегі № 135 бұйрығына 2-қосымша

20. [https://www.inform.kz/kz/ustazdarga-arnalghan-nuskaulyk-kashyktan-okytudy-kalay-uyumdastyrug-a-bolady\\_a3634113](https://www.inform.kz/kz/ustazdarga-arnalghan-nuskaulyk-kashyktan-okytudy-kalay-uyumdastyrug-a-bolady_a3634113)

21. Кері байланыс беру үшін 5-9 сыныптар оқу пәндерінің оқу мақсаттарына сәйкес рубрикаларды құрастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Нұр-сұлтан қ.: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2019.- 200 б.

22. Жаңартылған білім беру шеңберінде білім беру шеңберінде білім алушылардың жетістіктеріне критериалды бағалауды жүзеге асыру туралы әдістемелік ұсынымдар (3,6,8,10 сыныптар) мұғалімдеріне көмек ретінде әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2017. – 280 б.

23. Білім мазмұнын жаңарту шеңберінде білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалауды жүзеге асыру бойынша әдістемелік ұсынымдама (4, 9, 10, 11-сыныптар) . – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018. – 320 б.

24. Руководство по критериальному оцениванию для учителей основной и общей средней школ: Учебно-метод. Пособие. / Под ред. О.И.Можаевой,

А.С.Шилибековой, Д.Б.Зиеденовой. – Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2016. - 56 с.

25. Қазақстан Республикасының үштілді білім саласындағы ғылыми зерттеулер нәтижелері бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. – Нұр-Сұлтан қ.: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 152 б.

26. Екінші тілді оқытуда тілдік, сөйлеу және элеуметтік-мәдени құзыреттілікті қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2020. – 208б.

27. Пособие для учителя. Инструменты формирующего оценивания в деятельности учителя-предметника. Нарва: 2012. – 97 с.

**Бейсенбина Айгуль Кайырберлина  
Қарағанды қаласы  
№86 ЖББОМ**

**Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы 5- сынып**

**Мазмұны**

Кіріспе.....	3
1-тоқсан.....	4
2- тоқсан.....	20

**КІРІСПЕ**

Аталған тапсырмалар жинағы білім беру мазмұнын жаңарту аясында мұғалімдерге көмек құралы ретінде құрастырылды. Тапсырмалар қалыптастырушы бағалауды өткізуге, сабақты жоспарлауға, ұқсас тапсырмаларды құрастыруға және іріктеп алуға, оқу мақсатына жетуге қатысты сындарлы кері байланыс беруге көмектесетін үлгі болып табылады.

Жинақтың ұсынылған сипаты сізге білім алушының қажеттілігі мен мүмкіндігін есепке ала отырып, тапсырмаларға толықтырулар мен өзгерістер енгізуіңізге, бейімдеуіңізге мүмкіндік береді.

Оқушылар пәндік оқу арқылы қоғамға араласуға қажетті жазылым, айтылым, тыңдалым, оқылым дағдыларын дамытады. Тіл арқылы оқушылар еркін қарым- қатынас жасайды, өзара пікір алмасады, көзқарастарын білдіреді, өз ойын жүйелі де нақты жеткізе алады. кез келген ақпараттарды тиімді қолдана отырып, өзіне қажетті мәліметтерді алады, әртүрлі мәнмәтіндегі мәтіндерді өздігінен түсініп оқиды, өзіндік қорытынды жасап, тың идеяларын өзгелерімен бөліседі.

Қазақ тілін оқыту сөйлеу әрекетінің 4 бағытына негізделген. Олар:

тыңдалым

айтылым;

оқылым;

жазылым және тілдік бағдар;

Жинақ негізгі мектеп мұғалімдеріне, критериалды бағалау бойынша өңірлік және мектеп үйлестірушілеріне, басқа да мүдделі тұлғаларға арналған.

Жинақты дайындау барысында ресурстар (суреттер, мәтіндер, бейне және аудио материалдар, т.б.) қолжетімді ресми интернет-сайттардан алынды.

**I тоқсан 1- тарау**

**Отбасындағы дәстүрлер мен мерекелер.**

## **Сабақтың тақырыбы: Қазақ отбасының дәстүрлері**

Сөйлеу әрекетінің түрлері: Тыңдалым Айтылым

Оқу мақсаты: 5.1.1.1 Тақырыпты тірек сөздер арқылы болжау

5.2.3.1. Ауызша мәтіндер құрауда қазақ тіліндегі төл

дыбыстардың дыбысталуын, үндестік заңын ескеріп

айту.

Сабақтың мақсаты:

мәтіннен тірек сөздерді анықтау, тірек сөздер арқылы мәтіннің тақырыбын болжау;

ауызша мәтін құрастыруда қазақ тіліндегі төл дыбыстардың дыбысталуын, үндестік заңын ескеру;

Бағалау критерийі

*Білім алушы*

мәтіннен тірек сөздерді анықтайды, тірек сөздер негізінде тақырыпты болжайды;

ауызша мәтін құрастырады;

сөйлеу барысында қазақ тіліндегі төл дыбыстарды, үндестік заңын ескеріп айтады

Ойлау дағдыларының Қолдану

деңгейі

### **ТЫҢДАЛЫМ.**

Әр бөлім бойынша тірек сөздерді анықтаңыз, кестені толтырыңыз. Мәтіннің тақырыбын болжаңыз.

Отбасы- сыйластық, жарастық орнаған орта, кішкентай Отан. «Отан-отбасынан басталады» дегендей Отанды сүю - отбасынан басталатыны рас! Себебі, отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Отбасы – отанымыздың ошағы.

Отбасы – табиғат сыйлаған кереметтердің бірі. Жеке адамның бойындағы ар-ұятын, ақыл-ойын, адамгершілігінің, мәдениеттілігін тәрбиелеуде отбасы-алғашқы қадам. Отбасы – өте қажетті, басқадай еш нәрсемен өзгертумен болмайтын баспалдақ.

Қазақ халқының отбасы тәрбиесіндегі өзіне тән жарасымдылықтың бір ұшы олардың жасы кішісінің үлкеніне «сен» деп сөйлемей, алдын кесіп өтпей, үлкен тұрып кішінің, әке тұрып ұлдың, шеше тұрып қыздың орынсыз сөйлемейінде деп санаймыз.

<i>Мәтін тақырыбы</i>	<b>Дескриптор</b>	<b>Балл</b>
<b>Бағалау критерийі</b>		
мәтіннен тірек сөздерді анықтайды;	мәтін мазмұнын ашуға негіз болған тірек сөздерді анықтайды;	1
тірек сөздер негізінде тақырыпты болжайды;	әр бөлім бойынша тірек сөздерді кестеге толтырады	1
	анықталған тірек сөздер негізінде мәтіннің	1

тақырыбын болжайды.

## АЙТЫЛЫМ.

1. Сурет бойынша өз отбасыңыз туралы айтыңыз. Мақалдың мағынасын ашыңыз.



3. Өлең жолдарынан қате кеткен әріптерді анықтаңыз. Қазақ тіліне тән төл дыбыстарының дыбысталуын ескеріңіз.

Атамнан басталар,  
Әжемнен косталар,  
Отбасым мыналар:  
Ен жақын адамдар-  
Әкем мен анам бар,  
Бір тұған ағам бар,  
Бір тұған апам бар...  
Барін жақсы күремін,  
Еркелеймын, еремін!

### Бағалау критерийі

ауызша мәтін құрастырады;  
сөйлеу барысында қазақ тіліне тән  
төл дыбыстардың дыбысталу  
ерекшелігін ескереді.

### Дескриптор

сурет бойынша мәтін  
құрастырады  
мақалдың мағынасын ашады;  
қазақ тіліне тән төл  
дыбыстарды ажыратады

### Балл

1  
1  
1

### Сабақтың тақырыбы: Атам бата береді

Сөйлеу әрекетінің түрлері: Оқылым Жазылым

Оқу мақсаты: 5.3.1.1 Мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтау.

5.5.1.1. Мәтін құрауда жалғау түрлерін дұрыс жалғау.

Сабақтың мақсаты:

оқыған мәтіннің мазмұнын түсіну;  
мәтіннен негізгі ақпаратты анықтау;  
жалғау түрлерін орынды қолдану

Бағалау критерийі

*Білім алушы*

мәтіннің мазмұнын түсініп оқиды;  
мәтіндегі негізгі ойды анықтайды;  
жалғау түрлерін орынды қолданады

Ойлау дағдыларының Қолдану  
деңгейі

### Оқылым

Батаны халқымыз киелі тілеу деп бағалайды. Оған дәлел: «Бата-сөздің анасы», «Атаңнан ботақалмасын, бата қалсын», «Ботаның құны бір-ақ жұт, бата- балаға мәңгі құт», «Баталы ер арымас, батасыз ер жарымас». Бата түрлері: Ұлыстың ұлы күні берілетін баталар, сапарға бата, дастарқан батасы, соғым батасы, тұсау кесер бата, әскерге баратын жастарға, туған күнге бата, қыз балаға бата, ұл балаға бата, жас жұбайларға бата, ұзатқан қызға бата. Бата халық ауыз әдебиетіне жатады. Батаны үлкен адам береді. Оны айтқанда қол жаяды. Қол жаю осы айтылған сөздер менің қолыма түссін дегенді білдіреді. Бата өмірдегі өте маңызды жағдайларға айтылады. Батада табыс пен жетістік болсын деп тілейді. Батаның тәрбиелік мәні зор.

1. Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.

Бата түрлері

Батаның тәрбиелік мәні

Бата – халық қазынасы

Отбасы - сыйластық орнаған орта. Әке отбасындағы барлық қамқорлықты атқарса, ана отбасына нәр беруші адам. Сондықтан бала өмір бойы ата-анасының еңбегін, жақсылығын сыйлауы тиіс. Қазақ отбасы негізінен үш ұрпақтан тұрады. Ол – ата, әке, бала. Әке - әулет басшысы, отбасы мүшелерінің тірегі, асырап сақтаушысы, қамқоршысы. Әке – отбасының тірегі. Отбасы мүшелері әкені тыңдайды. Әке – отбасының басшысы, асыраушысы, қамқоршысы. Әкені ана да, балалар да құрметтейді, сыйлайды. Бала-әкені ренжітпес үшін тәртіпті, еңбекқор.

2. Отбасы мүшелерінің рөлі туралы жазыңыз.

Әке \_\_\_\_\_

Ана \_\_\_\_\_

Ата \_\_\_\_\_

Бала \_\_\_\_\_

Бағалау критерийі	Дескриптор	Балл
мәтіннің мазмұнын түсініп оқиды	мәтінді оқып негізгі ойды	1
мәтіндегі негізгі ойды анықтайды.	анықтайды; отбасы туралы ақпараттарды	1



қолданады.

### Жазылым

Мәтіндегі көп нүктенің орнына тиісті жалғауларды жалғаңыз.

1. Жазда ауылына демалыс... келіп жатқан Шоқан Саққұлақ шешенді қонақ шақырып, бірнеше күн оның тағлымды әңгіме...ін тыңдады. Шоқан... риза болған шешен:

Асылы, ақыл – адамды аздырмайтын ем,

Білім – таусылмайтын кен.

Адам... басшысы - ақыл,

Жетекшісі талап,

Шолғыншысы – ой, жолдасы – кәсіп,

Қорғаны сабыр, қорғаушысы – мінез,

Білім туған бала екен..., тумысыңнан дана екенсің, - дейді.

1. Көп нүктенің орнына тиісті тәуелдік жалғауын жазыңыз. Балам, бала... , жаны... , бала ...!

Құлағ... сал , сөйлейді ана...

Сені өсіріп, бөбег... деп

Аппақ сүт...н емізді ана... .

Бағалау критерийі	Дескриптор	Балл
жалғау түрлерін орынды қолданады	көп нүктенің орнына тиісті жалғау жалғайды;	1
	тәуелдік жалғауын орынды қолданады;	1

## 2- тарау

### Мектеп өмірі. Әдепті бала-арлы бала.

#### Сабақтың тақырыбы: Менің мектебім

Сөйлеу әрекетінің түрлері: Тыңдалым Айтылым

Оқу мақсаты:

5.1.2.1. Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну және нақты ақпаратты анықтау

5.2.5.1. Берілген сұрақты дұрыс түсініп, лайықты жауап беру, шағын диалогке қатысу.

Сабақтың мақсаты:

тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну;

мәтіннен нақты ақпаратты анықтау;

берілген сұрақты дұрыс түсіну, шағын диалогке қатысу

Бағалау критерийі *Білім алушы*

тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді;

мәтіннен нақты ақпаратты таба алады;

берілген сұрақты дұрыс түсінеді;  
тақырып төңірегінде жұбымен диалогке қатысады.

Ойлау дағдыларының Қолдану деңгейі

**Тыңдалым.**

**Мәтінді мұқият тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріп, нақты ақпаратты табыңыз.**

Менің отбасым биыл қалаға көшіп келді. Мені анам үйдің қасындағы мектепке оқуға берді. Менің мектебім орталықта орналасқан әрі үйге жақын. Мектебім жаңа, биік. Ол қызғылт кірпіштен салынған. Ол – үш қабатты, әдемі ғимарат. Мектептің маңдайшасына «Кел, балалар, оқылық!», - деген Ыбырай атамның сөзі ілінген. Ол алыстан көрініп тұрады. Мектеп ауласында шырша, қарағай, емен ағаштары өсіп тұр. Айналада неше түрлі гүлдер бар. Мектепте балаларға сабақ оқу үшін барлық жағдай жасалған. Маған мектеп ұнады. Мен қала мектебіне тез үйрендім.

- 1.Мектеп қандай?
- 2.Мектепте қандай жағдай жасалған?
- 3.Саған мектеп ұнай ма?

**Бағалау критерийі**

Мәтіннің мазмұнын түсінеді.

Мәтіннен нақты ақпаратты таба алады

**Дескриптор**

өз ойын білдіреді

мәтіннен нақты мәліметтерді табады

**Балл**

1

1

**Айтылым.**

- 1.Суретке қараңыз, жұбыңызбен мектеп туралы диалог құрастырыңыз.



2. Сөйлесуді жалғастырыңыз.

Сен қай мектепте оқисың?

Сен нешінші сыныпта оқисың?

Мектеп өмірі қандай?

Мектепте қандай үйірмелер бар?

Сен қандай үйірмеге қатысасың?

Сенің досың қандай үйірмеге барады?

Бағалау критерийі	Дескриптор	Балл
тақырып төңірегінде жұбымен диалогке қатысады.	сурет бойынша диалог құрастырады;	1
	сұраққа орынды жауап береді;	1

### Сабақтың тақырыбы: Менің мектебім

Сөйлеу әрекетінің түрлері: Оқылым Тілдік бағдар

Оқу мақсаты:

5.3.5.1 қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала білу;

5.5.1.1 мәтіндерден жалпы және жалқы есімдерді ажырата білу;

Сабақтың мақсаты:

- тақырып бойынша қосымша мәліметтер алу;
- сөйлем ішінен жалпы және жалқы есімдерді ажырата білу;

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады;
- жалпы және жалқы есімдерді ажырата алады;

Ойлау дағдыларының Қолдану деңгейі

#### Оқылым

Ыбырай Алтынсарин (шын аты — Ибраһим, 1841—1889) — қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері. Ыбырай Алтынсарин қазақтың ағартушылық тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында терең із қалдырды. Ол 1841 жылы қазіргі Қостанай облысының аумағында дүниеге келген. Ыбырай Алтынсарин 1861 жылы Тоғай мектебіне мұғалім қызметіне атанған тұңғыш қазақ еді. Ыбырай Алтынсарин өзінің алғашқы «Кел, балалар, оқылық!» атты өлеңін жазды. Бұл өлең досы Н. И. Ильминскийге арналған мұрағат хатында жазылған және осы күнге дейін сақталған.

1. Мәтінге байланысты деректерді белгілеңіз.



2. Сұрақтарды жауабымен сәйкестендіріңіз.

Ыбырай Алтынсарин 1861 жылы ниеге келді.  
Мектептің салтанатты ашылуы 1841 жылы тті.  
Торғай мектебінд 1864 жылы мұғалім болды.

Бағалау критерийі	Дескриптор	Балл
тақырып бойынша қосымша мәліметтер	мәтін мазмұны бойынша деректерді	1

мен дәлелдер келтіре алады;

белгілейді  
сұрақтарға сәйкес жауаптарды  
анықтайды.

1

1. Мәтінді түсініп оқы, мәтіннен жалқы есімдерді бір бөлек, жалпы есімдерді бір бөлек топтап жазыңыз.

Су – тіршіліктің көзі. Ауасыз тіршілік жоқ. Сондай-ақ сусыз да өмір сүру мүмкін емес. Алматы қаласы сумен толық қамтамасыз етілген. Қала негізінен кіші және Үлкен Алматы өзендерінің суын пайдаланады. Өзендер Алатау шыңдарындағы мұздықтардан бастау алады. Бұл – тұщы сулардың сарқылмас бұлағы.

Жалпы есім

Жалқы есім

2. Берілген кестені толтырыңыз.

Кісі аттары	Мемлекет, республика, облыс, аудан, қала, ауыл атаулары	Мекеме, зауыт, фабрика, ұжым атаулары	Газет-журнал, кітап, ән, күй, шығарма атаулары	Жер, су атаулары
-------------	---	---------------------------------------	--	------------------

3. Жалқы есімдерді ажыратыңыз.

Көл, Астана, барыс, алмұрт, Есіл, өлең, Марат, кітап, көл, Алатау.

Бағалау критерийі	Дескриптор	Балл
жалпы және жалқы есімдерді ажырата алады;	мәтіннен жалпы және жалқы есімдерді теріп жазады	1
	кестені дұрыс толтырады	1
	жалқы есімдерді ажыратып жазады	1

### 3- тарау

## Қазақстандағы жан- жануарлар мен өсімдіктер әлемі.

**Сабақтың тақырыбы: Қызыл кітап**

Сөйлеу әрекетінің түрлері: Жазылым

Оқу мақсаты:

5.4.5.1. Жазба жұмыстарында сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану.

5.4.3.1 жазба жұмыстарында сипаттау, бейнелеу құралдарын қолданып жазу;

Сабақтың мақсаты:

- Сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану;
  - Жазба жұмыстарында сипаттау, бейнелеу құралдарын қолданып жазу;
- Бағалау критерийі *Білім алушы*
- Сөйлем соңында тыныс белгілерді орынды қолданады;
  - Жазба жұмыстарында сипаттау, бейнелеу құралдарын қолданады;

Ойлау дағдыларының Қолдану деңгейі

## ЖАЗЫЛЫМ

1.Сөйлем соңында келетін тыныс белгілерін қойыңыз.

Ең алғашқы Қызыл кітап 1963 жылы жарық көрді Қазақстанда Қызыл кітап 1978 жылы ашылған кітаптың беттері әр түрлі түстерден тұрады қара тізім жер бетінен жойылып кеткен өсімдіктер мен жануарлар түрлерінің қара тізімі Қызыл кітаптың қызыл беттерінде өте сирек кездесетін жануарлар тізімі ақ түсті парақтарға тікелей жойылып кету қаупі төніп тұрса да саны азайып немесе белгілі бір шектеулі аймақта сақталып қалған сирек кездесетін түрлері жазылады сары түсті парақтарға әлі де тіршілік ету мөлшері жеткілікті болғанмен, саны күрт азайып бара жатқан жануарлар жазылған

2.Сұрақтарға жауап жазыңыз.

Сұрақтар:

*Не? Кім?*




*Қандай?*

*Қайда?*

*Неліктен?*

*Қалай?*

3. «Қызыл кітап» парақтарының түсі неліктен сан алуан. Парақшаларға жауап жазыңыз.



**Бағалау критерийі**  
Сөйлем соңында тыныс белгілерді орынды қолданады;

**Дескриптор**  
Сөйлем соңында келетін тыныс белгілерін дұрыс қолданады

**Балл**  
1

